# ЖЫЛДЫҚ есеп 2019

ЕмбіМұнайГаз
Акционерлік қоғамы

Қазақстан мұнайына 120 жыл



# Мазмұны


Директорлар кеңесі төрағасының жолдауы 6

Басқарма төрағасының жолдауы 8

Қазақстан мұнайына – 120 жыл 12



19

01. Компания профилі



27

02. Даму стратегиясы



37

03. Менеджмент есебі



55

04. Корпоративтік басқару



85

05. Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп



107

06. Қосымша. Қаржылық есептілік


**Есепте келесі таңбалар қолданылады:**

- 📖 Ақпарат тақырыбындағы толық Есеп парағы
- 🖥 Қосымша бейне және интерактивті материалдар

ЕмбіМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

# Негізгі көрсеткіштер

**2900**
мың тонна
мұнай өндіру 2019

**450945**
млн теңге
түсім 2019

**101401**
млн теңге
пайда 2019

## Мұнай өндіру, мың тонна

| | |
|---|---|
| 2015 | 2 823,04 |
| 2016 | 2 832,01 |
| 2017 | 2 840,02 |
| 2018 | 2 895,332 |
| 2019 | 2 899,693 |

## Түсім, млн теңге

| | |
|---|---|
| 2015 | 198 113 |
| 2016 | 243 517 |
| 2017 | 309 747 |
| 2018 | 432 250 |
| 2019 | 450 945 |

## Бір жылғы пайда, млн теңге

| | |
|---|---|
| 2015 | 45 462 |
| 2016 | 61 360 |
| 2017 | 56 123 |
| 2018 | 83 389 |
| 2019 | 101 401 |



## Кезеңдегі таза ақша ағымы (қаржы қызметіне дейін), млн теңге

| | |
|---|---|
| 2015 | 34 138 |
| 2016 | 32 721 |
| 2017 | 39 560 |
| 2018 | 61 735 |
| 2019 | 89 702 |

## Капиталды салымдар, млн теңге

| | |
|---|---|
| 2015 | 28 174 |
| 2016 | 48 669 |
| 2017 | 38 047 |
| 2018 | 44 201 |
| 2019 | 40 162 |

## **Лифтинг** (мұнай+газ)

| | |
|---|---|
| 2015 | 18 424 |
| 2016 | 19 905 |
| 2017 | 21 615 |
| 2018 | 23 842 |
| 2019 | 25 608 |

■ Үлестік лифтинг (өндіріс.) шығындар, теңге/тонна

**89702**
млн теңге
Кезеңдегі таза ақша ағымы (қаржы қызметіне дейін)

**40162**
млн теңге
капиталды салымдар 2019

**25608**
теңге/тонна
лифтинг 2019

# **Негізгі** оқиғалар




«Ембімұнайгаз» АҚ алғаш рет ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен және БҰҰ Орталық Азиядағы қоршаған орта жөніндегі бағдарламасымен серіктесе отырып, Ресей Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) мен «КРЕОН» тобы ұйымдастырған экологиялық жауапкершілік саласындағы Қазақстанның мұнай-газ компанияларының Ашықтық рейтингісінде үшінші орынға ие болды.

Алғаш рет «Ембімұнайгаз» АҚ-да KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының «Әйелдердің мұнай-газ саласындағы рөлі» көшпелі өңірлік отырысы өтті.

96 бет

18-ші жыл сайынғы «Атырау Мұнай және Газ – 2019» Солтүстік-Каспий өңірлік көрмесінің барысында «Ембімұнайгаз» АҚ коммерциялық ұсыныстар базасының ақпараттық жүйесі – http://tru.emba.kz жаңа веб-порталын ұсынды.



Ембі өндірістік құрылымдық бөлімшесі – «Ембімұнайэнерго» басқармасы құрылғанына 20-жылдық мерейтойды атап өтті.



«Ембімұнайгаз» АҚ халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау бойынша ерікті және өтеусіз негіздегі әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырғаны үшін «Туған өлке» номинациясында «Жомарт жүрек» сыйлығымен марапатталды.

Прорва кен орындары тобының ілеспе газын кешенді дайындау қондырғысында күкірттің алғашқы партиясы өткізілді.

Қазақстан мұнайының 120-жылдығының қарсаңында Қарашұңғыл елді мекенінде, 1899 жылы қазақ жерінде алғашқы мұнай фонтанын берген №7 тарихи ұңғыма орнында «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы және ұжымы алғашқы Ембі кәсіпшілер еңбеккерлерін еске алды. Салтанатқа Жылыой ауданының басшылығы, серіктес-компаниялардың өкілдері және мұнай-газ саласының ардагерлері қатысты.



5 қыркүйекте, Қазақстан мұнайының 120-жылдығына орай салтанатты жиналысқа Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Елбасының қолынан «Ембімұнайгаз» АҚ-ның үш қызметкері мемлекеттік сыйлық алды.




«Ембімұнайгаз» АҚ-ның компания тарихында алғаш рет Қазақстан мұнайының 120-жылдығына және ҚР Жастар жылына орай жас мамандар форумы өтті. Форумды персоналды басқару және еңбекақы төлеу басқармасы департаменті және Жас мамандар кеңесі ұйымдастырды.

Ембі мұнайшылары «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобының шегінде «Мамандығы бойынша үздік» кәсіби шеберлік конкурсының финалында бес жүлделі орынға ие болды.



Қазақстан Республикасының Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның С. Нұржанов кен орнында 9 млн тонна көлемінде қорлар өсімін бекітті. Нәтижесінде осы кен орны бойынша шығарылатын қорлар 40,5 млн тоннадан 50,1 млн тоннаға дейін өсті.

Атырау облысында «Нұр Отан» партиясының ең үздік бастапқы ұйымы болып «Ембімұнайгаз» АҚ-ның партия ұйымы танылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның жас маманы, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қыртысты қысымды қолдау жөніндегі операторы Берекет ЕЛЕУЛИЕВ Атырау облысы бойынша жыл сайынғы «Жыл көшбасшысы – 2019» жастар сыйлығының аясында «Лучший нефтяник года» номинациясында жеңіске жетті.

2019 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның көмірсутектер ресурстық базасының өсімі қолданыстағы кен орындарын толық барлаудың есебінен айтарлықтай арттыру арқылы қамтамасыз етілді. ҚР Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы С. Нұржанов, Кенбай (Шығыс Молдабек учаскесі), Досмухамбетовское, Ботахан қолданыстағы кен орындары және Батыс Қарасор қайта ашылған кен орны бойынша 14,8 млн тонна көлемінде мұнай қорларын бекітті және балансқа қабылдады.



ЕМГ Тайсойған учаскесінде 5 600 кв. км көлеміндегі 3Д ЖТНӘ ауқымды далалық сейсмикалық барлау жұмыстарын аяқтады. 3Д ЖТНӘ алынған деректерін өңдеу және интерпретациялау қорытындылары бойынша іздестіру-барлау үшін барлауды тағайындау үшін перспективалы құрылымдар дайындалады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы сайланды.



Кемел кен орындарын тиімді игеруді қамтамасыз ету мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ 5 көлденең ұңғыманы бұрғылады, оның ішінде 4 – қолданысқа берілді және мұнайдың жоғары дебиттерін қамтамасыз етуде.

# Директорлар кеңесі төрағасының жолдауы



Жақып МАРАБАЕВ

**Құрметті әріптестер мен серіктестер!**

Сіздердің алдарыңызда «Ембімұнайгаз» Акционерлік қоғамының 2019 жыл ішіндегі қызметінің қорытындылары бойынша жасалған есеп ұсынылып отыр. Былтырғы жыл Қазақстандық мұнай-газ саласының 120-жылдық мерейтойымен есте қалды. Оның тарихы сонау 1899 жылғы Қарашұңғыл Ембі құрылымындағы алғашқы мұнай фонтанынан бастау алады.

Бүгінгі мұнайлы Ембі тиімді өндірістік қызмет жүргізуде және таңдап алынған миссиясына сәйкес акционері – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ–на кірісті, өз қызметкерлері үшін тұрақтылықты ойдағыдай қамтамасыз етуде. Саланың мерейтойлық жылының ішінде Ембі мұнайшылары мұнай өндіру бойынша жоспарды асыра орындады. 2019 жылдың қорытындылары бойынша таза пайда 101 млрд теңгеден асты. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 18 млрд теңгеге артық. 2019 жылы Компания мемлекет бюджетіне 193,1 млрд теңге төледі.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Даму стратегиясында және Компанияның Даму концепциясында анықталған міндеттер аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның барлау учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және қолданыстағы кен орындарын толық барлау арқылы мұнай мен газдың ресурстық базасының орнын толтыру бойынша жүйелі жұмыс нәтижелі жүріп жатыр. Осы бағыттағы кешенді жұмыстың нәтижесінде 2019 жылы 14,8 млн тонна көлемінде қордың айтарлықтай өсімі қамтамасыз етілді.

Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауды құндылық деп белгілеген Компания өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатында бастамаларды енгізуде.

## Былтырғы жыл Қазақстандық мұнай-газ саласының 120-жылдық мерейтойымен есте қалды. Оның тарихы сонау 1899 жылғы Қарашұңғыл Ембі құрылымындағы алғашқы мұнай фонтанынан бастау алады.

Бұл қызметкерлердің өлім-жітімі бойынша нөлдік көрсеткіштерді өзгеріссіз қалдыруға мүмкіндік берді. Компания қызметкерлерінің бес жарақаттану жағдайын тергеу қорытындылары бойынша корпоративтік орталық – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның стандарттары шегінде олардың пайда болуына алып келген факторларды жою бойынша ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр.

Прорва кен орындары тобының ілеспе мұнай газын кешенді дайындау қондырғысын қолданысқа енгізгеннен бастап Компания өртелетін ілеспе мұнай газ көлемдерін айтарлықтай азайтты. Тарихи ластануларды жою бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Мазутталған жерлерді Рекультивациялау жоспарын іске асыру аясында, 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі аралықта ластанған аумақ ауданы – 136,43 гектардан 78 га дейін, тарихи қалдықтар көлемі – 595 339 тоннадан 371 120 тоннаға дейін азайды. 2020 жылы мазутталған қалдықтар көлемі 143 310 тоннаны құрайтын 23,9 га жерді тазарту жоспарланып отыр. Су ресурстарын оңтайлы пайдалану, қалдықтарды басқару және өндірістік нысандарды көгалдандыру бойынша бастамалар енгізілуде. 2019 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ Ресей Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) және «КРЕОН» тобы ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен және БҰҰ Орталық Азиядағы қоршаған орта жөніндегі бағдарламасымен бірлесе отырып, ұйымдастырған экологиялық қауіпсіздік саласындағы Қазақстан мұнай-газ компанияларының Ашықтық рейтингісінде үшінші орынға ие болды.

Мәлімделген нәтижелер мен қойылған мақсаттарға жету туралы құндылықты басшылыққа ала отырып, «Ембімұнайгаз» АҚ Компанияның рентабельді кен орындарына «Зияткерлік кен орны» концепциясын сәтті тираждауда. Бұл жұмысты 2023 жылы аяқтау көзделуде. Сонымен бірге «Зияткерлік кен орны» жобасын кеңейту және басқа да жобаларды іске асыру мақсатында жаңа IT-шешімдерді, соның ішінде халықаралық мұнай-газ компаниялары енгізген IT-шешімдерді зерделеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Компания мұнай шығару коэффициенттерін арттыру бойынша жаңа технологияларды, газ бизнесін дамыту, өндірістік инфрақұрылымды, мұнай кәсіпшілігі жабдықтары мен арнайы техникасын жаңарту бойынша жобаларды сәтті енгізуде, жолдарды және Ембінің әрі қарай дамуы үшін қажеттінің бәрін жөндеуге және салуға қаражатты инвестициялауда.

2020 жылы мұнайлы Ембінің мерейтойлы жылы жинаған өсу қарқынын сақтайтынына және Қазақстан мұнай-газ саласы мен мемлекет экономикасын әрі қарай дамыту мақсатында бас компания белгілеген міндеттерді сәтті іске асыруды жалғастыратынына нық сенемін!

Құрметпен,
**Жақып МАРАБАЕВ**
«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы,
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары

01 Компания профилі
02 Даму стратегиясы
03 Менеджмент есебі
04 Корпоративтік басқару
05 Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп
06 Қосымша. Қаржылық есептілік

# **Басқарма** төрағасының жолдауы



Есен ҚАЙРЖАН

Сіздердің назарларыңызға «Ембімұнайгаз» Акционерлік қоғамының 2019 жыл ішіндегі қызметі жөніндегі есепті ұсынамыз. Қазақстандық мұнай-газ саласының 120-жылдық мерейтойы атап өткізілген былтырғы жыл оқиғаларға толы болды және кәсіпорын біраз өндірістік жетістіктерге қол жеткізді.

Қазақстандық мұнай саласының мерейтойлық жылының соңына қарай ембішілер 2 млн 899 мың 693 тонна мұнай (жоспардан 4 мың 693 тоннаға артық) және 260 млн 173 мың 367 текше м газ (жоспардан 246 мың 258 текше м артық) өндірді. Компанияның мемлекет және Атырау облысы бюджетіне төлеген салықтарының көлемі 2012 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі аралықта 1 072 млрд теңгеден асып түсті.

Жетілген кен орындарын игерудің оңтайлы және тиянақты тәсілдерін қолданудың және белсенді геологиялық-барлау жұмыстарының нәтижесінде, соңғы жылдардың ішінде Компания мұнай өндірудің тұрақты көлемін сақтап келе жатыр және қорлар орындарының еселеп толықтырылуын қамтамасыз етіп келеді. Былтырғы жылдың қорытындылары бойынша мұнай қорларының айтарлықтай өсуінің арқасында «Ембімұнайгаз» АҚ қалдықтық шығарылатын қорлары 01.01.2019 жылғы 74,3 млн тоннамен салыстырғанда 01.01.2020 ж. жағдай бойынша 86,2 млн тоннаны құрады. 2019 жылы ҚР Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жұмыс істеп тұрған С. Нұржанов, Кенбай (Шығыс Молдабек учаскесі), Досмухамбетовское, Ботахан кен орындары және қайта ашылған Батыс Қарасор кен орны бойынша 14,8 млн тонна көлеміндегі мұнай қорларын қайта бекітіп, балансқа қабылданды.

Қызылқоға ауданындағы Тайсойған учаскесінде 5 600 кв. км көлемінде ауқымды далалық сейсмикалық барлау жұмыстары аяқталды. Қазіргі уақытта 3Д ЖТНӘ алынған деректерін өңдеу және түсіндіру жүргізілуде. Олар-

Қазақстандық мұнай саласының мерейтойлық жылының соңына қарай ембішілер 2 млн 899 мың 693 тонна мұнай (жоспардан 4 мың 693 тоннаға артық) және 260 млн 173 мың 367 текше м газ (жоспардан 246 мың 258 текше м артық) өндірді.

дың қорытындылары бойынша іздестіру-барлау үшін бұрғылауды қою үшін перспективалы құрылымдар дайындалады.

«Ембімұнайгаз» АҚ мұнайдың қалдық қорларын жасап шығарудың заманауи тәсілдері мен технологияларын енгізу үстінде. Осындай технологиялардың бірі тік ұңғымалармен салыстырғанда тиімділігі жоғары болып шыққан көлденең ұңғымаларды игеру болып табылады. 2019 жылы Ембіде 5 көлденең ұңғыма бұрғыланды. Қазіргі уақытта төртеуі – қолданысқа енгізілген және мұнайдың жоғары дебиттерін қамтамасыз етуде, ал біреуі – сынақтан өткізілуде. Алдағы уақытта Компания 300 м дейінгі тік тереңдікте қабаттасқан тұтқырлығы жоғары қыртыстарда бұрғылау жұмыстарын жүргізуді және жыл сайын пайдалану үшін бұрғылаудағы көлденең ұңғымалардың үлесін арттыруды жоспарлап отыр.

Компанияда өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру жұмысы жалғасуда. Мұнай өндірудің жоспарлы көрсеткіштерін орындау бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың жылдық жоспары нәтижелі іске асырылды. 2019 жылдың қорытындылары бойынша жөндеулер арасындағы кезең жоспарлы 305 тәулікпен салыстырғанда 331 тәулікке дейін көбейді. «Зияткерлік кен орны» жобасын рентабельді кен орындары топтары бойынша тираждау аясында электр энергиясы 30%-ға дейін үнемделді.

2019 жылы арнайы техниканы шынайы уақыт режимінде пайдалану жобасы бойынша енгізілген бұлтты шешімдердің арқасында «Ембімұнайгаз» АҚ автокөлік паркін бірыңғай басқару жүйесіне ауысты. Нәтижесінде жанар-жағармай материалдарын тұтыну көлемі азайды, көлік құралдарының есебін жүргізу автоматтандырылды, шығындардың өзіндік құнын есептеу дәлдігі артты және игеру учаскелеріндегі шығыстар жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған арнайы техниканы күтуді қысқартудың арқасында барынша азайтылды. Бүгінгі таңда шешімдер компанияның алты бөлімшесінде енгізілді, қолданыстағы IT-жүйелермен біріктіру жүргізілді. Жобаның қорытындылары бойынша ұйымдық құрылым қайта қаралды, ішкі процедуралар мен есеп жүйесіне өзгертулер енгізілді, автопаркті пайдалану тиімділігі жоғарылады, бірден бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік берген IT-шешімдердің негізінде бірыңғай интеграцияланған ақпараттық орта құрылды: басқару, бақылау және есеп жүргізу үдерістерінің айқындығын қамтамасыз ету; регламенттік және басқарушылық есептілікті дайындау уақытын азайту, деректердің анықтығын арттыру және адами фактордың әсерін барынша азайту.

2019 жылы дайындау және біліктілікті арттыру бойынша оқудан компанияның 1 663 қызметкері өтті. Кадрлар резервіндегі 4 қызметкер басшы позицияларына тағайындалды. Қазақстандық мұнайдың 120-жылдығына арналған Атырау қаласындағы салтанатты жиналыстың барысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ембінің 2 ардагері мен 2 қызметкеріне мемлекеттік сыйлықтарды тапсырды. Компанияның екі жас маманы президенттік жастар кадрлар резервіне кіргізілді, ал алты ембіші «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобы бойынша «Мамандығы бойынша ең үздік» конкурсының финалдық турының барысында жүлделі орындарға ие болды.

Компания бейіндік емес қызмет түрлеріне жататын қызметкерлердің санын және шығындарын бәсекелі ортаға білікті емес еңбектің жұмыс орындарын табыстау және аутсорсингке жеңіл автокөлік, автобус, борттық автомобильдер және самосвалдар жүргізушілерін шығару арқылы оңтайландыру бойынша жұмысын жалғастырып келеді. Осы қызметтің шегінде қызметкерлердің жалпы саны 72 бірлікке оңтайландырылды.

Әлеуметтік-жауапты жер қойнауын пайдаланушы ретінде «Ембімұнайгаз» отандық өндірушілерге және мүмкіндіктері шектеулі қазақстандықтар қоғамдарына қолдау көрсетеді. Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ серіктестеріне жеке кәсіпкерлерден бастап ірі отандық зауыттарға дейін бес жүзден астам қазақстандық компаниялар айналды. 01.01.2020 жылғы жағдай бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алулардың жергілікті қамту үлесі: тауарлардағы – 48%, жұмыстардағы – 97%, қызметтердегі – 98% құрады. Сатып алуларды жүргізу және шарттарды жасасу бойынша барлық үдерістер ашық түрде, электрондық форматта және «Самұрық-Қазына» АҚ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелерінің шегінде zakup.sk.kz сайтында өтеді. Компанияның сатып алулар жоспарлары және компания жүргізетін сатып алулар туралы барлық ақпарат – zakup.emba.kz корпоративтік сайтында жарияланады. Сатып алуларға қалаған тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері қатыса алады.

Отандық жеткізушілерді қолдау аясында, «Самұрық-Қазына» АҚ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережесінің 17-тармағына сәйкес холдингтің тауар өндірушілері үшін шартты жеңілдіктер қолданылады, отандық тауар өндірушілермен шарттарды жасасу кезінде 30% мөлшерінде аванс төлеу көзделген. Тоқтаусыз және тиімді өндірістік қызметті қамтамасыз ету мақсатында «Ембімұнайгаз» қызметкерлері отандық тауар өндірушілер жүргізетін құрал-жабдықтарды зауыттық және зертханалық сынақтарға қатысады. Осындай ынтымақтастық түрінің арқасында сапалы тауарларды жеткізетін адал тауар өндірушілердің сатып алуларына қатысу қамтамасыз етіледі. Кәсіпкерлермен конструктивті диалогты құру үшін отандық тауар өндірушілермен жүйелі түрде кездесулер жүргізіледі.

Тарихи түрде қала құрушы және әлеуметтік-отандық кәсіпорын бола тұра, халықтың әлеуметтік осал топтарына және ауыр сырқатқа ұшыраған балаларға басымдылық бере отырып, компания өңірге, жергілікті тұрғындарға әртүрлі қолдау түрлерін көрсетеді.

Былтырғы жылы, Қазақстандық мұнайдың 120-жылдығына орай мұнайлы Ембі әйгілі отандық мұнайшы Сафи Өтебаевтың ескерткішін салып, Атырау мұнай және газ университетіне тапсырды, Қарашұңғыл тарихи ұңғыма орнындағы стелла қалпына келтірілді.

Мерейтойлық жылы ұжым Атырау облысының бес ауданында сегіз көп балалы отбасын баспанамен қамтамасыз етті. 2015 жылдан бері ембішілер Атырау облысы мен Шығыс Қазақстан облысындағы барлығы 21 қазақстандық отбасын баспанамен қамтамасыз етті. Былтырғы жылы «Арыс. Біз біргеміз» республикалық науқанына қатысу барысында, қызметкерлер бөлген ерікті жәрдемге жарылыстардың нәтижесінде зардап шеккен Арыс қаласының 16 мектебінің аз қамтылған отбасыдан шыққан 400-ден астам оқушысына мектеп киімі жиынтықтары сатып алынды және табысталды. Оған қоса, Ембі мұнайшыларының жеке қаражаттарына бүкіл

Атырау облысының қалалық және аудандық мектептерінің әлеуметтік тұрғыдан әлсіз санаттарына жататын 70-ке жуық оқушысы мектеп киімімен және аяқ-киіммен қамтамасыз етілді. Қайырымдылық жәрмеңкелерді өткізу компания үшін дәстүрге айналды. 2019 жылы Ембі ұжымы Атырау облысының халқының әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарынан шыққан 200 астам балаларын жаңа жылдық сыйлықтармен қуантты. Кейіннен бұл бастамаға өндірістік құрылымдық бөлімшелер мұнайшылары қосылды.

2020 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ: өндірістік жоспарды қамтамасыз ету, мұнайдың ресурстық базасын толықтыру; өндірістік шығындарды оңтайландыру; «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ және «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бойынша шикі газды қайта өңдеу бойынша қолда бар инфрақұрылымды шектеумен байланысты мәселелерді шешу; рентабельді емес кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару; ұңғымалардың рентабельділігі төмен қорымен жұмыс істеу бойынша қызметін жалғастырады.

Білікті және ынтымақты қызметкерлерінің арқасында Компанияның ағымдағы жылы ұлттық компания белгілеген жоспарлы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ететініне және біздің тарихи кәсіпорнымызды әрі қарай дамыту мақсатында жоспарланған жобаларды іске асыратынына сенімдімін!

«Ембімұнайгаз» АҚ
Басқарма төрағасы
**Есен ҚАЙРЖАН**

**Компанияның мемлекет және Атырау облысы бюджетіне төлеген салықтарының көлемі 2012 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі аралықта 1 072 млрд теңгеден асып түсті.**

# Жерасты
# байлықтары және ұлы жеңістер өлкесі



# Қазақстан мұнайына – 120 жыл: Барлығы Ембіде басталған

2019 жылы отандық мұнай-газ саласы 120-жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл бүкіл Қазақстан үшін және, әрине, «Ембімұнайгаз» АҚ үшін де айтулы күн. Осы алғашқы Ембі кен орындарында бүгінгі күні еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының қозғаушы күші болып табылатын қазақстандық мұнай саласының жарқын болашағы бастау алды.

Қазақстандық мұнайдың тарихы 1899 жылдың Атырау жерінде, Қарашұңғыл құрылымының №7 ұңғымасынан (қазір Атырау облысы Жылыой ауданындағы «Ембімұнайгаз» АҚ келісімшарттық аумағында) шыққан алғашқы мұнай фонтанынан басталды.

Бұл оқиға князь Александр Бекович-Черкасскийдің экспедицияларынан, патша Петр І серіктесі – Иван Бухгольцтың (1671-1741) жорықтарынан бастап, осы өлкеде шамамен екі жүз жыл бойы жүргізілген зерттеулердің және басқа да зерттеушілердің еңбектерінің нәтижесі болды.

Тарихи деректерге сүйенсек, мұнайға жүргізілген алғашқы геологиялық-іздестіру және барлау жұмыстары 1892 жылы Ескене кен орнында басталған. 1893 жылы қарқынды барлау бұрғылауы Доссор, Қаратон, Мақат және Қарашұңғыл аудандарында, ауданы 24 000 шаршы шақырымға тең аумақта өрістетілді.

Сол жылдардағы бұрғылау журналдарында 1899 жылы Қарашұңғылда бұрғыланған 17 ұңғыма туралы мәліметтер көрсетілген. Қарашұңғыл көлі «көмірлі, кейде битумды қосылыстары бар гипс пен құмдақты саздақтардың /сұр түсті/ кезектескен кен қабаттарынан құралған кемінде екі қыртыстың оңтүстік-шығыс қанатында пайда болған сөзсіз карсттық /ойлы-қырлы/ құбылыс» болып сипатталады.

Қарашұңғыл мұнайы былай сипатталады: «...өте жеңіл мұнай, /жаңа шығарылған мұнайдың 2-3 күннен кейінгі үлес салмағы 0,849 құрайды/, тұнық және газдарға бай».

Сонымен қатар, Қаратон құрылымында 1900 жылы бұрғыланған 20 ұңғыма және 1908 жылы бұрғыланған бірнеше ұңғыма туралы мәліметтер бар. Қаратон «мұнайлы қалың қабаттың күмбез тәрізді жайғасқан» деп сипатталады.

1908 жылы Ескене кен орнында мұнайшы кәсіпкер Стахеев №5 ұңғымада 228 метр тереңдіктен тәуліктік дебиті 8 тоннаға жуық жеңіл мұнай фонтанын шығарды. Алайда, мұнайлы аймақтар 1911 жылдың сәуірінде Доссорда сапасы өзінің химиялық құрамы бойына Бакуда шығарылған мұнайдан жоғары болған ірі мұнай кен орны ашылғаннан кейін әлемнің назарын өзіне аудартты.

Аз уақыттың ішінде өңірде мұнай өндіруге «Батыс-Орал мұнай қоғамы», «Орталық-Орал-Каспий қоғамы», «Солтүстік-Каспий мұнай кампаниясы» және британдықтармен қатар акцияларының бір бөлігін Германия, Франция және Швейцария инвесторлары иеленген басқалар да кірісті.

Доссор кен орны ашылғаннан кейін, бірнеше жыл өткен соң, 1915 жылы алғашқы мұнай «Нобель» компаниясы тапқан Мақат кен орнынан алынды. Соңғы оқиға 1914-1915 жылдардың аралығында осы кен орындарында мұнай өндірудің алғаш рет 200 000 тонна көрсеткішінен асып кетуіне алып келді.



Революция және одан кейін орын алған азаматтық соғыс Ембі мұнай кәсіпшіліктерінің дамуын тежеді. Көмірсутек шикізатының жаңа мемлекет экономикасы үшін маңыздылығын түсінген армия Орал және Ембі сағасын басып алу мақсатында қызу шайқас жүргізді. Қираған, жартылай өртелген мұнай кәсіпшіліктерін және мұнай өндірісін жаппай күйзеліс, біліктілігі жоғары мамандардың тапшылығы, азық-түлік пен тұщы судың тапшылығы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың жасалмауы және осы факторларға байланысты эпидемиялардың себебінен персоналдың тұрақтамауы жағдайларында қалпына келтіруге тура келді.

Ембінің алғашқы басшысы, Орал-Ембі ауданы мұнай кәсіпшіліктері Басқармасының төрағасы Рувим Фридман сол жылдары бірқатар күрделі мәселелерді шешуге – кәсіпшіліктерді қалпына келтіруге, өндірістік объектілерде инфрақұрылым құруға, мұнайшылардың және олардың отбасыларының азық-түлікпен қамсыздандырылуын қамтамасыз етуге, кәсіпшілік тұрғындарының денсаулығы және балалардың білім алуы үшін жауапкершілік көтеруге, жұмыстан қалу жағдайларымен күресуге және кәсіпшіліктерде тәртіпті қамтамасыз етуге мәжбүр болды.

Сол бір қиын-қыстау жылдары, мұнай кәсіпшіліктерімен қатар мұнай саласындағы қазақстандық ұлттық кадрларының дамуы жалғасып жатты. Егер алғашқы кәсіпшіліктерде қазақтар қара жұмысшылар, күзетшілер және жүктерді жеткізушілер болса, өткен жүзжылдықтың 20-30-шы жылдары еңбек персоналын жергіліктендіру бағдарламасын іске асыру басталды.

1928-1933 жылдарға арналған Орал-Ембі ауданында білікті жұмыс күшін дайындаудың перспективалы бесжылдық жоспарына сәйкес 1928-1929 жылдары 371 жұмыскердің 30%-ын, 2 277 жұмысшының – шамамен 46%-ын қазақтар құрады.

40-шы жылдарға қарай кәсіпшіліктердегі қызметкерлердің арақатынасы байырғы ұлт өкілдерінің пайдасына өзгерді. Сонымен қатар олардың кәсіби біліктілігі де арта түседі. Қазақстанмұнайкомбинаты бойынша стахановшылар санының жиынтық кестесі бойынша Доссор басқармасының 182 стахановшыларының – 152-і (83,5%) қазақ ұлтты жұмыскерлер, Мақат бойынша – 242 қазақ-стахановшы (барлық стахановшылардың 91%-ы), Ескенде – 108 немесе 97%, Қосшағыл бойынша – 127 немесе 88%, Байшонас бойынша – 213 немесе 97% және т.с.с.

Алғашқы жылдардағы қиындықтарға қарамастан мұнай кәсіпшіліктеріндегі өндіріс тапжылмай өсіп жатты. Өткен жүзжылдықтың 20-шы жылдарының екінші жартысында Ембі мұнайшыларының роторлық айналма бұрғылауды қолдана бастауы бұрғылау жұмыстарының дамуына, ұңғымалар тереңдігінің өсуіне, мұнай кендерін ашу және барлау қарқындарының жоғарылуына жағдай жасады. Ембідегі айналма бұрғылау алғаш рет КСРО-да қолданылды. Ембі мұнайшылары КСРО мен Еуропада бірінші болып Доссорда және Мақатта сол кезеңнің аса терең – 2 500-2 800 м дейін бұрғылауын игерді.

30-шы жылдары іздестіру-барлау жұмыстарын үдету және бірқатар кен орындарын ашу мұнай-газ өндіру өнеркәсібінің берік шикізат базасын құру үшін қажет болды, зертханалар құрылды, мұнай техникумы ашылды. Гурьев-Ембі-Омбы мұнай құбырының құрылысы басталды.

Ұлы Отан соғысы бүкіл ел үшін ауыр сынақ болды. Мыңдаған тонна мұнай өндірген және армияны жанармаймен қамтамасыз еткен Ембі мұнайшыларының қажымас еңбегі фашизмді жеңуге өз елеулі үлесін қосты. Ұлы Отан соғысы жылдары «Ембімұнай» өзінің жұмысын бір сәтке де тоқтатқан емес. Ол жылдары Ембіде соғыс жылдарына дейінгі бес жылдың ішінде өндірілген мұнайдан 39% артық мұнай шығарылды. Соғыс жылдарының қиыншылықтарына қарсы Сағыз, Жолдыбай, Комсомольское, Қошқар кен орындары игеруге енгізілді, Комсомольск-Мақат, Қошқар – Сағыз мұнай құбырлары салынды, Қамыскөлде бу турбиналы электр станциясы салынды.



Соғыс және соғыстан кейінгі жылдары сапалы отынға жоғары қажеттілік жалпы отандық мұнай өндіру және мұнай өңдеу саласының дамуына мықты түрткі болды. Гурьев мұнай өңдеу зауыты салынды. КСРО-да алғаш рет қазақстандық мұнайшылар мұнай өндірудің қайталама әдісін меңгерді. Мұнайлы, Бекбике және Қаратон кен орындары қолданысқа енгізілді. Бұрғылаудың турбиналы тәсілі меңгерілді.

Ал, 1945 жылдан бастап «Қазақстанмұнай» өндірістік бірлестігіне өзгертілген «Ембімұнай» трестіне Қазақ КСР аумағында жұмыс жасаған мұнай саласының барлық кәсіпорындары енгізілді.

50-ші жылдар белсенді жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарымен есте қалды. Солардың нәтижесіне Тереңөзек, Тюлес, Қара арна және т. б. жаңа кен орындары ашылды. Ол жылдары Қазақстанда мұнай өндіру көлемі жылына 1 млн тоннаға дейін жетті.

60-шы жылдары жылдам турбиналық бұрғылау енгізіле бастады, бұрғылау білдектерінің техникалық мүмкіндіктері айтарлықтай артты. Қарсақ, Прорва, Мартыши, Таңатар, Оңтүстік-Батыс Қамысты, Кеңқияқ кен орындары ашылып, игеруге енгізілді.

Мұнайлы Ембінің бүкіл айтулы және даңқты тарихының ішінде геологиялық зерттеулер мен мұнай өндірудің теориясы мен практикасында ауқымды ақпарат көлемі және зор тәжірибе жинақталды. Бұл жерде дарынды қазақстандық мұнайшылар мен жетекшілердің бірнеше буыны өсіп-өнді. Ембі геологтары Батыс Қазақстан аумағында – Теңіз, Өзен, Маңғышлақ, Прорва, Кенбай және т. б. ең ірі көмірсутек шикізаты кен орындарын ашты.

Компанияның барлық жетістіктері – қиындықтарға қарамастан өздерінің мақсатқа талпыныстары мен жанкешті еңбектерінің арқасында болашақ ұрпақтардың жарқын келешегін құрған басшылар мен қатардағы мұнайшылардың еңбегі. Олар – Сафи Өтебаев, Бүлекбай Сағынғалиев, Жолдасқали Досмұхамбетов, Махамбет Батырбаев, Наиф Камалов және тағы басқалар.

Компанияның тұрақтылығының негізі – еңбек әулеттері. Бүгінгі күні «Ембімұнайгазда» жиырмадан астам әулет өкілдері еңбек етуде. Олардың ішінде үш және одан астам буын өкілдері өз өмірлерін қиындыққа толы мұнайшы мамандығымен байланыстырған. Олардың кейбірінде жалпы жұмыс өтілі 200 жылдан асады. Олардың ішінде Жылкышиевтар, Курманкуловтар, Тореханновтар, Салиевтар, Кулбалиевтар, Бекмурзиевтар, Ондашевтар, Бешимовтар, Корпебаевтар, Уалиевтар, Бисенбаевтар, Жакашевтар, Айдарбековтар, Раимбергеновтар және т. б. әулеттерін атап өту керек.

Еңбек әулеттерінің арқасында Компанияда ұрпақтар сабақтастығы сақталып, мамандықты отбасылық мұраға алу жалғасып келеді, құнды тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа беріледі, өскелең ұрпақты еңбекті құрметтеуге, өз мамандығын мақтаныш етуге баулу жүзеге асырылады.

Сондай-ақ мамандығы мұнайшы болмаса да, саланың дамуына өз үлесін қосқан адамдардың еңбегін де ұмытпауға тиіспіз. Олардың ішінде энергетиктер, жабдықтаушылар, инженер-автоматшылар, арнайы техника жүргізушілері, сервистік қызмет қызметкерлері, медицина қызметкерлері және басқа да көптеген мамандар бар.

Қазіргі кезде «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы – кен орындарын геологиялық барлауды, игеруді, мұнай мен газды өндіруді және дайындауды жүзеге асыратын заманауи мұнай компаниясы. Өндірістің қызметте «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін басты басымдықтары персоналдың және өндірістік қызметтің қауіпсіздігі болып табылады. Осы бағытта компания өлім-жітім және апаттар бойынша нөлдік көрсеткіштерге қол жеткізді.

Компанияның келешектегі дамуының стратегиялық бағыттарын анықтау мақсатында 2018 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-да алдағы 10 жылға арналған Даму концепциясы қабылданды. Болашақта Ембі – бұл мемлекет мажоритарлық қатысатын, ең жоғары қауіпсіздік стандарттарына сай келетін, біліктілігі жоғары персоналы және рентабельді ресурстық базасы бар, ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ететін тиімділігі жоғары мұнай-газ компаниясы ■

**Бейнебаян**
Атыраудағы қазақстан мұнайының 120 жылдығы





# Компания профілі

01

# 01

# Компания профилі

**«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан былай – Компания немесе Қоғам) Қазақстан Республикасында 2012 жылдың 27 ақпанында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан былай – ҚМГ БӨ) Директорлар кеңесінің ҚМГ БӨ өндірістік филиалдары негізінде жаңа еншілес кәсіпорындар құру жөніндегі шешім қабылдау нәтижесінде құрылған. Компания өзінің өндірістік қызметін 2012 жылдың 1 қазанынан бастап, ҚМГ БӨ көмірсутекті шикізатты өндіру және барлау жөніндегі шарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқықтарын және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының активтері мен міндеттемелерін алғаннан кейін жүзеге асыра бастады.**

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (ҚМГ ҰК) «Ембімұнайгаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ акциялар пакетінің 100% сенімді басқарушысы болып табылады. ҚМГ ҰК Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекет мүдделерін танытады және толықтай өз кезегінде толықтай Қазақстан Республикасы Үкіметінің (Үкімет) жекеменшігі болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Самұрық-Қазына ҰӘҚ) толық жекеменшігі болып табылады.

«Ембімұнайгаз» АҚ көмірсутек шикізатын сатып алумен, барлаумен, өндірумен, әзірлеумен, экспорттаумен айналысады. Компанияның негізгі операциялық мұнай-газ қызметі Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады.

Компанияның құрамына кірген мұнай кен орындарын игеру тарихы 100 жылдан асады. Компания тарихының ресми басы 1922 жылдан – Доссор және Мақат кен орындарын игеру мақсатында «Ембімұнай» трестін құру мезетінен бастап есептеледі. 2012 жылдың 1 қазанында «Ембімұнайгаз» өндірістік филиал мәртебесінде сегіз жылын өткізгеннен кейін акционерлік қоғам болып қайта құрылды.

Компания өндірген мұнайды экспортқа және ішкі нарыққа жеткізеді. Ішкі нарықта мұнай ҚР мұнай өңдеу зауыттарына жеткізіледі. Экспортқа мұнай екі негізгі бағыттар бойынша жеткізіледі: Каспий құбыр консорциумы (ККҚ) және Өзен – Атырау – Самара (ӨАС). Тауарлық газды сату ҚР газ және газбен қамту саласындағы Ұлттық операторы – «ҚазТрансГаз» АҚ арқылы жүзеге асырылады.

«Ембімұнайгаз» АҚ құрамына Атырау қаласында және Атырау облысының төрт ауданында орналасқан алты өндірістік құрылымдық бөлімше кіреді: «Жайықмұнайгаз» МГӨБ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ, «Ембімұнайэнерго» басқармасы және «Өндірістік-техникалық қамту және құрал-жабдықтармен комплектациялау басқармасы» (ӨТҚК және ҚЖБ).

01.01.2020 ж. жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ балансында А+В+С1 (геол/шығ) санаттары бойынша мұнайдың қалдық қорлары 470,6/85,6 млн тоннаны құрайтын 46 кен орны есептелген. Кен орындарының қорларын шығарып алудың орташа мәні 70% құрайды.

«Ембімұнайгаз» АҚ өзінің қызметін ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

# Бизнес-модель

2019 жылдың соңындағы деректер келтірілген

## Біздің капиталдарымыз

### Қаржы капиталы

51 бет

Активтер **410,2** млрд теңге

Капитал **297,2** млрд теңге

Түсім **450,9** млрд теңге

### Өндірістік капитал

19 бет

**85,6** млн тонн мұнай (АВС1)

немесе

**35** млн тонн мұнай (2P) - қорлардың жалпы көлемі

Жер қойнауын пайдалану туралы **8** келісімшарт

**46** кен орны

**2,8** млн тонна мұнай - орташа жылдық өндіру көлемі

### Тәжірибелі персонал

85 бет

**4928** қызметкер

**20**-дан астам отбасылық әулет

33 жасқа дейінгі **694** жас маман

### Тиімді географиялық орналасу

22 бет

Мұнай мен газдың жаңа кен орындарын ашу әлеуеті жоғары Каспий маңы ойпаты (ҚР бойынша КСШ ресурстарының шамамен 65%)

## Операциялық модель

27 бет

**Миссиясы / Пайымы / Құндылықтары**

27 бет

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

55 бет

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

81 бет

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

### ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

- Геологиялық барлау
- Мұнай өндіру
- Газ өндіру
- Өткізу
- Инвестициялар

## СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Орташа айырбастау бағамы 382,87 (1 АҚШ доллары үшін теңгемен)
**11**% өсу

Қазақстандағы инфляция деңгейі – 5,75%
**0,75** п.п. өсу

Brent (DTD) орташа бағасы – 64,21
**10**%-ға төмендеу

Белсенді геологиялық барлау жұмыстарының жүргізілуі бәсекеге қабілетті ресурстық базаның қалыптасуына жағдай жасайды

Қолданыстағы кен орындарында Компания мұнай өндіруді және өндіруді қарқындатуды мұнай шығару коэффициентін жоғарылатудың жаңа технологияларын енгізу арқылы жүзеге асырады

Компания тауарлы газды алу үшін ілеспе газды қайта өңдеудің қолданыстағы қондырғыларын жаңарту және жаңа қондырғыларын салу бағытында жұмыс істеп жатыр

Өткізу көлемінің 93% экспорттық бағыттардың және 7% ішкі бағыттардың үлесінде

Компания шектеулерді еңсеру және стратегиялық мақсаттарға жету үшін белсенді инвестициялық қызметті жүзеге асырады

## Стейкхолдерлер үшін құндылықты құру

### Акционер

37 бет

Таза пайда
**101,4** млрд теңге

EVA
**172,8** млн долл.

EBITDA
**430,2** млн долл.

ROACE
**33**%

Мұнай өндіру
**2899,7** мың тонна

CAPEX
**40,2** млрд теңге

### Мемлекет

50 бет

Бір жыл ішіндегі КТС басқа салықтар
**160,1** млрд теңге

Бір жыл ішіндегі табыс салығы
**30,3** млрд теңге

### Қызметкерлер

85 бет

Бір жыл ішіндегі қызметкерлерге төленген әлеуметтік төлемдер
**1,04** млрд теңге

Қызметкерлерге төленетін сыйақылар
**51,4** млрд теңге

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және еңбекті қорғауға жұмсалатын шығындар
**1,3** млрд теңге

Персоналдың тұрақтамауы
**2,9**%

**350** қызметкер модульді оқыту бағдарламаларына қатысты

**700** жас маман Жастар Кеңесінің құрамына кірді

### Жергілікті қоғамдастықтар

94 бет
98 бет

Атырау облысында инфрақұрылымды дамытуға бөлінгені
**126,5** млн теңге

ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 50001 халықаралық стандарттары

Энергетикалық тиімділік көрсеткіші
**0,050** ш.о.т/тн.

Сатып алулардағы жергілікті қамту үлесі
**91**%

Бір жылдың ішінде
**41** студент қосарлы оқудан өтті

Ілеспе газды кәдеге жаратудың
**90**%-дық деңгейі

Бір жылдың ішінде тарихи ластанған аумақтардың
**38** га. тазартылды

Ұзақ мерзімді тұрақты даму және барлық мүдделі тараптар үшін құндылықты құру

# **Бизнес** картасы



**Компания көмірсутекті шикізатты барлаумен, әзірлеумен, өндірумен, экспорттаумен айналысады. Компанияның негізгі операциялық мұнай-газ қызметі Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады.**

## БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРОЦЕСТЕРІ

- Стратегияны басқару
- Өндірістік жоспарлау, бюджеттеу және инвестициялық талдау
- Активтер қоржынын басқару
- Тиімділікті және сапаны басқару
- Ішкі аудит
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- Мүдделі тұлғалармен қатынастарды басқару

## ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРОЦЕСТЕРІ

- HR. Персоналды басқару
- HSE. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ
- Қаржыны басқару
- Құқықтық қолдауды қамтамасыз ету
- Сатып алуларды басқару
- Өндірісті автоматтандыру және IT басқару
- Деректерді басқару
- Инновациялық-технологиялық дамуды басқару
- Корпоративті басқару
- Әкімшілік қызмет

# Қызмет географиясы





Западно–Казахстанская обл.
Актюбинская обл.
Атырауская обл.
Миялы
Шубаркин
Уил
Тасчагыл
Харькин
Матенкожа
Индерборский
Карабау
Кзылкога
оз. Индер (сол.)
кладб. Махамбет
оз.Айтуокколь
оз.Бурынкаяк
Кызылкогинский район
Тайсойган
р.Сагиз
Сагиз
(4–я нефтекачка)
р.Сагиз
Кондыбай
Кожа Южн.
Мукур
Жантерек
Таскудук
Дарайлова
Макат
Макат Вост.
Байбактыата
Доссор
НГДУ"Доссормунайгаз"
НГДУ"Кайнармунайгаз"
Танатар
Танатар Южн.
Макатский район
Бекбеке
Жылыойский район
Атырауская обл.
Актюбинская обл.
Карабатан
Искине
Кульсары
НГДУ "Жылыоймунайгаз"
р.Эмба
Аккизтогай
Акмечеть
Адайский
Бишкжал
Мунайлы
АО"Эмбамунайгаз"
море
Р–9
Терень–Узюк
Каратон–Саркамыс
Каратон
Тажигали
Караарна
Королевское
Тенгиз
Морское
Прорва Зап.
Актобе
Нуржанов
Кисимбай
Опорный
Мангыстауская обл.
НГДУ "Жылыоймунайгаз"
ТОО "Эмбагеодезия" 2004 год






# 02 Даму стратегиясы

# Даму стратегиясы

«Ембімұнайгаз» АҚ – қауіпсіздіктің ең жоғары стандарттарына сәйкес, жоғары білікті қызметкерлері бар және ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ететін тиімді ресурстық базаға ие мемлекеттік мажоритарлы қатысуы бар аса тиімді мұнай-газ компаниясы.

## БІЗДІҢ ПАЙЫМЫМЫЗ

Біз мұнай мен газды әлеуметтік және бизнес-мүдделерді теңестіру жолымен қызметкерлер үшін тұрақтылық пен акционерлер үшін тиімділікті қамтамасыз ету үшін өндіреміз.

## БІЗДІҢ МИССИЯ

Адам өмірі – біздің шартсыз құндылығымыз. Өзіміз және әріптестеріміз үшін қауіпсіздік мәдениетін енгізу арқылы қызметкерлеріміздің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету. Жұмысқа келген қызметкерлер үйіне аман-есен оралуы тиіс.

Істі аяғына дейін жеткіземіз. Компания көзделген нәтижелер мен алға қойған мақсаттарға жетуге ұмтылуда. Біз нәтижеге жетуге ынталы қызметкерлерді бағалай білеміз.

Туған жер мен Компанияға ұқыпты қарау. Компания қоршаған орта мен Компания мүлігіне ұқыпты қарайтын қызметкерлерді бағалай біледі.

Кәсіпқойлық. Компания қызметкерлерінің кәсіпқой деңгейін арттыру үшін жағдайлар жасайды. Біз жаңа білім алуға ұмтылатын қызметкерлерді бағалай білеміз және мансаптық жетілудің тең жағдайларын жасаймыз.

Этика және жеке тұлғаны құрметтеу. Компания өзара құрмет пен сенімге негізделген қатынастар мәдениетін қалыптастыруға ұмтылады.

## БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

# Даму стратегиясы [жалғасы]
Стратегиялық басым мақсаттар

## Стратегиялық басым мақсаттар

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесі Компанияның 2027 жылға дейінгі Даму концепциясын бекітті. Концепция Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарына, соның ішінде Қазақстан Республикасының 2050 Даму стратегиясына, «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасына және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ даму стратегиясына сәйкес әзірленді.

Даму концепциясы шешім қабылдау кезінде Компанияның басшылыққа алатын және, оның пікірі бойынша, бизнесті табысты дамуын алдын ала анықтайтын ережелер мен тұжырымдамалар кешенін анықтайды. Бұл құжат алдағы бағдарламалық құжаттарды, болжамдық қаржы-экономикалық модельдерді (бизнес-жоспарларды), тәуекелдерді басқару жүйесін, Компанияның жыл сайынғы бюджетін әзірлеу үшін, сондай-ақ Компанияның жобалар портфелін, соның ішінде инвестициялық жобаларды құру кезінде негіз ретінде қолданылады.

Даму концепциясына сәйкес шешім қабылдау кезінде Компанияның негізгі стратегиялық басымдылықтары мыналар болып табылады:

### Кірістілік.
Компания болмысының ажырамас бөлігі ретіндегі кірістілік.

### Әлеуметтік тұрақтылық.
Персоналды ағымды және жаңа жобаларға тиімді бөлу арқылы Компания қызметкерлерінің жұмыс бастылығын қамтамасыз ету.

### Энерготиімділік.
Ағымды және жаңа жобалар бойынша технологияларды таңдау барысында Компания басымдылықты энерготиімді технологияларды пайдалануға береді.

### Өндірісті автоматтандыру.
Еңбек өнімділігін және өндірістегі қауіпсіздік деңгейін арттыру.

### Экология.
Жер қойнауын тиімді пайдалану және қоршаған ортаға кері әсерді азайту. Өндірістің өсуі жағдайында Компания экологияға кері әсерді азайтатын жаңа технологияларды енгізеді.

**Даму концепциясын іске асыру «Ембімұнайгаз» АҚ-на өңірдің экономикалық дамуына елеулі үлес қосуға және Компанияның көптеген мың ұжымына болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік береді.**

# Даму стратегиясы [жалғасы]
Компания артықшылықтары

## Компания артықшылықтары

**Пайдаланудың соңғы кезеңіндегі кен орындарындағы жұмыс тәжірибесі**. Ұзақ уақыт бойы Компания кен орындарының сарқылуына қарамастан өндіру деңгейін тұрақты түрде 2,8 млн тонна көрсеткішінде сақтап отыр.

**Ұйымшыл ұжым**. Компания басшылары мен қызметкерлерінің арасындағы сенімділік және өзара түсіністік.

**Тұрақты қаржылық жағдай** және өтімділіктің жоғары деңгейі.

**Тиімді географиялық орналасуы**. Компания өз қызметін жаңа мұнай және газ кен орындарын ашу әлеуеті жоғары және мұнай тасымалдау бойынша инфрақұрылымы дамыған (ҚР бойынша КСШ ресурстарының шамамен 65%) Каспий маңы ойпатында жүргізеді.

## Қызметтің стратегиялық бағыттары

Компания қызметінің стратегиялық басым бағыты болып төменде көрсетілген жолмен тұрғындардың жұмыспен қамтылуын және акционерлік құнды құруды қамтамасыз ету үшін «Ембімұнайгаз» АҚ тұрақты және ұзақ мерзімді (25 жылдан астам кезеңге) дамуын қолдайтын бәсекеге қабілетті ресурстық базаны қалыптастыру табылады:

- әрекет етуші және жаңа шарттар бойынша геологиялық барлау жұмыстарын орындау,
- қолданыстағы кен орындарында қосымша барлауды жүзеге асыру,
- жаңа активтерді иелену.

Компания өзінің қолданыстағы кен орындарында мұнайды өндіруді және өндіруді қарқындатуды мұнайды шығарып алу коэффициентін (МШК) арттырудың жаңа технологияларын енгізу арқылы жүзеге асырады.

Өндірістік процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Компания ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңдерін (ЖАК) арттыруға, арнайы техника паркін пайдалану коэффициентін арттыруға және персонал үшін жайлы тұрмыстық қамтамасыз етуге бағытталған мұнай сервисі процестерін дамытады.

Мұнай өндіру барысында қалыптасатын ілеспе газды кәдеге жарату қоршаған ортаға ұқыпты қараудың міндетті шарты болып табылады. Компания газ бизнесін дамытуды тауарлық газды және басқа да өнімдерді алу мақсатымен ілеспе газды өңдеудің қолданыстағы қондырғыларын жетілдіруді және жаңаларын салуды көздейтін әлеуеті мол бағыт ретінде қарастырады. Сонымен қатар, Компания өзінің электр қуатын өндіру үшін газ поршеньді электр станцияларын (ГПЭС) салу бойынша шараларды жүзеге асырады. Өндірілген өнімдерін Компания өзінің қажеттіліктеріне де, жергілікті нарықта сату үшін де пайдаланатын болады.

Кен орындарындағы өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды қолдап отыру үшін Компания автожолдар құрылысы мен жөндеуін жүзеге асырып, персоналдың тұрақтау және тамақтану, шаруашылық инфрақұрылым нысандарын тиімді пайдалану мәселелерін шешеді.

Қызметінің барлық бағыттарының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін Компания еңбекті қорғауды, қауіпсіздік техникасын, HR және өндірісті автоматтандыруды дамытуға көп көңіл бөледі.

# **Стратегиялық** жобалардың мақсаттар ағашы



«Жайық» учаскесін барлау | «Ембі 5» учаскесіндегі геологиялық ізденістер | «Қаратон-Сарықамыс» учаскесін барлау | «Тайсоған» учаскесін барлау

С2-ні С1-ге ауыстыру | Толық барлау (ашылмаған деңгейжиектер)

Полимерлік сутоғыту технологиясын тираждау | Тұтқырлығы жоғары мұнайы бар кен орындарын игеру бойынша технологияларды тарту

Мұнайкәсіпшілік жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа амалдары (құрал-жабдықтарды, құрал-саймандарды жалға алу, жөндеу жүргізу және т. б.)

«Зияткерлік кен орны» жобасын тираждау

Паркті арнайы техникамен жаңарту және автокөлік құралдарын аутсорсингке ауыстыру бағдарламасын іске асыру | Көлікпен қамтамасыз етуді автоматтандыру жобасын іске асыру

Прорва кен орындары тобының мұнай өндіру объектілерін сумен қамтуды ұйымдастыру

ҚҚС жүйесін жетілдіру бойынша бағдарламаны іске асыру

«Толқын» ГСП бастап «Интергаз Орталық Азия» жүйесіне дейін Прорва ГКДҚ газ құбырын салу | «С. Балғымбаев - Туманное а. ГДҚ» газ құбырын салу

Өз электр энергиясын шығару үшін ГПЭС орнату

Газ зауыттары мен қондырғыларын жаңарту және қалпына келтіру, ІМГ-дан жаңа өнімдерді шығару

# Даму стратегиясы [жалғасы]
2018-2019 жж. аралық нәтижелер | **Ресурстық базаны арттыру**

## 2018-2019 жж. аралық нәтижелер

### Ресурстық базаны арттыру

**ГБЖ:**

1. **Ембі-5-те геологиялық іздеңіс** – жұмыстар аяқталған, келісімшарттық аумақ Мемлекетке табысталған
2. **3577 келісімшарт (Қаратон тұзүсті кешені бойынша)** – іске асырылуда (қазіргі сәтте сейсмикалық деректерді серпінді түсіндіру жүргізілуде)
3. **327 келісімшарт «Тайсойған блогында КСШ барлау және өндіру»** – іске асырылуда (құрылымдық және серпінді түсіндіру жүргізілуде)

**Толық барлау:**

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Даму стратегиясында және Компанияның Даму концепциясында анықталған міндеттердің шегінде «Ембімұнайгаз» АҚ барлау учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және қолданыстағы кен орындарын толық барлау арқылы мұнай мен газдың ресурстық базасын толықтыру бойынша жүйелі жұмысты сәтті жүргізіп келеді. Осы бағыттағы кешенді жұмыстың нәтижесінде 2019 жылы 14,8 млн тонна көлемінде айтарлықтай өсім қамтамасыз етілді. Былтырғы жылдың нәтижелері бойынша 01.01.2020 ж. жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ қалдықтық шығарылатын қорлары 01.01.2019 жылғы 74,3 млн тоннамен салыстырғанда 86,2 млн тоннаны құрады. 2019 жылы ҚР Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы С. Нұржанов, Кенбай (Шығыс Молдабек учаскесі), Досмухамбетовское, Ботахан қолданыстағы кен орындары және қайта ашылған Батыс Қарасор кен орны бойынша мұнай қорларын қайта бекітіп, балансқа қабылдады.

Қызылқоға ауданындағы Тайсойған учаскесінде көлемі 5 600 кв. км құрайтын ауқымды далалық сейсмикалық барлау жұмыстарын аяқтады. Қазіргі уақытта 3Д ЖТНӘ алынған деректерді өңдеу және түсіндіру жүргізілуде. Оның қорытындылары бойынша іздестіру-барлау үшін бұрғылауды қою мақсатында перспективалы құрылымдар дайындалады.

«Ембімұнайгаз» АҚ мұнайдың қалдықтық қорларын шығарудың заманауи тәсілдері мен технологияларын енгізіп жатыр. Осындай технологиялардың бірі тік ұңғымалармен салыстырғанда тиімділігі жоғары көлденең ұңғымаларды игеру болып табылады. 2019 жылы Ембіде 5 көлденең ұңғыма бұрғыланды. Қазіргі сәтте төртеуі – қолданысқа берілген және мұнайдың жоғары дебиттерін қамтамасыз етуде, ал біреуі – сынақтан өткізілуде. Алдағы уақытта Компания 300 м дейінгі тік тереңдікте орналасқан тұтқырлығы жоғары қыртыстарда көлденең ұңғымаларды бұрғылауды және жыл сайын пайдалану үшін бұрғылаудағы көлденең ұңғымалардың үлесін арттыруды жоспарлап отыр.

### Операциялық тиімділік:

Компанияда өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылуда. Мұнай өндірудің жоспарлы көрсеткіштерін орындау бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың жылдық жоспары сәтті іске асырылып келеді. 2019 жылдың қорытындылары бойынша жөндеу аралық кезең ұзартылды.

2019 жылы арнайы техниканы шынайы уақыт режимінде пайдалану жобасы бойынша енгізілген бұлтты шешімдердің арқасында «Ембімұнайгаз» АҚ автокөлік паркін бірыңғай басқару жүйесіне ауысты. Нәтижесінде жанар-жағармай материалдарын тұтыну көлемі азайды, көлік құралдарының есебін жүргізу автоматтанды-

# Даму стратегиясы [жалғасы]

## 2018-2019 жж. аралық нәтижелер | **Операциялық тиімділік**

рылды, шығындардың өзіндік құнын есептеу дәлдігі артты және игеру учаскелеріндегі шығыстар жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған арнайы техниканы күтуді қысқартудың арқасында барынша азайтылды. Бүгінгі таңда шешімдер компанияның алты бөлімшесінде енгізілді, қолданыстағы IT-жүйелермен біріктіру жүргізілді. Жобаның қорытындылары бойынша ұйымдық құрылым қайта қаралды, ішкі процедуралар мен есеп жүйесіне өзгертулер енгізілді, автопаркті пайдалану тиімділігі жоғарылады, бірден бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік берген IT-шешімдердің негізінде бірыңғай интеграцияланған ақпараттық орта құрылды: басқару, бақылау және есеп жүргізу үдерістерінің айқындығын қамтамасыз ету; регламенттік және басқарушылық есептілікті дайындау уақытын азайту, деректердің анықтығын арттыру және адами фактордың әсерін барынша азайту.

### Ілеспе газды кәдеге жарату:

Прорва кен орындары тобының ілеспе мұнай газын кешенді дайындау қондырғысы қолданысқа енгізілген күннен бастап Компания жағылатын ілеспе мұнай газының көлемдерін айтарлықтай азайтты.

## Стратегиялық индикаторлар

| ПӘК | Бірл. | 2018 (НАҚТЫ) | 2019 (ЖОСП) | 2019 (НАҚТЫ) | 2020 (ЖОСП) | 2022 (ЖОСП) | 2027 (ЖОСП) | 2032 (ЖОСП) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қорлар | млн тонна | 74,30 | **77,009** | **86,235** | 85,820 | 202,64 | 184,68 | 146,24 |
| Өндіру көлемдері | млн тонна | 2,9 | **2,9** | **2,9** | 2,8 | 3,99 | 3,15 | 11,3 |
| Мұнайдың лифтинг шығындарының өзіндік құны | теңге/тонна | 23 000,44 | **26 981,68** | **24 458,14** | 30 868,58 | – | – | – |
| Персонал саны | ад. | 4 942 | **5 222** | **4 928** | 5 150 | 5 100 | 5 060 | – |
| ROACE | % | 27% | **25%** | **33%** | 17% | >WACC | >WACC | >WACC |
| EBITDA | млн долл. | 337,7 | **376,8** | **430,8** | 265,6 | 384,1 | 248,3 | 1 840,7 |
| EVA | млн долл. | 139,21 | **103,1** | **172,8** | 42,8 | >0 | >0 | >0 |

# Даму стратегиясы [жалғасы]
Негізгі тәуекелдер

## Негізгі тәуекелдер

Тәуекелдерді басқару үшін Компанияда тәуекелдерді басқару құжаттары мен процедуралары әзірленген және бекітілген. Компания Даму концепциясын іске асырудың келесі негізгі тәуекелдерін және оларды барынша азайту бойынша іс-шараларды анықтады:

| № | Факторлар | Ықтимал әсері | Барынша азайту шаралары |
|---|---|---|---|
| 1 | Өндірудің өзіндік құнының жоғары болуының себебінен игеру кезеңінде тұрған кен орындарында өндіру көлемдерінің төмендеуі | Өндіру көлемдерінің төмендеуі | Геологиялық барлау және M&A мәмілелер есебінен қорларды арттыру |
| 2 | Тұзасты Қаратон жобасы бойынша перспективалы қыртыстардың орналасу тереңдігінің себебінен геологиялық тәуекелдер деңгейінің жоғары болуы | Компания құнының төмендеуі | Стратегиялық серіктесті тарту |
| 3 | Дивидендтердің басым көлемін акционердің алуының салдарынан жобаларды қаржыландыру үшін инвестициялық әлеуеттің төмендеуі | Қорлар мен өндірудің өсімінің болмауы | Акционердің концепцияны (с.і. инвестициялық және дивидендтік саясаттарды), инвестициялық жобалардың бизнес-жоспарларын бекітуі. |
| 4 | Мұнай бағасының арзандауы (базалық сценарийден төмен) | Компания түсімінің төмендеуі | Өзіндік құнды төмендету бойынша бизнес-бастамаларды іздестіру |
| 5 | Қазақстан экономикасының макропараметрлерін келеңсіз өзгерту (теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы, инфляция деңгейі) | Компания құнының төмендеуі, шығын бөлігінің жоғарылауы | Компанияның салық саясатын оңтайландыру бойынша шараларды әзірлеу және қолдану |
| 6 | Заңсыз ереуілдердің пайда болу тәуекелі | Қызметтегі үзілістер | Үдерістерді аутсорсингке аудару бойынша салмақты саясат<br><br>Персоналды қайта дайындау бағдарламаларын дер кезінде жүзеге асыру Компанияның әлеуметтік климатын мониторингтеу және талдау |


ЕмбіМұнайГаз
ЕмбіМұнайГаз



# Менеджмент есебі

03

# Менеджмент есебі

## Экономикалық ортаға шолу

**Компанияның қаржылық ахуалына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлар қатарына жатады: мұнай бағаларының динамикасы, инфляция қарқыны, валюталық бағамдардың, атап айтқанда, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының ауытқулары.**

### Негізгі макроэкономикалық индикаторлардың серпіні

| Атауы | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|---|
| Brent (DTD) орташа бағамы | 43,73 | 54,19 | 71,31 | **64,21** |
| Инфляция деңгейі – Қазақстан (%) | 8,50% | 7,10% | 5,00% | **5,75%** |
| Орташа айырбастау бағамы (1 АҚШ доллары үшін теңге) | 342,16 | 326 | 344,71 | **382,75** |

2019 жылы Brent орташа бағамы 2018 жыл деңгейімен салыстырғанда 10% азайды. Іргелі экономикалық факторлардан (сұраныс пен ұсыныстан) басқа мұнай нарығы геосаяси оқиғаларға сезімтал болып табылады. Қазіргі уақытта мұнай нарығын бірнеше негізгі геосаяси текетірестер мұнай бағасын арттыру немесе азайту жағына қарай әсер ете алады: АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы, Brexit, Иран және Венесуэлаға қарсы санкциялар, АҚШ-ғы 2020 жылғы президенттік сайлау, Таяу Шығыстағы (Сирия, Йемен) тұрақсыздық, Үндістан мен Пәкістан арасындағы қарулы шиеленіс.

Әлем бойынша көмірсутек қорларының 55 трлн баррель мұнай баламасы ашылған. Қолданыстағы технологиялар 4,9 трлн баррель н.б. игеруге мүмкіндік береді. 2050 жылға қарай технологиялар дамыған сайын техникалық шығарылатын қорлар 50% көбеюі мүмкін – бұл бүгінгі күні «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жаңа технологиялар мен инновацияларды дамытуға көп көңіл бөліп жатқанының себебі болып табылады.

ҚР Энергетика министрлігінің алдын ала берген деректері бойынша 2019 жылы Қазақстанда мұнай өндіру көлемдері 90,4 млн тоннаны құрады. Осылайша, өндіру көлемі 90,36 млн тоннаға жеткен 2018 жылдың рекордты көрсеткіштері сақталды. Өндірудің жоғары көлемдерін сақтау ірі жобаларда (Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған) жөндеулердің жүргізіліп жатқанын ескерсек, айтарлықтай жетістік болып табылады.

2025 жылға қарай Қазақстанда жылдың мұнай өндіру көлемдері 105 млн тонна деңгейінде болады деп күтілуде. Бұл бірінші кезекте ең ірі жобаларда өндіруді кеңейту және ұзарту бойына инвестициялық жобалармен қамтамасыз етілетін болады.

Алдын ала берілген деректер бойынша 2019 жылға қарай газ өндіру көлемдері 56,3 млрд текше метрді немесе 2018 жылмен салыстырғанда 1,4% құрады. ҚР Энергетика министрлігі хабарлағандай, мемлекет ішінде газ тұтыну көлемі жыл сайын 4–5% деңгейінде артып келе жатыр. 2019 жылы газ тұтынудың ішкі көлемі 15,8 млрд текше метрді құрады (2018 жылмен салыстырғанда 5% артты).

01 Компания профилі
02 Даму стратегиясы
03 Менеджмент есебі
04 Корпоративтік басқару
05 Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп
06 Қосымша. Қаржылық есептілік

# Менеджмент есебі [жалғасы]

## Операциялық нәтижелер | **Мұнай өндіру**

**Қазақстанда мұнай өндіру,** млн тонн




Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі

**90,4** млн тонна
Қазақстанда мұнай өндіру 2019 ж.

## Операциялық нәтижелер

### Мұнай өндіру

2019 жылы мұнай өндіру көлемдері жоспарлы мәндерден 4,69 мың тоннаға артты және айтарлықтай болған 2018 жыл деңгейінен 4,36 мың тоннаға жоғарылады. Нәтижесінде 2019 жылы 2 899,69 мың тонна өндірілді. Бұл ретте орташа тәуліктік мұнай өндіру тәулігіне 7 932 тоннаны құрады. 2020 жылға арналған жоспар 2 820 мың тонна деңгейінде белгіленді.

**«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша мұнай өндіру, мың тонна**

| МГӨБ | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | | | 2020 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Нақты | Нақты | Нақты | Нақты | Нақты | Жосп | Нақты | Ауыт. | Жосп |
| «Жайықмұнайгаз» МГӨБ | 962,6 | 960,3 | 954,2 | 953,7 | 944,2 | **922,0** | **923,3** | 1,3 | 881,0 |
| «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ | 964,5 | 962,6 | 989,1 | 1 034,9 | 1 109,9 | **1 118,6** | **1 120,4** | 1,8 | 1 100,7 |
| «Доссормұнайгаз» МГӨБ | 404,7 | 411,8 | 404,3 | 371,5 | 366,5 | **365,3** | **365,8** | 0,5 | 358,1 |
| «Кайнармұнайгаз» МГӨБ | 490,9 | 488,4 | 484,4 | 479,9 | 474,8 | **489,1** | **490,2** | 1,1 | 480,2 |
| **«Ембімұнайгаз» АҚ** | **2 822,7** | **2 823,0** | **2 832,0** | **2 840,0** | **2 895,3** | **2 895,0** | **2 899,7** | **4,7** | **2 820,0** |

# Менеджмент есебі [жалғасы]

## Операциялық нәтижелер | Ілеспе мұнай газын өндіру

### Ілеспе мұнай газын өндіру

Ілеспе мұнай газын өндіру «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 25 кен орнында жүзеге асырылады.

**Ілеспе мұнай газын өндіру, мың м³**

| Көрсеткіштер | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | | | 2020 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Нақты | Нақты | Жоспар | Нақты | Ауытқу | Жоспар |
| МГӨБ «Жайықмұнайгаз» | 24,858.2 | 30,035.0 | **37,490.8** | **37,594.7** | 103,9 | 28,984.4 |
| МГӨБ «Жылыоймұнайгаз» | 146,834.4 | 163,878.6 | **194,379.5** | **194,465.0** | 85,5 | 168,053.5 |
| МГӨБ «Доссормұнайгаз» | 19,709.4 | 19,116.9 | **19,164.3** | **19,197.7** | 33,4 | 18,584.5 |
| МГӨБ «Кайнармұнайгаз» | 8,353.7 | 8,197.8 | **8,892.5** | **8,916.0** | 23,5 | 9,042.1 |
| **«Ембімұнайгаз» АҚ** | **199,755.6** | **221,228.4** | **259,927.1** | **260,173.4** | **246,3** | **224,664.5** |

### Геологиялық барлау

#### Сейсмикалық барлау жұмыстары

Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу аясында Ақтөбе облысы Ембі-5 учаскесінде 2Д ЖТНӘ сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілді, алынған деректерді өңдеу және түсіндіру аяқталды. Сонымен бірге «Мультифокусинг технологиясын пайдаланып «Ембімұнайгаз» АҚ жер қойнауын пайдалану аумақтарында ретроспективалық сейсмикалық деректердің негізінде геологиялық модельді құру» ұзақ мерзімді шарты бойынша жұмыстар аяқталды.

3Д ЖТНӘ далалық сейсмикалық барлау жұмыстары Қаратон-Сарықамыс блогында және Тайсойған блогында жүргізілді. Қазіргі уақытта алынған деректерді өңдеу және түсіндіру жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ Жаңаталап кен орнында 3D ЖТНӘ деректерін қайта өңдеу және қайта түсіндіру бойынша жұмыстар аяқталды.

#### Іздестіру-барлау үшін бұрғылау

№327 келісімшарт бойынша 2019 жылы 7 ұңғыманы бұрғылау жұмыстары аяқталды. Олардың ішінде төртеуі бағалау ұңғымалары, екеуі – Солтүстік Уаз кен орнының озыңқы-өндіру ұңғымалары және біреуі – Уаз кен орнының №101 бағалау ұңғымасы. Бұрғылау және сынақ жүргізу нәтижелері бойынша 4 ұңғымада мұнайдың фонтандық ағындарына қол жеткізілді. №3577 келісімшарт бойынша С. Нұржанов кен орнында НСВ-11 ұңғымасы бұрғылануда.

#### Ғылыми-зерттеу жұмыстары

2019 жылы Батыс Қарасор кен орнының мұнай қорлары және ерітілген газы жедел есептелді. Ботахан, Досмухамбетовское, Кенбай және С. Нұржанов кен орындарының мұнай және газ қорларына қайта есептеу жүргізілді.

Батыс Қарасор кен орнын сынамалы пайдалану жобасы және Көзделген қызметтің қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау жобаларымен бірге Қаратон-Сарықамыс блогында Барлау жұмыстары жобасына Толықтыру ҚР Пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі Орталық комиссиямен келісілді.

# Менеджмент есебі [жалғасы]

Операциялық нәтижелер | **Капиталдық салымдар**

## Капиталдық салымдар

Компания инвестициялық әлеуетті іске асыруға бағытталған белсенді инвестициялық саясат жүргізеді. Барлық инвестициялар Стратегиялық басымдылықтарға сәйкес жүргізіледі және Компанияның шектеулерін еңсеруге және оның стратегиялық мақсаттарына жетуге бағытталған.

2019 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ капиталдық салымдары 40,2 млрд теңгені құрады. Былтырғы жылы CAPEX 36%-ы пайдалану бұрғылауына, 28% – құрылыс жұмыстарына, 21% – негізгі құралдарды сатып алуға және 10% – іздестіру-барлау бұрғылауына жұмсалды.

**Капиталдық салымдар, млн теңге**

| Инвестициялар баптары | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|---|---|
| Құрылыс жұмыстары | 10,685 | 30,989 | 12,618 | 13,920 | **12,132** |
| НҚ және МЕА сатып алу | 5,564 | 3,536 | 8,375 | 12,175 | **8,982** |
| Пайдалану бұрғылауы | 9,213 | 8,253 | 8,632 | 9,306 | **14,331** |
| Іздестіру-барлау бұрғылауы | 2,163 | 4,620 | 8,118 | 8,158 | **3,832** |
| Басқа | 549 | 1,271 | 304 | 641 | **885** |
| **CAPEX жиыны** | **28,174** | **48,669** | **38,047** | **44,201** | **40,162** |

## Өткізу

### Мұнайды өткізу

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ бірінші кезекте ҚР ішкі нарығын мұнаймен қанықтыру мақсатында мұнайды АМӨЗ және ПМХЗ бағытында тасымалдауға міндетті. Мұнайды экспортттауға тасымалдауды мұнайды ішкі нарыққа жеткізу бойынша міндеттемелерді орындағаннан кейін жүргізуге болады. ҚР аумағында және оның аумағынан тыс жерде ішкі нарықтың жанар-жағармай материалдарына қажеттіліктерін жабу үшін қажетті көлемдерде қайта өңдеуге және тасымалдауға арналған мұнайдың көлемін ҚР Энергетика министрлігі анықтайды.

2019 жылы Компания ішкі нарыққа 503,3 мың тонна мұнай жеткізді. Бұл 2019 жылдың ішіндегі жалпы өткізу көлемінің 17,51% құрайды. Ішкі нарыққа жеткізу Компания ресурстарынан мұнайды жалғыз сатып алушы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ болып табылатын ҚР МӨЗ дейін тасымалдаумен тікелей сату арқылы жүзеге асырылады.

**Бағыттар бойынша мұнайды өткізу көлемдері, мың тонна**

| Бағыттың атауы | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|---|---|
| КТО | 1,571 | 1,226 | 1,526 | 1,546 | **1,658** |
| ҚҚК | 766 | 860 | 792 | 811 | **714** |
| АМӨЗ/ПМХЗ | 475 | 726 | 479 | 492 | **503** |
| **ЖИЫНЫ**: | **2,813** | **2,811** | **2,797** | **2,849** | **2,875** |

# Менеджмент есебі [жалғасы]

## Операциялық нәтижелер | **Өткізу**

**Бағыттар бойынша мұнай өткізудің құрылымы,** %




Компания экспорттауға өндіретін мұнайды екі негізгі бағыт бойынша жеткізеді: Каспий Құбыржолы Консорциумы (ҚҚК) және Өзен – Атырау – Самара (ӨАС) құбыржолдары арқылы. Аталған құбыржолдар РФ, Краснодар өлкесі, Новороссийск теңіз портына алып барады. Бұл ретте ҚҚК бағыты мұнайды Оңтүстік Озереевка кентіндегі (РФ, Новороссийск қ.) ҚҚК теңіз терминалына дейін тасымалдайды, ал ӨАС құбыржолының бағыты Шесхарис (РФ, Новороссийск қ.) ауыстырып тиеу кешеніне дейін апарады. Мұнайды терминалдарға дейін тасымалдауды аяқтағаннан кейін мұнай әлемдік нарықтарға жөнелту үшін танкерлерге тиеледі. 2019 жылдың ішінде ҚҚК бағытына өткізілген мұнайдың көлемі 713,6 мың тоннаны (жалпы өткізілген мұнайдың 24,83%-ы) құрады. 2019 жылдың ішінде ӨАС бағыты бойынша өткізілген мұнайдың көлемі 1 654,6 мың тоннаны (57,66%) құрады.

Экспорттауға өткізу «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-мен жасалған тапсыру-шартының негізінде жүзеге асырылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнайды «Ембімұнайгаз» АҚ ресурстарынан алып өткізеді, бұл жағдайда Компания «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на мұнайды өткізу үшін сыйақы қызметтерін төлейді, сондай-ақ оған қосымша ҚҚК бағыты бойынша экспедирлеу қызметтерінің ақысын төлейді. Екі экспорттау бағытындағы «Ембімұнайгаз» АҚ ресурстарынан мұнайды жалғыз сатып алушы KazMunayGas Trading AG компаниясы болып табылады.

Компания ресурстарынан мұнайды ішкі нарыққа және экспорттауға тасымалдау «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тапсыру-шартының аясында тек қана құбыржолдар арқылы жүзеге асырылады. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның атынан және тапсырмасы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құбыржол компанияларымен («ҚазТрансОйл» АҚ, «МұнайТас» ЖШС, «ККТ» ҚҚК-Р ЖШС және ҚҚК-К) мұнай тасымалдау шарттарын жасасты.

### Тауарлық газды және түйіршіктелген күкіртті өткізу

«Ембімұнайгаз» АҚ тауарлық газы С. Балғымбаев, Шығыс Мақат кен орындарындағы екі ГДҚ-да, сондай-ақ Прорва ГКДҚ-да дайындалуда. Мемлекеттің газды сатып алуға басым құқығын көздейтін қолданыстағы Қазақстан заңнамасына сәйкес газды өткізу ұлттық операторға («ҚазТрансГаз» АҚ) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бекіткен бағадан аспайтын бағамен жүзеге асырылады (2019 жылы бекітілген баға ҚҚС есептемегенде әр 1 000 м³ – 1 930,40 теңгені құрады).

**Газ өткізу көлемі,** мөлшері, мың м³




2019 жылы Компания Прорва ГКДҚ-нан түйіршіктелген күкірттің алғашқы көлемдерін өткізді. Өткізу ГКДҚ-нан өздігінен шығару арқылы жүзеге асырылды. 2019 жылы өткізу көлемі 224,0 тоннаны құрады.

# Менеджмент есебі [жалғасы]
Өндірісті автоматтандыру

## Өндірісті автоматтандыру

«Ембімұнайгаз» АҚ Компанияның стратегиялық мақсаттарына жету үшін технологиялық инновациялардың кең спектрін енгізуді жүзеге асырады. Қызметкерлердің еңбек өнімділігін және шығындарды азайтудың арқасында бизнестің жоғары тиімділігін және айқындығын қамтамасыз ететін озық шешімдерді әзірлеу және қолдау жүргізілуде.

Негізгі және қосалқы үдерістерге жүргізіліп жатқан автоматтандыру, сондай-ақ күзет және телекоммуникациялар жүйелерін дамыту еңбек өнімділігін және өндірістегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

**Негізгі бастамалар:**

1. «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарына тираждай отырып, «Зияткерлік кен орны» сынамалы жобасын кезең-кезеңімен іске асыру деректерді шынайы уақыт режимінде өңдеуді автоматтандырудың есебінен өндірісті жедел басқару сапасын айтарлықтай арттырады, технологиялық құрал-жабдықтармен апаттық жағдайлардың болу ықтималдығын азайтады, пайдалану персоналының еңбек жағдайларын жеңілдетеді, технологиялық және қалқанды орынжайларға қолжетімділікті қашықтан бақылау арқылы технологиялық жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етеді. **Іске асыру мерзімдері: 2017–2023 жылдар. Енгізуге жұмсалған шығыстар – 3,6 млрд теңгеге жуық.**
2. Технологиялық үдерістерді кешенді автоматтандыру жобасын іске асыру энергия тұтынуды азайтуға, қашықтан бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, еңбек жағдайларын жеңілдетеді, технологиялық жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етеді, қорғау деңгейін арттырады, апатты жағдайлардың пайда болу тәуекелін төмендетеді, деректерді қорғауды және байланыстың жеделдігін қамтамасыз етеді. **Іске асыру мерзімдері: 2017–2023 жылдар. Енгізуге жұмсалған шығыстар – 8 млрд теңгеге жуық.**



# Менеджмент есебі [жалғасы]

## Өндірісті автоматтандыру | **Ғылымды қорғау**

### Ғылымды қорғау

«Ембімұнайгаз» АҚ, мысалға, «ҚБТУ» АҚ (Қазақстан-Британ техникалық университеті) ғылыми қызметіне қатысты отандық ғылымның дамуына айтарлықтай қолдау көрсетеді. 2018 жылдың қараша айында «Ембімұнайгаз» АҚ мен «ҚБТУ» АҚ арасында Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы «ҚБТУ» АҚ ғалымдарының перспективалық зерттеулерімен танысты және мұнай өндірудің тиімділігін арттырумен байланысты проблемалық мәселелерді белгіледі. 2018 жылдың желтоқсан айында Компания басшылығына «ҚБТУ» АҚ мен Полимерлік материалдар және технологиялар институтының «Ембімұнайгаз» АҚ мұнайлы кен орындарының қыртыс-коллекторларының ұңғымааралық кеңістігіне трассерлік зерттеулерді жүргізу үшін полиамфолит типті жоғары тиімді жаңа бояғыштарды әзірлеу және сынау» бірлескен жобасы ұсынылды. Нәтижесінде 2019 жылдың қаңтар айында «Ембімұнайгаз» АҚ мен «ҚБТУ» АҚ арасында «ИДО МГӨБ оқытумен бірге трассерлік зерттеулерді жүргізу үшін тұрақты қосылыстарды әзірлеу» Шарты жасалды.

Жобаның мақсаты – полиамфолит типті жоғары тиімді жаңа бояғыштарды жасап шығару және сынау; солардың негізінде «Ембімұнайгаз» АҚ мұнайлы кен орындарының қыртыс-коллекторларының ұңғымааралық кеңістігіне трассерлік зерттеулерді жүргізу технологияларын әзірлеу; зерттеу нәтижелерін түсіндіру және «Ембімұнайгаз» АҚ-ның техникалық персоналын оқыту үшін бағдарламалық кешенді әзірлеу болып табылады.

Жобаны орындау барысында тұздардың әсеріне, тау жынысының сорбциялауына, мұнай қыртысының қышқылдығы мен температурасының өзгеруіне төзімді бірегей, отандық полиаморфты бояғыш алынды. Полиаморфты бояғышты Полимерлік материалдар және технологиялар институтындағы зертханалық стендтте сынау және «Ембімұнайгаз» АҚ-да Шығыс Молдабек кен орнының екі айдау және 17 өндіру ұңғымаларында тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау (ТӨС) оның тиімділігінің жоғары екенін көрсетті. ТӨС жүргізу кезінде алынған трассерлік зерттеулер нәтижелерін түсіндіру үшін «ҚБТУ» АҚ бағдарламашылары әзірлеген бағдарламалық кешен ойдағыдай қолданылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ 12 маманына мұнай кен орындарының коллекторлары қыртыстарының ұңғымааралық кеңістігінің сүзгілеу-сыйымдылықты сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік беретін бағдарламалық кешенмен жұмыс істеу тәсілдері үйретілді. «Полиамфолит трассерін алу тәсілі» өнертабысына өтінім берілді.

> ТӨС нәтижелерін техникалық-экономикалық салыстырып тексеру полиамфолиттік бояғыштың пайдалану сипаттамалары бойынша кеңінен танымал импорттық трассер – натрий флуоресцеинінен басым екенін көрсетті.

# Менеджмент есебі [жалғасы]
Сатып алу қызметі

## Сатып алу қызметі

Компания сатып алу қызметін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан артық пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі ұйымдардың Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелеріне (бұдан әрі – Ережелер) сәйкес жүргізеді. Ережелер тапсырыс берушілердің өз ақшалай қаражаттарының есебінен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәртібін анықтайды.

Ережелерге сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ Холдингтің тауар өндірушілер тізіліміне (ХТӨ) енгізілген тауар өндірушілерге басымдылықтарды ұсынады. Сатып алулар барысында ХТӨ үшін 5% дейін шартты жеңілдіктер қолданылады. Сонымен бірге отандық тауар өндірушілермен шарттарды жасасу кезінде 30% мөлшерінде аванс төлеу көзделген.

Компания отандық жеткізушілерді қолдау мақсатымен сатып алынатын тауарлар мен қызметтер құрылымындағы жергілікті қамтуды дамыту бағытында көп жұмыс атқаруда. Компания негізінен келесі жылға тауарларға өз қажеттілігін ұсынатын, Қазақстанда өндірісін игеруді қажет ететін тауарлар тізбесін келтіретін, жеткізушілерге қойылатын талаптар және сатып алулар процедуралары және т. б. туралы айтатын отандық тауар өндірушілермен кездесулер жүргізіледі. «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің зауыттық және зертханалық сынақтарға қатысуы сатып алуларға сапалы тауарларды жеткізетін адал тауар өндірушілердің қатысуына себеп болады.

**Сатып алулар көлемі,** млрд теңгемен, ҚҚС-сыз




### 2019 жылғы сатып алулар көлемі, млн теңгемен, ҚҚС есептемегенде

| Атауы | Сомасы | орынд. % | МС үлесі |
|---|---|---|---|
| **2019 жылға арналған сатып алулар жоспарының сомасы** | **81 390,08** | **100** | |
| соның ішінде | | | |
| Тауарлар | 12 129,86 | 14,9 | |
| Жұмыстар | 38 257,42 | 47,0 | |
| Қызметтер | 31 002,80 | 38,1 | |

# Менеджмент есебі [жалғасы]
## Қаржылық қызметті шолу

| Атауы | Сомасы | орынд. % | МС үлесі |
|---|---|---|---|
| **Шарттар жасалған сатып алулар сомасы** | **77 367,35** | **95,1** | |
| соның ішінде | | | |
| Тауарлар | 10 941,45 | 90,2 | 48,0 |
| Жұмыстар | 36 692,14 | 100,0 | 97,0 |
| Қызметтер | 29 733,76 | 100,0 | 98,0 |
| **Шарттар қорытындылары бойынша үнемделгені** | **3 931,65** | **4,8** | |
| соның ішінде | | | |
| Тауарлар | 1 137,86 | 9,4 | |
| Жұмыстар | 1 532,74 | 4,0 | |
| Қызметтер | 1 261,05 | 4,1 | |

# Қаржылық қызметті шолу

**Бұл бөлім Компанияның аудиттелген қаржылық есептілігіне негізделген.**

### Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

| | 2019 | 2018 | Өзгеруі |
|---|---|---|---|
| **Мұнай өткізу, мың тонна** | 2 875 | 2 849 | **0,9%** |
| **Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім** | 450 945 | 432 250 | **4,3%** |
| Өткізудің өзіндік құны | -150 631 | -136 478 | **10,4%** |
| **Жалпы кіріс** | 300 314 | 295 772 | **1,5%** |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 14 413 | -45 098 | **-132,0%** |
| Өткізу бойынша шығыстар | -154 562 | -155 497 | **-0,6%** |
| Басқа операциялық шығыстар | -26 189 | -2 742 | **855,0%** |
| **Операциялық пайда** | 133 976 | 92 434 | **44,9%** |
| Қаржылық кіріс/(шығындар) нетто | -2 018 | -1 882 | **7,2%** |
| Бағамдық айырма, нетто | -1 102 | 21 868 | **-105%** |
| Басқа пайдалар (басқа зияндар), нетто | -889 | 535 | **66,1%** |

# Менеджмент есебі [жалғасы]

## Қаржылық қызметті шолу | **Өткізу**

| | 2019 | 2018 | Өзгеруі |
|---|---|---|---|
| **Салық салуға дейінгі пайда (зиян)** | 131 746 | 112 955 | **16,6%** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | -30 345 | -29 566 | **2,6%** |
| **Бір жыл ішіндегі пайда** | 101 401 | 83 389 | **21,6%** |

2019 жылдың ішінде мұнай өткізу көлемдері жоспарлы мәндерге және 2018 жылдың жоғары көрсеткіштерінің деңгейіне жетті (өсім 1% құрады). Бұл ретте түсім 2018 жылмен салыстырғанда 4%-ға өсіп, 450,9 млрд теңгеге жетті.

2018 жылға қарай өзіндік құн 10%-ға өсті. Сонымен бірге бірінші кезекте экология бойынша резервтің қалпына келуінің салдарынан 25,4 млрд теңге сомасына басқа шығыстар азайды (2018 жылы 34,5 млрд теңге есептелген). Бұл ретте 2018 жылы бағамдық айырмадан 21,9 млрд теңге сомасына айтарлықтай кіріс алынды, ал 2019 жылдың қорытындылары бойынша бағамдық айырмадан болған зиян 1,1 млрд теңгеге жетті. Нәтижесінде өзіндік құннан бастап жалпы шығыстар 2018 жылы 28%-ға азайды.

Соның салдарынан 2019 жылдың ішінде операциялық қызметтен түскен түсім 2018 жылдың көрсеткішінен 48%-ға артты және 137,8 млрд теңгеге жетіп, жоспарлы мәндерден 50%-ға жоғарылады. Таза пайда жоспарлы мәндерден 39,9 млрд теңгеге (немесе 64,8%-ға артты), және 2018 жылдың жоғары көрсеткішінен 22%-ға жоғары болды. 2019 жылдың қорытындылары бойынша таза пайда 101,4 млрд теңгеге жетті.

## Өткізу

### Мұнайды бағыттар бойынша өткізу көлемі, млн теңге

| Бағыттың атауы | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|---|---|
| КТО | 118,432 | 126,832 | 187,983 | 262,216 | **289,378** |
| ҚҚК | 60,767 | 92,944 | 101,250 | 143,444 | **129,098** |
| АМӨЗ/ПМХЗ | 17,588 | 22,281 | 18,184 | 26,098 | **31,953** |
| **ЖИЫНЫ:** | **196,788** | **242,058** | **307,418** | **431,758** | **450,429** |

### Өткізудің орташа бағалары, теңге/тонна

| Бағыттың атауы | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 |
|---|---|---|---|---|---|
| КТО | 75,371 | 103,473 | 123,155 | 169,651 | **174,577** |
| ҚҚК | 79,304 | 108,137 | 127,898 | 176,781 | **180,907** |
| АМӨЗ/ПМХЗ | 37,000 | 30,688 | 37,966 | 53,009 | **63,486** |
| **ЖИЫНЫ:** | **69,958** | **86,101** | **109,910** | **151,527** | **156,697** |

# Менеджмент есебі [жалғасы]
## Қаржылық қызметті шолу | **Өзіндік құн**

Мұнайды өткізудің натурал мәніндегі көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы 1% өсіп, 2 875 мың тоннаны құрады. Ақшалай мәнде өсім 450,4 млрд теңгеге дейін 4% құрады. 2019 жылдың ішінде бағыттар бойынша құрылымда өткізудің 93% экспорттық бағыттардың және 7% ішкі бағыттардың еншісінде.

Экспорттық бағыттар бойынша өсім 3%-ға 418,5 млрд теңгеге дейін жетті. Бұл ретте КТО бағытындағы өсім 10% құраса, ҚҚК бағыты бойынша өткізу көлемі 10%-ға азайды. Экспорттық бағыттар бойынша сондай-ақ бағалардың біршама тұрақты болғаны байқалды.

2019 жылы ақшалай мәнінде ішкі нарыққа өткізу көлемі 22%-ға, 31,95 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл ретте бір тонна мұнайдың құны орта есеппен 20%-ға өсті, ал натурал мәндегі өткізу көлемі 2%-ға артты.

## Өзіндік құн

### Өзіндік құнды талдау, млн теңге

| Көрсеткіш | 2018 жыл | 2019 жыл | Өзгеруі |
|---|---|---|---|
| Қызметкерлерге сыйақылар | 47 615,17 | **46 216,56** | -3% |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық | 38 382,68 | **42 252,43** | 10% |
| Тозу, сарқылу және амортизация | 19 583,79 | **26 166,37** | 34% |
| Жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер | 14 307,64 | **17 090,61** | 19% |
| Табыс салығынан басқа салықтар | 3 726,81 | **5 373,89** | 44% |
| Материалдар және қорлар | 2 722,61 | **3 437,79** | 26% |
| Электр энергиясы | 2 992,29 | **2 846,63** | -5% |
| Көлік шығындары | 4 519,29 | **1 379,06** | -69% |
| Экологиялық міндеттеме бойынша резервтегі өзгеру | -109,12 | **-25,18** | -77% |
| Капиталдандырылған актив сомасынан асатын активтердің шығуы бойынша міндеттемелердің азаюы | -821,19 | | -100% |
| Басқа | 5 898,53 | **5 312,46** | -10% |
| | **138 818,50** | **150 050,60** | **8%** |
| Мұнай қалдықтарының өзгеруі | -2 340,65 | **580,18** | -125% |
| **Өзіндік құнның жиыны** | **136 477,85** | **150 630,78** | **10%** |

2019 жылдың ішінде өткізудің өзіндік құны 2018 жылмен салыстырғанда 10%–ға немесе 14,3 млрд теңгеге өсіп, 150,6 млрд теңгені құрады. Өсім тозу мен амортизация шығындарының 6,7 млрд теңгеге көбеюімен, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бойынша шығындардың 3,9 млрд теңгеге, жөндеу және қызмет көрсету шығындарының 2,8 млрд теңгеге және материалдарға жұмсалатын шығындардың 1,6 млрд теңгеге көбеюімен байланысты болды.

2019 жылдың ішінде қызметкерлерге төленген сыйақылар өзіндік құн құрылымында 31%–ы, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық – 28%-ды, тозу және амортизация – 17%-ды, жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер – 11%-ды құрады.

# **Менеджмент есебі** [жалғасы]

## Қаржылық қызметті шолу | **Лифтинг**

## Лифтинг

**Лифтинг шығыстар,** млн теңге




2019 жылы үлестік лифтинг (операциялық шығындардың өндіруге қатынасы) бір тоннаға шаққанда 25,6 мың теңгені құрап, 2018 жылға қарай 7%-ға өсті. 2019 жылдың ішінде операциялық шығыстар 8%-ға немесе 5,2 млрд теңгеге көбейіп, жыл қорытындылары бойынша 74,3 млрд теңгені құрады. Бұл ретте оның мәндері жоспарлы мәндерден 9% төмен болды. 2018 жылға қарай өсім өндірістік сипаттағы қызметтер шығындарының 4,3 млрд теңгеге және материалдарға жұмсалған шығындардың 1,7 млрд теңгеге көбеюімен байланысты болды.

2019 жылдың қорытындылары бойынша операциялық шығыстардың 55%-ын қызметкерлердің сыйақысы, 33%-ын өндірістік сипаттағы қызметтер, 7% – материалдар, 4% – электр энергиясына жұмсалған шығындар құрады.

2019 жылдың ішінде бір тонна мұнайдың үлестік өзіндік құны 51,9 мың теңгені құрап, 2018 жылдың көрсеткішінен 9%-ға артты.

**25608**
теңге/тонна
2019 жылғы үлестік лифтинг (өндіріст.) шығындар

2019 жылдың қорытындылары бойынша операциялық шығыстардың 55%-ын қызметкерлердің сыйақысы, 33%-ын өндірістік сипаттағы қызметтер, 7% – материалдар, 4% – электр энергиясына жұмсалған шығындар құрады.

# Менеджмент есебі [жалғасы]

## Қаржылық қызметті шолу | Басқа операциялық шығыстар

### Басқа операциялық шығыстар

**Басқа операциялық шығыстарды талдау, млн теңге**

| Көрсеткіш | 2019 жыл | 2018 жыл | Өзгеруі |
|---|---|---|---|
| Рента салығы | 58,608 | 63,900 | –8% |
| Экспорттық кедендік баж | 54,107 | 53,890 | 0% |
| Көлік шығыстары | 41,627 | 37,489 | 11% |
| Сату бойынша агенттік қолақы | 219 | 218 | 1% |
| **Өткізу бойынша шығыстардың жиыны** | **154,562** | **155,497** | **–1%** |
| Қызметкерлерге төленетін сыйақылар | 5,226 | 4,900 | 7% |
| Тозу, сарқылу және амортизация | 1,080 | 2,150 | –50% |
| Кеңес беру және аудиторлық қызметтер | 808 | 131 | 519% |
| Жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер | 780 | 485 | 61% |
| Табыс салығынан басқа салықтар | 696 | 292 | 138% |
| Айыппұлдар және өсімпұлдар | 598 | 951 | –37% |
| Көлік шығыстары | 493 | 445 | 11% |
| Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервті есептеу /(түзетпе жасау) | 9 | 33 | –74% |
| Демеушілік | – 10 | 207 | –105% |
| Басқа | 1,327 | 997 | 33% |
| **Жалпы және әкімшілік шығыстардың жиыны** | **11,007** | **10,593** | **4%** |
| Барлау бойынша шығыстар | 19,577 | 1,678 | 1067% |
| Экология бойынша резерв (қалпына келтіру/есептеу) | –25,420 | 34,506 | –174% |
| Геологиялық барлау активтерінің құнсыздануы | 3,418 | 1,064 | 221% |
| Басқа пайдалар | –1,624 | –1,233 | 32% |
| Басқа зияндар | 985 | 699 | 41% |
| **Басқа шығыстардың жиыны** | **–3,064** | **36,713** | **–108%** |
| **Шығыстардың жиыны** | **162,505** | **202,803** | **–20%** |

2019 жылдың ішінде өткізу бойынша шығыстар бар болғаны 1%-ға 154,6 млрд теңгеге дейін азайып, шамамен 2018 жылдың деңгейінде сақталды. Рента салығына шығыстардың 5,3 млрд теңгеге азаюы негізінен көлік шығындарының 4,1 млрд теңгеге өсуімен өтелді.

# Менеджмент есебі [жалғасы]
## Қаржылық қызметті шолу | **Салық салу**

2019 жылдың қорытындылары бойынша өткізу шығындарының 38%-ын рента салығы құрады. 35%-ы экспорттық кеден бажының және 27%-ы көлік шығыстарының үлесінде.

2019 жылдың ішіндегі жалпы және әкімшілік шығыстар 4%-ға 11 млрд теңгеге дейін көбейді.

Басқа операциялық шығыстар 2019 жылы 100%-дан астам мөлшерге немесе 39,7 млрд теңгеге азайды. Бұл көбінесе экология бойынша резервтің 25,4 млрд теңгеге қалпына келтірілуімен байланысты (2018 жылы 34,5 млрд теңге сомасына есептеудің орнына). Бұл ретте барлау шығыстары 17,9 млрд теңгеге айтарлықтай көбейтілді.

Нәтижесінде өзіндік құнды қоспағанда, басқа операциялық шығыстар 2019 жылы 20% азайып, 162,5 млрд теңгені құрады.

## Салық салу

### Салықтар бойынша шығыстар, млн теңге

| Көрсеткіш | 2019 жыл | 2018 жыл | Өзгеруі |
|---|---|---|---|
| Рента салығы | 58,608 | 63,900 | –8% |
| Экспорттық кедендік баж | 54,107 | 53,890 | 0% |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық | 42,252 | 38,383 | 10% |
| Мүлікке салынатын салық | 1,989 | 1,785 | 11% |
| Қоршаған ортаны ластауға салынатын салық | –655 | 1,969 | –133% |
| Басқа салықтар | 741 | 1,057 | –30% |
| Әлеуметтік салық | 3,058 | 3,091 | –1% |
| **КТС басқа салықтардың жиыны** | **160,101** | **164,074** | **–2%** |

| Көрсеткіш | 2019 жыл | 2018 жыл | Өзгеруі |
|---|---|---|---|
| Салық салуға дейінгі пайда | 131,747 | 112,955 | 17% |
| Табыс салығы бойынша шығыс | 30,345 | 29,566 | 3% |
| Салықтың тиімді мөлшерлемесі | 23% | 26% | –12% |

Салық салуға дейінгі пайданың өсуі 2019 жылы 17% құрады, соның нәтижесінде жыл қорытындылары бойынша көрсеткіш 131,7 млрд теңге деңгейінде қалыптасты. Бұл арада кірістердің өсуі және операциялық шығыстардың азаюы байқалды. 2019 жылдың ішінде табыс салығының өсімі 3%-ы құраса, салықтың тиімді мөлшерлемесі – 23%-ға жетті.

2019 жылдың ішінде КТС қоспағанда, есептелген салықтардың көлемі 160 млрд теңгені құрады және 2018 жыл деңгейімен салыстырғанда өзгермеген деуге болады (2%-ға азайған). КТС

# Менеджмент есебі [жалғасы]
## Қаржылық қызметті шолу | **Капитал және өтімділік**

қоспағанда, салықтардың 37%-ы рента салығының, 34%-ы – экспорттық кеден бажының, 26%-ы – пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтық үлесінде.

## Капитал және өтімділік

### Қаржылық жағдай туралы есеп, млн теңге

| Көрсеткіш | 31 желтоқсанда | | Өзгеруі |
|---|---|---|---|
| | 2019 жыл | 2018 жыл | |
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | **204,239** | 187,656 | 9% |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | **16,388** | 19,302 | –15% |
| Материалдық емес активтер | **2,348** | 1,384 | 70% |
| Басқа қаржылық активтер | **38,554** | 38,005 | 1% |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша актив | **16,866** | 10,380 | 62% |
| Өтеуге жататын ҚҚС | **11,033** | – | – |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар | **2,895** | 2,154 | 34% |
| **Ұзақ мерзімді активтердің жиыны** | **292,323** | 258,882 | 13% |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауарлы-материалдық қорлар | **9,375** | 10,944 | –14% |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | **1,646** | 3,968 | –59% |
| Салықтар және өтеуге жататын ҚҚС бойынша алдын ала төлем | **22,856** | 15,899 | 44% |
| Төленген аванстар және болашақ кезеңдер шығыстары | **2,384** | 3,507 | –32% |
| Саудалық және басқа дебиторлық берешек | **42,414** | 30,839 | 38% |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | **39,189** | 111,446 | –65% |
| **Ағымдағы активтердің жиыны** | **117,864** | 176,604 | –33% |
| **Активтердің жиыны** | **410,187** | 435,486 | –6% |
| **КАПИТАЛ** | | | |
| Жарғылық капитал | **162,400** | 162,400 | 0% |
| Бөлінбеген пайда | **134,777** | 153,033 | –12% |
| **Капиталдың жиыны** | **297,177** | 315,432 | –6% |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |

# Менеджмент есебі [жалғасы]
## Қаржылық қызметті шолу | **Капитал және өтімділік**

| Көрсеткіш | 31 желтоқсанда | | Өзгеруі |
|---|---|---|---|
| | 2019 жыл | 2018 жыл | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Тарихи міндеттемелер | **6,128** | 5,807 | 6% |
| Резервтер | **31,702** | 24,151 | 31% |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны** | **37,830** | 29,958 | 26% |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Тарихи міндеттемелер | **888** | 1,574 | –44% |
| Резервтер | **13,788** | 36,329 | –62% |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленетін рента салығы | **26,053** | 23,287 | 12% |
| Табыс салығы бойынша міндеттемелер | **7,500** | – | – |
| Саудалық және басқа да кредиторлық берешек | **26,951** | 28,906 | –7% |
| **Ағымдағы міндеттемелердің жиыны** | **75,180** | 90,095 | –17% |
| **Міндеттемелердің жиыны** | **113,010** | 120,053 | –6% |
| **Міндеттемелер мен капиталдың жиыны** | **410,187** | 435,486 | –6% |

2019 жылға қарай Компания активтері 410,2 млрд теңгені құрап, 2018 жылдың деңгейімен салыстырғанда 6%-ға азайды. Баланс құрылымында 71%-ы айналымнан тыс активтердің үлесінде. Ұзақ мерзімді активтердің сомасы 2019 жылы 13%-ға, 292,3 млрд теңгеге дейін өсті. Өсім бірінші кезекте негізгі құралдар сомасының 16,6 млрд теңгеге немесе 9%-ға көбеюмен байланысты болды. 2019 жылдың ішінде ағымдағы активтер 33%-ға немесе 58,7 млрд теңгеге азайып, жыл қорытындылары бойынша 117,9 млрд теңгені құрады. Төмендеуіне ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары сомасының 72,3 млрд теңгеге азаюы себеп болды.

2019 жылдың қорытындылары бойынша капитал 297,2 млрд теңгені құрап, 2018 жылға қарай 6%-ға немесе 18,3 млрд теңгеге азайды. Төмендеуі бөлінбеген пайда сомасының азаюымен байланысты болды.

Міндеттемелер 2019 жылдың қорытындылары бойынша 6%-ға, 113 млрд теңгеге дейін, немесе 7 млрд теңгеге азайды. Бұл ретте ағымдағы міндеттемелер 14,9 млрд теңгеге, 75,2 млрд теңгеге дейін төмендеді. Ал ұзақ мерзімді міндеттемелер 7,9 млрд теңгеге дейін өсіп, жыл қорытындылары бойынша 37,8 млрд теңгені құрады. Міндеттемелер құрылымында 33%-ы ұзақ мерзімді және 67%-ы қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесінде.

2019 жылдың қорытындылары бойынша ағымдағы өтімділік коэффициенті ұсынылған 1-ден артық мәнінде 1,6 құрайды. Еркін айналым қаражаттары 42,7 млрд теңгені құрады. Ал баланс құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі – 72%-ға жетті. Бұл Компанияның қаржылық жағдайының берік болып табылатынын және өтімділік қорының жеткілікті екендігін көрсетіп отыр.

# 2020 жылға міндеттер






# Корпоративтік басқару

04

# 04 Корпоративтік басқару

1. жоғарғы орган – Дара тұлғалы акционер
2. басқару органы – Директорлар кеңесі
3. атқарушы орган – Басқарма

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

## Директорлар кеңесі

### Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Жалғыз акционерінің шешімімен есепті жылдың ішінде Д.Е. Абдулғафаровтың, М.Ж. Салимгереевтің және Б.М. Куандыковтың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттіктері, сондай-ақ Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлының Директорлар кеңесінің төрағасы ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Ж.Н. Марабаев («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары) және Д.К. Хасанов («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор) сайланды, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы, тәуелсіз директор ретінде Ізбасов М.Ш. сайланды.

2020 жылдың 3 ақпанынан бастап «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқармасының шешімі бойынша, қызметінен босатылған Жақсыбеков Ануар Еркінұлының орнына Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қайржан Есен тағайындалды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі төмендегі сегіз мүшеден құралды:

| Аты-жөні | Лауазымы |
|---|---|
| Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы | Директорлар кеңесінің төрағасы |
| Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы | Директорлар кеңесінің мүшесі |
| Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы | Директорлар кеңесінің мүшесі |
| Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы | Директорлар кеңесінің мүшесі |
| Жақсыбеков Ануар Еркінұлы | Директорлар кеңесінің мүшесі |
| Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы | Тәуелсіз директор |
| Ізбасов Мақсым Шафихұлы | Тәуелсіз директор |
| Украсин Игорь Александрович | Тәуелсіз директор |

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Директорлар кеңесі

### Директорлар кеңесінің құрамы



### Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы

**«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы. «Теңізшевройл» ЖШС Серіктестік кеңесінің төрағасы.**

И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтың «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша (1984 ж.), Мәскеу мемлекеттік басқару университетін (2002 ж.) бітірген.

Экономика ғылымдарының кандидаты болып табылады. Францияда, Ұлыбританияда және Африкада жұмыс істеп, «Total» компаниясының жоғары басшылық құрылымында халықаралық тағылымдамадан өтті. INSEAD француз институтындағы курстан және Францияның Мұнай институтындағы (IFP) MBA курсынан өтті.

Еңбек қызметін 1984 жылы «Комсомольскнефть» МГӨБ оператор болып бастады. 1985 жылдан бастап 1990 жылға дейін – «Комсомольскнефть» МГӨБ-да шебер, ұңғымаларды күрделі жөндеу жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, орталық инженерлік-технологиялық қызметтің ауысым бастығы, мұнай өндіру технологиясы бойынша орталық ғылыми-зерттеу зертханасының бастығы, техникалық бөлім бастығы.

- 1990 жылдың қарашасынан бастап 1991 жылдың наурызына дейін – «Сфинкс» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық қызмет директоры.
- 1991 жылдың наурызынан бастап 1993 жылдың наурызына дейін – көмірсутек шикізаты мен мұнай-химия бөлімінің бастығы, бөлім бастығының орынбасары, ҚР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің бас инженері.
- 1993 жылдың наурызынан бастап 1993 жылдың маусымына дейін – ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігінің теңіз жұмыстары басқармасының бастығы.
- 1993 жылдың маусымынан бастап 1997 жылдың маусымына дейін – «ҚазақстанКаспийШельф» АҚ вице-президенті және бас директоры.
- 1997 жылдың маусымынан бастап 1999 жылдың қаңтарына дейін – «ҚазақОйл» ҰК» ЖАҚ инвестициялар және жаңа жобалар жөніндегі директор, коммерциялық директоры, газ жобалары жөніндегі вице-президенті.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Директорлар кеңесі

- 1999 жылдың қаңтарынан бастап 1999 жылдың наурызына дейін – «Қазақстан Халық банкі» ЖАҚ басқарма мүшесі.
- 1999 жылдың наурызынан бастап 1999 жылдың қыркүйегіне дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ пайдалану жөніндегі вице-президенті.
- 1999 жылдың қыркүйегінен бастап 2001 жылдың қыркүйегіне дейін – «ҚазақОйл» ҰК» ЖАҚ вице-президенті.
- 2001 жылдың қыркүйегінен бастап 2002 жылдың наурызына дейін – «Мұнай және газ тасымалдау» Ұлттық компаниясының Бас директорының орынбасары.
- 2002 жылдың наурызынан бастап 2004 жылдың наурызына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. СБК (КПО Б.В.) бойынша жобалардағы үлестерді басқару жөніндегі өкілетті органның төрағасы.
- 2004 жылдың наурызынан бастап 2006 жылдың маусымына дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры.
- 2006 жылдың маусымынан бастап 2006 жылдың қарашасына дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
- 2006 жылдың қарашасынан бастап 2008 жылдың желтоқсанына дейін – KAZENERGY Қауымдастығының үйлестіру кеңесінің төрағасы.
- 2008 жылдың желтоқсанынан бастап 2019 жылдың ақпанына дейін – North Caspian Operating Company (NCOC B.V.) Басқарушы директорының орынбасары.
- 2019 жылдың ақпанынан бастап – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.

«Парасат» және «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «KAZENERGY Қауымдастығының 10-жылдығы», ҚР ЭМ «Қазақстан мұнайының 120-жылдығы» медальдарымен, сондай-ақ Еуропа Бизнес Қауымдастығы ұйғарған Патшайым Виктория Орденімен марапатталған. ҚР Энергетика министрлігінің «ҚР мұнай-газ саласының еңбегі сіңген қызметкері», Геология комитетінің «Қазақстан Республикасының кен орнын тұңғыш ашушы» төсбелгілері бар.

Экономика ғылымдарының кандидаты.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Директорлар кеңесі



### Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Геология және барлау жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары**

В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Тау-кен инженер-геолог» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек қызметін Балықшы барлау бұрғылауы басқармасының оператор-коллекторы болып бастады. Содан кейін Тақырыптық партияның инженер-геологы, «Ембімұнай» ӨБ Тампонаждау кеңсесінің цементаж жөніндегі операторы болып жұмыс істеген.

- 1991–1993 жылдары – Балықшы барлау бұрғылауы басқармасының №1 бұрғылау экспедициясының геологы, 1993–1995 жылдары – «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасының ОИТҚ геологы.
- 1995 жылдан бастап 2004 жылға дейін – Атырау қыртыстардың мұнай беруін арттыру және ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасының (АҚМБА және ҰКЖБ) бас геологы, директорының орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ геология және мұнай-газ кен орындарын игеру департаментінің директоры.
- 2004–2008 жылдары – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ геология және игеру департаментінің директорының орынбасары, директоры. 2008 жылдан бастап 2015 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директоры, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директоры, бас геологы, Басқарма Төрағасының Геология және перспективалық жобалар жөніндегі орынбасары, Операциялық емес активтер жөніндегі басқарушы директоры (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ геология жөніндегі басқарушы директоры.
- 2015 жылдың қаңтарынан бастап қыркүйегіне дейін – «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).
- 2015 жылдың 23 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін-«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).
- 2018 жылдың 12 маусымынан бастап 2019 жылдың ақпанына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервистері жөніндегі орынбасары.
- 2019 жылдың ақпанынан – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасары.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Директорлар кеңесі

«ҚМГ» ҰК, «ҚМГ» БӨ, Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің құрмет грамоталарымен, мерейтойлық медальдарымен: «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медалімен (2015 ж.), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен (2016 ж.), «Құрмет» орденімен (2016 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» Мерейтойлық медалімен (2017 ж.) марапатталған.

ҚР жер қойнауын құрметті барлаушысы, «ҚР көмірсутек әлеуетін ғылыми негіздеу» тақырыбына жазған еңбектер циклы үшін әл-Фараби атындағы ҚР ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлық лауреаты (2015 г).

Геологиялық-минералогиялық ғылымдар докторы, 12 астам ғылыми жарияланымдардың авторы, «Солтүстік және Орта Каспийдің геологиялық құрылысы және мұнай-газдылық перспективалары» кітабының авторласы.

### Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы



**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры**

Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын «Экономист» мамандығы бойынша (1993 ж.), Атырау мұнай және газ институтын «Тау-кен инженері» мамандығы бойынша (2007 ж.) бітірген.

- Еңбек қызметін «Теңіз» АҚ бас бухгалтерінің орынбасары ретінде бастады. Әр жылдары Құрманғазы РУТ, «Қазақтелеком» ААҚ бас бухгалтері, «Өзенмұнайгаз» ААҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ бас бухгалтерінің орынбасары, «Каспий Мұнай – ТМЕ» АҚ бас бухгалтері, «EuroAsia Group» ЖШС бас бухгалтері, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ «Ембімұнайгаз» ӨФ бас бухгалтерінің орынбасары, «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ БК үлестерді басқару жөніндегі басқарушы директоры, «Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС директоры, «Қаражанбасмұнай» АҚ Президенті, «Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директоры – Басқарма төрағасы, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директорының орынбасары, барлау және өндіру активтерін басқару жөніндегі басқарушы директоры, «Тау-Кен Самұрық» ҰГК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі бас директоры болып жұмыс істеген.
- 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры лауазымын атқарып келеді.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Директорлар кеңесі

«Құрмет» орденімен, «ҚР Конституциясының 20-жылдығы», «Маңғыстау облысы мәслихатының 20-жылдығы» медальдарымен, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ медалімен марапатталған.



### Есен Қайржан

**«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі (2020 жылдың 03 ақпанынан)**

1985 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кәсіптерінің машиналары және жабдықтары» мамандығы бойынша тәмамдады. 2000 жылы В.П. Горячкин атындағы Мәскеу мемлекеттік агроинженерлік университетін «Кәсіпорындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша тәмамдады. 2012 жылы РФ Үкіметінің жанындағы Халық шаруашылығы академиясының «MBA: Менеджмент – Халықаралық бизнес» ЖКБ МБМ «Іскерлік әкімшілендіру шебері» мамандығы бойынша бітірді.

- 1985 жылдан бастап 1992 жылға дейін – «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің «Жетібаймұнай» МГӨБ жөндеуші-слесарі, инженері, аға инженері.
- 1992 жылдан бастап 1994 жылға дейін – Маңғышлақ мұнара монтаждау басқармасының мұнарақұрылыс прорабы.
- 1994 жылдан бастап 1995 жылға дейін – Қызылорда қ. «Оңтүстікмұнайгаз» АҚ өндірістік қызмет көрсету базасы бастығының орынбасары.
- 1995 жылдан бастап 2002 жылға дейін – «Құмкөл-ЛУКойл» АҚ бас директорының орынбасары.
- 2002 жылдан бастап 2016 жылдың сәуіріне дейін – «Торғай Петролеум» АҚ бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2016 жылдың сәуірінен бастап 2017 жылдың шілдесіне дейін –«Қаражамбасмұнай» АҚ Президенті.
- 2017 жылдың шілдесінен бастап 2018 жылдың қарашасына дейін – «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары, бас директоры.
- 2018 жылдың қарашасынан бастап 2020 жылдың қаңтарына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Сатып алулар және қамсыздандыру жөніндегі басқарушы директоры.
- 2020 жылдың 16 қаңтарынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.

«Ерен Еңбегі үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен, «Атамекен» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен, «Торғай Петролеум» АҚ 20 жыл» естелік медалімен, сондай-ақ бірқатар Алғыс хаттармен және грамоталармен, оған қоса ҚР БҒМ Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитет Төрағасының Алғыс хатымен, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен, ҚР Кәсіподақтар федерациясының Құрмет грамотасымен марапатталған.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Директорлар кеңесі

### Жақсыбеков Ануар Еркінұлы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі (2020 жылдың 03 ақпанынан)**



1993 жылы Патрис Лумумба атындағы халықтар достығы университетін (Мәскеу қ.) «Геология және мұнай-газ кен алаңдарын барлау» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Доссормұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының (бұдан былай – МГӨБ) Байшонас кен орнында мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы болып бастады. Краснознаменный Солтүстік флоты Әскери-теңіз флотындағы (1983–1985 жж.) қызметін атқарғаннан кейін жұмысын Қарсақ кен орнының мұнай және газ өндіру цехының операторы ретінде жалғастырды.

- Жоғарғы оқуды бітірген соң, Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасында учаскелік геолог, жетекші геолог, «Қазақойл-Ембі» ААҚ Мақат ауданындағы ұңғымаларды күрделі жөндеу және қойнауқаттың өнімділігін арттыру бойынша учаске бастығының орынбасары болып қызметтер атқарды.
- 1999 жылы «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Мақатмұнай» басқармасында бас геолог болып тағайындалды.
- 2000–2004 жылдары «Қазақойл» ҰК» АҚ-да өндірісті басқару департаментінің бас инженері, менеджері, директордың орынбасары, геология және игеру департаментінің директоры болып жұмыс істеді.
- 2004 жылдан 2009 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК геологиялық-технологиялық қызмет департаментінің директоры, геология, геофизика және барлау және өндіру блогының резервуарлары департаментінің директоры.
- 2009–2013 жылдары – «Н Оперейтинг Компани» ЖШС-де ҚМГ ҰҚ атынан геологиялық барлау жөніндегі менеджер, Геологиялық барлау жұмыстары жөніндегі техникалық кіші комитет төрағасы.
- 2013 жылдың ақпанынан бастап – ҚМГ БӨ Бас директорының Геология және игеру жөніндегі орынбасары, Геологиялық барлау жұмыстары жөніндегі техникалық комитет төрағасы, «Барлау активтері» Қадағалау кеңесінің төрағасы.
- ҚМГ БӨ қатысуымен: ҚХР «ФИОК» және Венгер Республикасының «МОЛ» компанияларымен үлестік қатысуы бар «УралОйлГаз» БК, «Карповский Северный» бірлескен кәсіпорындарына жетекшілік етті.
- 2013–2015 жылдары – «Қашаған Б.В.» ЖШЖКФ Бас директорының перспективалы жобалар жөніндегі орынбасары.
- 2015 жылдың қыркүйегінен бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Бас дирек-

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Директорлар кеңесі

торының жаңа жобалар және технологиялар жөніндегі орынбасары.

- 2017 жылдың 24 сәуірінен бастап 2020 жылдың 16 қаңтарына дейін – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.
- 2020 жылдың 3 ақпанынан бастап – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы »АҚ Басқармасының шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі қызметінен босатылды.

КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің Құрмет грамотасымен; ҚМГ ҰК Құрмет грамотасымен; «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Құрмет грамотасымен; ҚР ЭМРМ «Мақат кен орнына 90 жыл» Құрмет белгісімен; МГМ «Доссор кен орнына 100 жыл» Құрмет белгісімен (2011 ж.); «Прорва кен орнына 50 жыл» Құрмет белгісімен; ИЖТМ «Қазақстан Республикасының құрметті барлаушысы» дипломы және төсбелгісімен (2012 ж.); МГМ «Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен (2014 ж.); Атырау облысы Әкімінің ҚР тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай Алғыс хатымен (2016 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз АҚ 95 жыл» Мерейтойлық медалімен (2017 ж.), «Құрмет» орденімен (2017 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалімен (2019 ж.), «Атырау облысы мәслихаттарына 25 жыл» Мерейтойлық медалімен (2019 ж.), Мақат ауданының Құрметті азаматы (2019 ж.), Қызылқоға ауданы Әкімінің Алғыс хатымен (2019 ж.) марапатталған.



### Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, «Эксперт Қазақстан» ЖШС директоры**

Еңбек жолын ҚазССР Мемжоспар жанындағы экономика және нарық қатынастары ғылыми-зерттеу институтында ғылыми маман қызметінен бастады. 1992 жылы аталған институт директорының орынбасары болып тағайындалды. Кейін ҚР Экономика министрлігіне шақырту алып, қаржы-несиелік саясат басқармасы басшысы қызметіне кірісті.

1994 жылы – ҚР экономика министрінің бірінші орынбасары. ҚР Министрлер кабинеті және ҚР Үкіметі жанындағы экономикалық реформалар орталығының басшысы, Қаржы министрінің бірінші орынбасары, «Қазақтелеком» АҚ вице-президенті, ҚР Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі Агенттігі төрағасының бірінші орынбасары, Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы кеңесінің басқарушы төрайымы, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Директорлар кеңесі

орынбасары сияқты және тағы басқа лауазымдарда еңбек етті. Қазіргі кезде «Эксперт Қазақстан» ЖШС директоры қызметін атқарады.

### Ізбасов Мақсым Шафихұлы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры**



В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1976 ж.) «Мұнай және газ кен орындарын игеру технологиясы және кешенді механикаландыру» мамандығы бойынша, Алматы политология және басқару институтын (1991 ж.) бітірген.

- Еңбек қызметін 1976 жылы «Құлсарымұнай» МГӨБ Құлсары кен орнының мұнайы мен газын өндіру жөніндегі операторы болып бастады. Содан кейін Құлсары кен орнының өндірістік-технологиялық бөлімінде аға инженер, жерасты жөндеу цехының бастығы, өндіру цехының бастығы болып жұмыс істеген.
- 1985 жылдан бастап 1989 жылға дейін – «Құлсарымұнай» МГӨБ партиялық комитет хатшысы. Әр жылдары «Құлсарымұнай» МГӨБ жоспарлық-экономикалық бөлім бастығы, бас инженері, «Теңізмұнайгаз» ӨБ өндірістік-технологиялық бөлім бастығы, бас инженері, вице-президенті болып жұмыс істеген. «Ембімұнайгаз» және «Теңізмұнайгаз» екі акционерлік қоғамының бірігуіне байланысты 1999 жылы «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ бастығы болып тағайындалды.
- 2004 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының директоры лауазымына тағайындалды. Содан кейін «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ бастығы, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ ӨФ – «Ембімұнайгаз» бас техникалық басшысы, Норт Каспиан Оперейтинг Компани компаниясының Атырау филиалының жергілікті билік органдармен байланыс жөніндегі аға кеңесшісі болып жұмыс істеген. 2012 жылдан бастап 2017 жылға дейін – Атырау облысы Жылыой ауданының әкімі.

«Құрмет» орденімен (1999 ж.), «ҚР Конституциясына 10 жыл» (2005 ж.), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» (2019 ж.) медальдарымен, Мәдениет және гуманитарлық салаларындағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін ҚР Президентінің Құрметті дипломымен (2006 ж.), ҚР Президентінің (2001, 2005 ж.) және Атырау облысы әкімдерінің (2001, 2005, 2007 ж.) Алғыс хаттарымен, КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің (1980 ж.), ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің (2004 ж.) және ҚР Мұнай және газ министрлігінің (2010 ж.) Құрмет грамоталарымен, Облыстық кеңестің және облыстық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен, мұнайдың және мұнай кен орындарының 100-жылдық мерейтойларының құрметіне төсбелгілермен марапатталған.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Директорлар кеңесі

Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіподақтарының халықаралық конфедерация Сыйлығының Лауреаты (2005 ж.), Атырау облысы Жылыой (2004 ж.) және Қызылқоға аудандарының (2007 ж.) Құрметті азаматы. «Жыл мұнайшысы» (Человек года) (2001 ж.) атағына ие болған, екі шақырылымның облыстық мәслихат депутаты (1999–2003, 2003–2007 жж.).



### Украсин Игорь Александрович

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, СБЕРБАНК (Швейцария) АГ басқарушы директоры, корпоративтік-банктік бөлімше жетекшісі**

- 1994–1996 жылдарда – «ПЕПСИ-КОЛА ИНТЕРНЭШНЛ» компаниясының сату операцияларын жоспарлау бөлімінің жетекшісі.
- 1998–2013 жылдарда «КРЕДИТ СУИСС СЕКЬЮРИТИЗ ЛИМИТЕД» Еуропа энергетикалық тобының инвестициялық-банктік бөлімшесінің басқарушы директоры.
- 2013–2015 жылдарда «СБЕРБАНК КИБ» басқарушы директоры.



### Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры – қаржы бақылаушысы**

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры – қаржы бақылаушысы лауазымында 2018 жылдың маусым айынан бастап қызмет атқарып келеді. Бұған дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ вице-президенті – қаржы бақылаушысы ретінде қызмет етті.

Әр жылдары «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ құрылымдық қаржыландыру басқармасының басшысы, халықаралық департамент директоры, «ҚазИнвестБанк» АҚ қаржылық институттармен жұмыс жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайТеңіз» АҚ корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры лауазымдарында қызмет атқарды. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын (1997 ж.) «Халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар» мамандығы, PACE University (Нью-Йорк) оқу орнын (1999 ж.) «Қаржылық менеджмент» мамандығы бойынша тәмамдады.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Директорлар кеңесі | Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

### Директорлар шешімінің тәуелсіздігі

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының нормаларына сәйкес Директорлар кеңесі директорлар тәуелсіздігінің дерегін белгіледі және Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы, Ізбасов Мақсым Шафихұлы және Украсин Игорь Александрович шешім қабылдау барысында тәуелсіз болып табылады деп санайды. Директорлар кеңесі осы директорлардың тәуелсіз шешімдеріне әсерін тигізетін немесе айтарлықтай әсер етуі мүмкін болатын қандай да бір қарым-қатынастар немесе жағдайлар жоқ екендігін белгіледі.

### Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттілігі «Ембімұнайгаз» АҚ Жарғысымен анықталады. Директорлар кеңесі «Ембімұнайгаз» АҚ-ның тиімді басқаруына және қызметін тиісті түрде бақылауға Дара тұлғалы акционер алдында жауапты болады және шешім қабылдаудың бекітілген жүйесіне сәйкес әрекет етеді. Стратегиялық даму бағыттары мен Компания саясатын анықтау, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бюджетін және маңызды ішкі құжаттарын бекіту және басқа да маңызды мәселелер Директорлар кеңесінің аса маңызды қызметтері болып табылады.

Директорлар кеңесі тұрақты негізде және қажет болған кезде отырысты өткізеді.

2019 жыл ішінде Директорлар кеңесі тікелей дауыс беру арқылы 4 отырысты, сырттай дауыс беру арқылы 49 отырысты қоса алғанда 53 отырысты өткізді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесімен өзгеден басқа келесі мәселелер қарастырылды:

- «Ембімұнайгаз» АҚ басқару аппаратының 2019 жылға қызметкерлерінің құрылымын, штаттық кестесін бекіту және оларға индексация төлеу туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ 2019 жылға арналған ҚНК бекіту туралы.
- 2018 жылға арналған жылдық сыйақы сомасын арттыру туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің штаттық кестесіне және басқару аппаратының ұйымдастыру құрылымына өзгерістер енгізу туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ 2019 жылға арналған бюджетінің түзетімін бекіту туралы.
- 2018 жыл ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ басқарушы қызметкерлерге сыйлықақы төлеу туралы.
- 2018 жыл ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ жылдық есепті мақұлдау туралы.
- 2018 жыл ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарманың қызметі туралы есепті мақұлдау туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ басқармасының сандық құрамын анықтау туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ 2020 жылға көзделген бюджетін және 2020–2024 жылдарға көзделген бизнес-жоспарды бекіту туралы.
- 2019 жылдың 9 айы ішінде Қоғам қызметінің нәтижелері және 2019 жылға күтілетін нәтижелер туралы есеп.
- 2019 жылдың 9 айы ішінде Қоғамның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп және 2019 жылға күтілетін нәтижелер.
- 2019 жылдың 9 айы ішінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жоспарын орындау туралы есеп және 2019 жылға күтілетін нәтижелер.
- «Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есеп.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Директорлар кеңесі | **Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп**

- Сомасы 500 000 000 теңгеден жоғары, бірақ 1 000 000 000 теңгеден аспайтын, жасалуына «Ембімұнайгаз» АҚ мүдделі мәмілелерді жасасу.
- Шешімдерін Жалғыз акционер қабылдайтын, Жарғыға сәйкес мәселелерді мақұлдау туралы.

2019 жылы Директорлар кеңесі келесі құжаттарды бекітті:

- «Ембімұнайгаз» АҚ ЭМГ-ПО-103-03 Негізгі тәуекел көрсеткіштері туралы ережесі (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Тәуекел-тәбет, тәуекел-лимиттер және төзімділік деңгейлері туралы ережесі ЭМГ-ПО-103-02 (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ ЭМГ-ПО-103-01 Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеті туралы ереже (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ 2019 жылға арналған Тәуекел-тәбеті жөніндегі мәлімдемелері.
- «Ембімұнайгаз» АҚ «Ақшалай қаражаттарын басқару саясатын» күші жойылған деп тану туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ ЭМГ-ПО-119-02 Басқарма мүшелері мен басқарушы қызметкерлердің ПӘК құру және қолдану туралы ережесі (3-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ ЭМГ-ПО-119-03 Басқарма мүшелеріне және басқарушы қызметкерлеріне бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу тәртібі және шарттары туралы ережесі (3-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ ЭМГ-П-119-03 Қызметкерлерге еңбекақы төлеу ережелері (1-редакция).

### Директорлар кеңесінің және Комитеттердің отырыстарында Директорлар кеңесі мүшелерінің және Комитеттер мүшелерінің болуы

| 2019 ж. өткізілген отырыстар саны | ДК | Ішкі аудиті жөніндегі Комитет | Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі комитет | Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет |
|---|---|---|---|---|
| Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы | 40 | | | |
| Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы | 53 | | | |
| Абдулғафаров Дастан Елемесұлы | 13 | | | |
| Жақсыбеков Ануар Еркінұлы | 53 | | | |
| Салимгереев Малик Жанабаевич | 23 | | | |
| Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы | 51 | | | |
| Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы | 30 | | | |
| Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы | 52 | 6 | 7 | 6 |
| Қуандықов Балтабек Мұханұлы | 35 | 2 | 1 | 2 |
| Ізбасов Мақсым Шафихұлы | 18 | 2 | 2 | 2 |
| Украсин Игорь Александрович | 53 | 4 | 6 | 4 |

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

Директорлар кеңесінің комитеттері | **Ішкі аудит жөніндегі комитет**

### 2019 жыл ішіндегі Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жалпы ақпарат

| Басқару органы | Отырыстар саны | Қаралған мәселелердің барлығы | Қабылданған шешімдер |
|---|---|---|---|
| Директорлар кеңесінің отырысы, соның ішінде: | 53 | 74 | 74 |
| Күндізгі | 4 | 23 | 23 |
| Сырттай | 49 | 51 | 51 |

### 2019 жылдың ішінде күндізгі отырыстарда қабылданған Директорлар кеңесінің тапсырмалары жөніндегі ақпарат

| Көрсеткіштің атауы | Саны |
|---|---|
| Тапсырмалардың барлығы | 10 |
| Орындалу үстінде | 10 |
| Орындауға қабылданды | 10 |
| Орындалды | 10 |

## Директорлар кеңесінің комитеттері

### Ішкі аудит жөніндегі комитет

#### Комитеттің құрамы

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің ішкі аудиті жөніндегі Комитет төрт мүшеден тұрады:

| Аты-жөні | Лауазымы |
|---|---|
| Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы | Ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің төрайымы |
| Украсин Игорь Александрович | Ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің мүшесі |
| Ізбасов Мақсым Шафихұлы | Ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің мүшесі |
| Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы | Ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің мүшесі |

#### Комитеттің жауапкершілігі

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің өкілеттілігі ішкі аудит жөніндегі Комитет туралы Ережемен анықталады. Ішкі аудит жөніндегі Комитет Директорлар кеңесіне ақпаратты бере отырып,

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Директорлар кеңесі | Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі комитет

осы Ережені Комитетпен сақталуын талдауды қоса отырып, жыл сайын Комитеттің қызметін және мүшелерін талдау және бағалау жұмыстарын өткізеді.

Ішкі аудит жөніндегі Комитет Директор кеңесіне ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібі, оның құзыреттілігі, функциялары, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері және шарттары бойынша ұсыныстар береді; ішкі аудит қызметінің есептерін қарастырады; ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындалуын бақылауды жүзеге асырады; ішкі аудит функциясының тиімділігін мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады және басқа да қызметтерді орындайды.

Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті тұрақты негізде және қажет болған кезде отырыс өткізеді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесімен өзгеден басқа келесі мәселелер қарастырылды:

- 2018 жылдағы «Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің есебін қарастыру туралы.
- 2018 жылдағы «Ембімұнайгаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау туралы есепті қарастыру туралы.
- 2018 жылдағы «Ембімұнайгаз» АҚ аудиттен өткізілген жылдық қаржылық есептілікті қарастыру туралы.
- 2018 жылдағы қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы.
- Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі бойынша ұсынысты және 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін алдын ала бекіту туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалды ҚНК бекіту туралы.
- Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау туралы есеп.
- «Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің Жұмыс істеу жоспарын келісу туралы.
- 2019 жылдың бірінші жарты жылдығына «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеттің жұмыс істеу жоспарын бекіту туралы.

## Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі комитет

### Комитеттің құрамы

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет жеті мүшеден тұрады:

| Аты-жөні | Лауазымы |
|---|---|
| Украсин Игорь Александрович | Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің төрағасы |
| Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы | Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі |
| Имандосов Аман Ғалымжанұлы | Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі |
| Оралов Болатбек Өмірбекұлы | Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі |

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Директорлар кеңесінің комитеттері | **Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі комитет**

| Аты-жөні | Лауазымы |
|---|---|
| Ералина Лаура Асанқызы | Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі |
| Балжанов Бауыржан Құспанұлы | Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі |
| Балабаев Абат Амантайұлы | Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі |

### Комитеттің жауапкершілігі

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің өкілеттілігі тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет туралы Ережемен анықталады. Комитет Директорлар кеңесіне ақпаратты бере отырып, осы Ережені Комитетпен сақталуын талдауды қоса отырып, жыл сайын Комитеттің қызметін және мүшелерін талдау және бағалау жұмыстарын өткізеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет ұзақ мерзімді кезеңде Компанияны дамытуға бағытталған стратегиялық мақсаттарды қарастыру және мақұлдау сияқты қызметтерді; концепцияны талдауды, Компанияның стратегиялық даму бағдарламаларын және жоспарларын және өткізілген талдама нәтижелері бойынша Директорлар кеңесіне өз ұсыныстарын енгізуді; ірі мәмілелерді жасау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындауды; Компания активтерін басқару мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындауды және басқа қызметтерді жүзеге асырады.

Оған жүктелген міндеттерге сәйкес Компания құзыреттілігіне Компания тәуекелдерін басқару стратегияларын қарастыру және келісу; Тәуекелдерді басқару саясатын, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласында Компания қызметін регламенттейтін басқа ішкі құжаттарды қарастыру және келісу; Компания ұшырайтын негізгі тәуекелдерді және Компанияның тәуекел мәнді (тәуекел мәні бойынша өтініш) қарастыру және талқылау; Компанияның негізгі тәуекелдердің және тәуекел мәнінің (тәуекел мәні бойынша өтініш) күйіне мониторинг жүргізу бойынша есептерді қарастыру және келісу; Компания тәуекелдер портфелін басқару аясында инвестициялық жобаларды талдау; стратегиялық мақсаттарға жету үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг жүргізу және басқа мәселелерді қарастыру сияқты Компания тәуекелдерін басқару бойынша мәселелерді қарастыру жатады.

Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару бойынша Комитеті отырыстарды жүйелі негізде және қажеттілігіне қарай өткізеді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару бойынша Комитетпен өзгеден басқа келесі мәселелер қарастырылған:

- 2018 жыл ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ қызметінің негізгі көрсеткіштерін күтілетін орындау туралы есебі.
- Бюджетті және бизнес-жоспарды қарастыру туралы есеп.
- 2018 жыл ішінде негізгі тәуекелдерді басқару бойынша шаралар жоспарын орындау туралы есеп, соның ішінде 2019 жылдағы проблемалық мәселелер және негізгі тәуекелдер тізімі.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Директорлар кеңесі | Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет

- Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі бойынша ұсынысты және 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін алдын ала бекіту туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалды ҚНК бекіту туралы.
- 2019 жылға «Ембімұнайгаз» АҚ басқарушы құрамының (Басқарма мүшелерінің) корпоративтік және мотивациялық ҚНК бекіту туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелеріне және басқарушы қызметкерлерге ЭМГ-ПО-119-03 жаңа редакциясында жыл ішінде жұмыстар қорытындысы бойынша сыйлықақы төлеу тәртібі және шарттары туралы Ережені бекіту.
- 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына Комитеттің жұмыс жоспары.

## Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет

### Комитеттің құрамы

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті бес мүшеден тұрды:

| Аты-жөні | Лауазымы |
|---|---|
| Ізбасов Мақсым Шафихұлы | Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы |
| Құрманқұлов Айдос Жеңісұлы | Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі |
| Елеусінов Марат Қайырбекұлы | Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі |
| Құтжанов Абат Амангелдіұлы | Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі |
| Сейтқазиев Бауыржан Әдеубайұлы | Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі |

### Комитеттің жауапкершілігі

Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитетінің өкілеттілігі Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет туралы Ережемен анықталады. Комитет Директорлар кеңесіне ақпаратты бере отырып, Комитетпен осы Ережені сақтауды талдауды қоса алғанда, Комитет қызметін және мүшелерін талдауды және бағалауды жыл сайын өткізеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті жұмыстардың жылдық бағдарламасын, бюджетті, Компанияның өндірістік қызметімен байланысты сатып алулар жоспарын, сондай-ақ оларда болатын кез келген өзгерістерді бекіту бойынша материалдарды қарастыруды және дайындауды жүзеге асырады; бұрғылау жұмыстарының жоспарының ағымды күйінің деректерін талдау және бақылау, жаңа әдістерді, тәсілдерді, бұрғылау технологияларын енгізу барысын бақылау; кен орынды тиімді орналастыру бойынша жоспарларды әзірлеу және енгізу бойынша деректерді талдау; өндіру жоспарын, ұңғыма өнімдерін өндіру, жинау және тасымалдау бойынша өндірістік жұмыстарды орындау, жұмыстар нәтижелерінің сапасын тексеру бойынша деректер және ұңғыманың технологиялық көрсеткіштері туралы есептерді талдау; мұнайды өндіруді қарқындату және қатты қысымды ұстап тұру жүйесін оңтайландыру бойынша жаңа бағдарламаларды енгізу және басқа қызметтерді орындайды.

Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті тұрақты негізде және қажет болған кезде отырыс өткізеді.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Басқарма | 2019 жыл ішіндегі Басқарма құрамындағы өзгеріс

Бір жыл ішінде Директорлар кеңесімен басқасынан өзге келесі мәселелер қарастырылды:

- «Ембімұнайгаз» АҚ бюджетінің түзетімін бекіту туралы.
- Бюджетті және бизнес-жоспарды қарау туралы есеп.
- «Зияткерлік кен орын» жобасы
- 2019 жылдың 9 айы ішінде Қоғам қызметінің нәтижелері және 2019 жылға күтілетін нәтижелер туралы есеп.
- 2019 жылдың 9 айы ішінде Қоғамның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп және 2019 жылға күтілетін нәтижелер.
- Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есебі.
- 2018 жылдағы қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы.
- Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі бойынша ұсынысты және 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидент мөлшерін алдын ала бекіту туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалды ҚНК бекіту туралы.
- 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына Комитет жұмысының жоспары.

## Басқарма

### Басқарма құрамындағы өзгеріс

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдерінің негізінде Габдуллин Айболат Гизатовичтің «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіктері зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты тоқтатылды; Макашев Руслан Бексұлтанұлының және Балжанов Бауыржан Құспанұлының «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Басқарманың құрамына Қасымғалиев Қанатбек Махмұдұлы және Тоқмұрзиев Асқар Әділбекұлы сайланды.

2020 жылдың 16 қаңтарынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша қызметінен босатылған Жақсыбеков Ануар Еркінұлының орнына «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы болып Қайржан Есен тағайындалды.

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Басқарма құрамы:

| Аты-жөні | Лауазымы |
|---|---|
| Жақсыбеков Ануар Еркінұлы | Басқарма төрағасы |
| Қасымғалиев Қанатбек Махмудұлы | Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары |
| Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы | Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары |
| Әділбеков Қайрат Әділбекұлы | Басқарма төрағасының геология және игеру жөніндегі орынбасары |
| Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлы | Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары |
| Тоқмұрзиев Асқар Әділбекұлы | Заң департаментінің директоры |

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Басқарма | Басқарма құрамы



### Есен Қайржан

**2020 жылдың 16 қаңтарынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы**

1985 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кәсіптерінің машиналары және жабдықтары» мамандығы бойынша тәмамдады. 2000 жылы В.П. Горячкин атындағы Мәскеу мемлекеттік агроинженерлік университетін «Кәсіпорындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша тәмамдады. 2012 жылы РФ Үкіметінің жанындағы Халық шаруашылығы академиясының «MBA: Менеджмент – Халықаралық бизнес» ЖКБ МБМ «Іскерлік әкімшілендіру шебері» мамандығы бойынша бітірді.

- 1985 жылдан бастап 1992 жылға дейін – «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің «Жетібаймұнай» МГӨБ жөндеуші-слесарі, инженері, аға инженері.
- 1992 жылдан бастап 1994 жылға дейін – Маңғышлақ мұнара монтаждау басқармасының мұнарақұрылыс прорабы.
- 1994 жылдан бастап 1995 жылға дейін – Қызылорда қ. «Оңтүстікмұнайгаз» АҚ өндірістік қызмет көрсету базасы бастығының орынбасары.
- 1995 жылдан бастап 2002 жылға дейін – «Құмкөл-ЛУКойл» АҚ бас директорының орынбасары.
- 2002 жылдан бастап 2016 жылдың сәуіріне дейін – «Торғай Петролеум» АҚ бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2016 жылдың сәуірінен бастап 2017 жылдың шілдесіне дейін – «Қаражамбасмұнай» АҚ Президенті.
- 2017 жылдың шілдесінен бастап 2018 жылдың қарашасына дейін – «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары, бас директоры.
- 2018 жылдың қарашасынан бастап 2020 жылдың қаңтарына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Сатып алулар және қамсыздандыру жөніндегі басқарушы директоры.
- 2020 жылдың 16 қаңтарынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.

**Марапаттар:**

«Ерен Еңбегі үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен, «Атамекен» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен, «Торғай Петролеум» АҚ 20 жыл» естелік медалімен, сондай-ақ бірқатар алғыс хаттармен және грамоталармен, оған қоса ҚР БҒМ Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Басқарма | **Басқарма құрамы**

комитет төрағасының Алғыс хатымен, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен, ҚР Кәсіподақтар федерациясының Құрмет грамотасымен марапатталған.

### Жақсыбеков Ануар Еркінұлы



**2020 жылдың 16 қаңтарына дейін – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы**

1993 жылы Патрис Лумумба атындағы халықтар достығы университетін (Мәскеу қ.) «Геология және мұнай-газ кен алаңдарын барлау» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Доссормұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының (бұдан былай – МГӨБ) Байшонас кен орнында мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы болып бастады. Краснознаменный Солтүстік флоты Әскери-теңіз флотындағы (1983–1985 жж.) қызметін атқарғаннан кейін жұмысын Қарсақ кен орнының мұнай және газ өндіру цехының операторы ретінде жалғастырды.

- Жоғарғы оқуды бітірген соң, Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасында учаскелік геолог, жетекші геолог, «Қазақойл-Ембі» ААҚ Мақат ауданындағы ұңғымаларды күрделі жөндеу және қойнауқаттың өнімділігін арттыру бойынша учаске бастығының орынбасары болып қызметтер атқарды.
- 1999 жылы «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Мақатмұнай» басқармасында бас геолог болып тағайындалды.
- 2000–2004 жылдары «Қазақойл» ҰК» АҚ-да өндірісті басқару департаментінің бас инженері, менеджері, директордың орынбасары, геология және игеру департаментінің директоры болып жұмыс істеді.
- 2004 жылдан 2009 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК геологиялық-технологиялық қызмет департаментінің директоры, геология, геофизика және барлау және өндіру блогының резервуарлары департаментінің директоры.
- 2009–2013 жылдары – «Н Оперейтинг Компани» ЖШС-де ҚМГ ҰҚ атынан геологиялық барлау жөніндегі менеджер, Геологиялық барлау жұмыстары жөніндегі техникалық кіші комитет төрағасы.
- 2013 жылдың ақпанынан бастап – ҚМГ БӨ Бас директорының Геология және игеру жөніндегі орынбасары, Геологиялық барлау жұмыстары жөніндегі техникалық комитет Төрағасы, «Барлау активтері» Қадағалау кеңесінің төрағасы. ҚМГ БӨ қа-

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Басқарма | Басқарма құрамы

тысуымен: ҚХР «ФИОК» және Венгер Республикасының «МОЛ» компанияларымен үлестік қатысуы бар «УралОйлГаз» БК, «Карповский Северный» бірлескен кәсіпорындарына жетекшілік етті.

- 2013–2015 жылдары – «Қашаған Б.В.» ЖШЖККФ Бас директорының перспективалы жобалар жөніндегі орынбасары.
- 2015 жылдың қыркүйегінен бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының жаңа жобалар және технологиялар жөніндегі орынбасары.
- 2017 жылдың 24 сәуірінен бастап 2020 жылдың 16 қаңтарына дейін – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.

**Марапаттар:**
КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің Құрмет грамотасы; ҚМГ ҰК Құрмет грамотасы; «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Құрмет грамотасы; ҚР ЭМРМ «Мақат кен орнына 90 жыл» Құрмет белгісі; МГМ «Доссор кен орнына 100 жыл» Құрмет белгісі (2011 ж.); «Прорва кен орнына 50 жыл» Құрмет белгісі; ИЖТМ «Қазақстан Республикасының құрметті барлаушысы» дипломы және төсбелгісі (2012 ж.); МГМ «Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі (2014 ж.); Атырау облысы Әкімінің ҚР тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай Алғыс хаты (2016 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз АҚ 95 жыл» Мерейтойлық медалі (2017 ж.), «Құрмет» ордені (2017 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалі (2019 ж.), «Атырау облысы мәслихаттарына 25 жыл» Мерейтойлық медалі (2019 ж.), Мақат ауданының Құрметті азаматы (2019 ж.), Қызылқоға ауданы Әкімінің Алғыс хаты (2019 ж.).



### Қасымғалиев Қанатбек Махмудұлы

**Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

2001 жылы И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекетттік мұнай және газ университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

2014 жылы И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университетімен бірлесіп әзірленген «Мұнай-газ бизнесін басқару» мамандануы бойынша «Іскерлік әкімшілендіру шебері» MBA бағдарламасын меңгеріп алды.

Еңбек қызметін 2001 жылы «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ Тереңөзек МГӨЦ Қаратон кен орнының мұнай және газ өндіру жөніндегі

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Басқарма | **Басқарма құрамы**

операторы болып бастаған. «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ Тереңөзек МГӨЦ технологы, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өндірістік-технологиялық қызмет басшысының орынбасары, бас инженері, «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай және газ бөлімінің бастығы, мұнай және газ өндіру департаментінің директоры, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы, «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ Өндіру және игеру жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген.

2017 жылдың қыркүйегінен бастап 2018 жылдың тамызына дейін – «Ембімұнайгаз» АҚ игеру жөніндегі басқарушы директоры. 2018 жылдың тамызынан бастап 2019 жылдың тамызына дейін ҚМГ ҰК мұнай және газ өндіру департаментінің директоры.

**Марапаттар:**
«Ембімұнайгаз» ӨФ Құрмет грамоталары, ҚР Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасы (2012 ж.), «Прорва мұнайына – 50 жыл» төсбелгісі (2013 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» Мерейтойлық медалі (2017 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалі (2019 ж.).

### Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы

**Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**



Екі жоғары білімі бар – 1986 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын «Тарих және педагогика» мамандығы бойынша, 2002 жылы – Атырау мұнай және газ университетін «Экономика және кәсіпорындағы менеджмент» мамандығы бойынша бітірді.

2014 жылы Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясын «MBA: халықаралық бизнес» мамандануы бойынша, Іскерлік әкімшілендіру шебері біліктілігін тәмамдады.

Еңбек еткен жылдар ішінде әр түрлі басқарушы қызметтерді атқарды: «ЭИТЭК» ғылыми-өндірістік фирмасы өкілдігінің директоры (Мәскеу қ.), «Атырау мұнай корпорациясы» ЖШС директоры, «Каспий коммерциялық орталығы ЛТД» ЖШС қаржы директоры, «ҚМГ-Жайық» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары. 2009 жылдың маусымынан бастап 2012 жылдың қыркүйегіне дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Басқарма | Басқарма құрамы

«Ембімұнайгаз» АҚ ӨФ директорының экономика және қаржы бойынша орынбасары.

**Марапаттар:**
«Доссор кен орнының игерілгеніне 100 жыл» естелік белгісі (2011 ж.), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасы (2012 ж.), «Прорва мұнайына 50 жыл» төсбелгісі (2013 ж.), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Құрмет грамотасы (2014 ж.), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасы (2014 ж.), «KAZENERGY» Құрмет грамотасы (2015 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» Мерейтойлық медалі (2017 ж.), «KAZENERGY» медалі (2018 ж.), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының алғыс хаты (2019 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалі (2019 ж.)



### Әділбеков Қайрат Әділбекұлы

**Басқарма төрағасының геологиялық барлау жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химиялық және газ өнеркәсібі институты «Геология және мұнай-газ кен орындарын барлау» мамандығы бойынша бітірді. Жоғары оқу орнын бітірген соң еңбек жолын «Уральскнефтегазгеология» ПГО мұнай-газ барлау экспедициясында ұңғымаларды зерттеу операторы болып бастады.

1985–1993 жылдарда аға геолог, жетекші геолог, мұнай-газ қорын есептеу партиясының басшысы, тәжірибелік-әдістемелік экспедициясының бас геологы, «Уральскнефтегазгеология» ПГО мұнай өндіру жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы ретінде жұмыс істеді. КСРО қорлары бойынша Мемлекеттік комиссияда Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орындарының (1985 және 1988 жылдарда) және Теплов-Токарев тобының кен орындарының (1991 жылы) көмірсутекті шикізат қорларын барлауға, есеп жүргізуге, қорғауға қатысты.

1993 жылдан бастап 2001 жылға дейін коммерциялық және консалтингтік компанияларда әр түрлі басшылық лауазымдарды атқарды, 2001 жылдан бастап, 2005 жылға дейін «Теңізшевройл» ЖШС қорды қайта есептеу жобасының үйлестірушісі, кен орындарын дамыту бөлімінің басшысы. Теңіз (2002 жылы) және Королевское (2004 жылы) мұнай кен орындарының қорын қайта есептеу, дайындау және келісім алу, техникалық схеманы дайындау жұмыстарының үйлестірушісі болды.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Басқарма | Басқарма құрамы

2005 жылдан бастап 2014 жылға дейін – «Қожан» ЖШС мұнай және мұнай сервис компаниясында лауазымды қызметтерді (филиал басшысы, бас директордың орынбасары – бас геологы) атқарды. «Jupiter Energy Pte. Ltd» компаниясының қазақстандық бөлімшесінде (техникалық директоры), «Азатпетротранс» ЖШС (директоры) қызметтерін атқарды.

2014 жылдың тамызынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ геология және геофизика департаментінің директоры, 2015 жылдың қыркүйегінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының геологиялық барлау жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қоры бойынша Мемлекеттік комиссияның (ҚР ҚМК) тәуелсіз сарапшысы.

**Марапаттар:**
«Қазақстан Республикасының Жер қойнауын Үздік барлаушысы» төсбелгісі, «Уральскнефтегазгеология мұнай-газ барлау экспедициясының» Құрмет грамотасы (1986 ж.), Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасы (1987 ж.), «Уральскнефтегазгеология мұнай-газ барлау экспедициясы» ҰОС 70 жылдығына орай Құрмет грамотасы (1987 ж.), «Уральскнефтегазгеология мұнай-газ барлау экспедициясы» геологтар күніне орай Құрмет грамотасы (1989 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» мерейтойлық медалі (2017 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалі (2019 ж.)

### Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлы

**Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**



Алматы халық шаруашылығы институтын (1991 ж.) «Экономист» мамандығы бойынша, Атырау мұнай және газ институтын (2004 ж.) «Тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын Мақат желілік-өндірістік басқармасында технологиялық компрессор машинисті болып бастады (1983 ж.). Мақат аудандық атқару комитетінде жоспарлау – экономикалық комиссиясының маманы, аға экономисті болып жұмыс жасады. 1992–1995 жылдары «Мақсат» шағын кәсіпорнының төрағасы қызметін атқарды. Әр жылдары Мақат, Жылыой аудандарының әкімі, Атырау облысы әкімі аппаратының басшысы, Атырау қаласының әкімі, «Аджип» ККО компаниясының жергілікті органдармен байланыс

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

## Басқарма | Басқарма құрамы

жөніндегі менеджері, Атырау облысы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды.

2018 жылдың шілде айында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

**Марапаттар:**
«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» Мерейтойлық медалі (2001 ж.), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» Мерейтойлық медалі (2005 ж.), «Құрмет» ордені (2005 ж.), «Астананың 10 жылдығы» Мерейтойлық медалі (2008 ж.), «Атырау облысы мәслихаттарына 25 жыл» Мерейтойлық медалі, «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалі (2019 ж.).



### Тоқмурзиев Асқар Әділбекұлы

**Заң департаментінің директоры, Басқарма мүшесі**

2008 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетін «Юриспруденция» мамандығы бойынша бітірген.

2008–2009 жылдары «MANDARIN LTD» ЖШС-нің заңгері.

2010–2013 жылдары «Тұлпар» ЖШС-нің, «Бастау – S» ЖШС-нің заңгері.

2013 жылдан бастап 2016 жылға дейін – «Қазгермұнай» БК» ЖШС-да заң кеңесшісі, 2016–2017 жылдары – «Қазгермұнай» БК» ЖШС-де жетекші заң кеңесшісі.

2017–2019 жылдары – «Қазгермұнай» БК» ЖШС заң департаментінің құқықтық қамтамасыз ету қызметінің басшысы.

2019 жылдың қарашасынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ заң департаментінің директоры.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]

Басқарма | **Басқарма жұмысы туралы есеп**

## Басқарма жұмысы туралы есеп

Компания Басқармасы төрағасының өкілеттілігі «Ембімұнайгаз» АҚ Жарғысымен анықталады.

Басқарма атқарушы орган болып табылады және Компанияның ағымды қызметін басқаруды жүзеге асырады. 2019 жылы тұрақты негізде және қажет болған кезде Басқарманың 20 отырысы өткізілді.

2019 жылы Басқарма өзгелермен қатар, Компанияның операциялық қызметіне қатысты аса маңызды мәселелерді қарастырды:

- Мәмілелер жасасу, жасалған кезде «Ембімұнайгаз» АҚ 500 000 000 теңгеге дейін мүдделік бар.
- «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік бағдарламасын бекіту.
- Студенттер (қазақстандық мамандар) оқуына қаражат бөлу туралы.
- Қосарлы оқытуды ұйымдастыру туралы.
- 2020 жылға ТЖҚ бірінші кезектегі сатып алулар тізімін бекіту туралы.
- Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға әлеуметтік, қайырымдылық көмек көрсету туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ (Басқарма мүшелерінен және корпоративті хатшыдан басқа) басқарма аппаратының қызметкерлеріне 2019 жылдағы тоқсандық сыйлықақы төлеу туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік құрылымы бөлімшелерінің қызметкерлерінің штаттық кестесін бекіту туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерінің ҚНК бекіту туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ зейнеткерлеріне материалдық көмекті төлеу туралы.

Одан басқа, келесі құжаттар қаралды:

- Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуларды жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу ережелері.
- Энергетикалық жоспарлау ережелері, энергетикалық нәтижелілік көрсеткіштерін талдау және анықтау.
- Аудиторлық тексерулерді жоспарлау және жүргізу ережелері.
- «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету ережелері.
- Тәуекел-тәбет, тәуекел-лимиттер және төзімділік деңгейлері туралы ережені алдын ала мақұлдау.
- Негізгі тәуекел көрсеткіштері туралы ережені алдын ала мақұлдау.
- «Ембімұнайгаз» АҚ іскерлік этика жөніндегі комиссия туралы ережесі.
- Ұңғымаларды ағымдағы және күрделі жөндеуді ұйымдастыру рәсімі.
- Мұнайды жедел басқару әдістемесі.
- Дағдарысқа қарсы коммуникациялар ережелері.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелеріне және басқарушы қызметкерлеріне бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу тәртібі және шарттары туралы ережені алдын ала мақұлдау.
- Бюджеттің орындалуын бақылау рәсімі.

## Басқарма мүшелерінің еңбек шарттары

Басқарманың барлық мүшелері Компаниямен еңбек шарттар жасасты, сол бойынша оларға әдетте сапарға шыққан кезде жазатайым оқиғалардан сақтандыру және Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес қызметтік іссапарлар кезінде шығындарды өтеу беріледі.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
Ішкі аудит

Жоғарыда айтылғанды қоспағанда, Басқарма мүшелерімен Компаниямен ешқандай басқа еңбек шарттарын жасау жүзеге асырылмайды және ұйғарылмайды.

### Есептің анықтығына жауапкершілік

Компанияның лауазымды тұлғалары Компанияның жылдық есебінде болатын мәліметтердің анықтығына жауапты болады.

## Ішкі аудит

Аудит және активтер департаменті алдында Компания басшылығына тәуелсіз және объективті ақпаратты беру, бақылау және корпоративтік басқару мәселелері бойынша кеңес беру, сондай-ақ, қолданыстағы процедураларды жақсарту бойынша аналитикалық есептер мен ұсыныстарды ұсыну міндеті тұр.

АжәнеАД өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларын, Жарғыны, Басқарманың тиісті шешімдерін, Компанияның лауазымдық нұсқаулықтарын және оның қызметінің ішкі тәртібін анықтайтын басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

АжәнеАД Басқарма төрағасына есеп береді, ол стратегиялық бағытты белгілейді және АжәнеАД жұмыстарының тәртібін анықтайтын жұмыстарды келіседі.

АжәнеАД оны Компания Басқармасының төрағасы бекіту үшін бір жылға жасалатын жұмыстардың аудиторлық жоспарын дайындайды.

Жұмыстардың бекітілген жоспарына және Компания басшылығының тапсырмаларына сәйкес АжәнеАД кез келген функцияларға, операцияларға және «Ембімұнайгаз» АҚ қызметінің барлық түрлеріне аудит өткізеді және барлық деңгейдегі жетекшілермен етене өзара әрекет ете отырып бақылау жүйесін жетілдіруге және корпоративтік басқаруға және келесі міндеттерді шешуге септігін тигізеді:

- ҚБ/ӨҚБ жасайтын қолданыстағы процедуралар мен операциялардың, заңнама талаптарының және ішкі құжаттардың сәйкес келуін бағалау;
- ішкі бақылау жүйелерінің күйін және ҚБ/ӨҚБ ақпарат пен есептілікті дайындауы барысында жүзеге асырылатын процедураларды бағалау;
- ҚБ/ӨҚБ және Компания қызметкерлері жүзеге асыратын операциялар мен процедуралардың тиімділігін бағалау.

АжәнеАД жұмыстарының жоспарына сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша барлығы 4 аудит жоспарланған, нақты 6 аудит (2 – жоспардан тыс) жүргізілді, барлық аудиттер уақтылы өткізілді.

Жүргізілген аудиттер қорытындылары бойынша 22 ұсыным ұсынылды, 19 ұсыным дер кезінде орындалды, 3 ұсынымды орындау мерзімі 2020 жылы аяқталады.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Тәуекелдерді басқару

## Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару саласында Компания стратегиясы бизнестің стратегиялық және оперативті тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған, ол дер кезінде сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және Компанияның тәуекел мәнін ескере отырып, оны проактивті басқару, түрлі деңгейдегі қызметкерлердің коммуникацияларын және координацияларын қамтамасыз ету арқылы жетеді.

Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі бірыңғай процеске біріктірілген элементтердің өзара байланысының жинағы болып табылады, сол аяда Директорлар кеңесі, басшылық және қызметкерлердің әрқайсысы өз деңгейінде Компанияның қызметіне әсерін тигізуі мүмкін ықтималды оқиғаларды анықтауға, сондай-ақ, тәуекелдің/тәуекел-мәнінің қолданылатын деңгейі аясында осы оқиғаларды басқаруға қатысады.

Тәуекелдерді басқару процесі тікелей өзара байланысты және стратегиялық жоспарлау, өндірістік және бюджеттік жоспарлау, инвестициялық қызмет процестерімен және ынталандыру жүйесімен интеграцияланған.

Компанияда тәуекелдерді басқару процесі тұрақты, циклдік (үздіксіз), түрлі бағытта болып келеді және келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- мақсаттар қою;
- тәуекелдерді сәйкестендіру;
- тәуекелдерді бағалау;
- тәуекелдерді бақылау және басқару;
- мониторинг жүргізу;
- есеп беру.

Компания тәуекелдерін басқару жүйесі мұнайгаз өндіру басқармасының (МГӨБ) және «Ембімұнайгаз» АҚ басқа қосымша басқармаларының тәуекелдер портфелін ескере отырып әрекет етеді.

2018 жылы тәуекелдерді сәйкестендіру жұмыстарының барысында пайда болу себептері, тәуекелдерді іске асырған жағдайдағы салдары көрсетілген тәуекелдер тізілімі құрастырылды және өндірістік, сондай-ақ өндірістік емес тәуекелдерден құралатын ең маңызды тәуекелдердің тізбесі бөліп шығарылды. Директорлар Кеңесі 10 басты тәуекелдерден құралатын тізбені, сонымен қатар оларды басқару бойынша іс-шаралар жоспарын қарап бекітті.

Тәуекел-менеджментті тиісінше жүзеге асыру мақсатында Компанияда қолданылатын Сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету саясатына сәйкес тәуекелдер сақтандырылады. Міндетті сақтандыру түрлерінен басқа ең үздік дүниежүзілік тәжірибелерге сәйкес Компания мүліктік тәуекелдерді, ұңғымалардың бақылаудан шығып кету тәуекелдерін сақтандырады және үшінші тұлғалардың алдындағы жалпы жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асырады.

Онымен бірге, 2018 жылдан бастап Компанияда жобалық басқару жүйесін енгізу аясында Компания жобаларының портфелін қарау жөніндегі жобалау комитеті құрылды. Жобалық басқарудың негізгі айрықша құзыреттерінің бірінің бүкіл жобалар портфелінің тәуекелдерін басқару болып табылуы жобаға әсер етуі мүмкін оқиғаларды айқындауға мүмкіндік береді.

# Корпоративтік басқару [жалғасы]
## Тәуекелдердің негізгі топтары

### Тәуекелдердің негізгі топтары

**Операциялық тәуекелдер** – персонал, қаржы активтері, өндірістік технологиялар, басқару технологиялары, ақпараттық технологиялар және негізгі қорлар сияқты ішкі факторларға байланысты болатын операциялық қызметпен және Компанияның бизнес-процестерімен байланысты тәуекелдерден тұрады.

**Бизнес-тәуекелдер** – бұл тәуекелдер бизнес-ортамен байланысты, онда Компания өз қызметін жүзеге асырады. Бизнес-орта мемлекет, бәсекелестер, контрагенттер, инвесторлар, меншік иелері, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты сыртқы факторлармен анықталады. Сыртқы факторлармен, сонымен қатар, экономикалық ортадағы өзгерістер, ақша ресурстарының бар болуы және қол жетімділігі, саяси факторлар, ортаның құқықтық тарабының өзгерісі, әлеуметтік – мәдени ортадағы өзгерістер, технологиялық факторлар бола алады. Барынша аз басқарылатын және ең елеулі бизнес-тәуекелдер, бұл жағдайда Компания осындай тәуекелдерді барынша азайту мақсатында тиісті шараларды қолданады.

**Жобалық тәуекелдер** – бұл белгісіз оқиға немесе шарт, ол туындаған жағдайда жоба мақсаттарының ең болмағанда біріне әсер етеді (позитивті немесе негативті), мысалы, мерзімдер, құны, құрамы немесе саны.





ЕмбіМұнайГаз
Акционерлік қоғамы

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп

05

# 05

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп

## Кадрлық саясат

**Кадрлық саясаты аясында «Ембімұнайгаз» АҚ Компанияның бизнес-моделінің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру үшін Компанияның стратегиялық мақсаттары мен даму және персоналды іріктеп алу бағыттарының арасында өзара байланысты қамтамасыз етуге ұмтылады.**

2027 жылға дейін «Ембімұнайгаз» АҚ даму Концепциясының Директорлар кеңесімен бекітілген аяда қабылданған персоналды басқару және еңбекақыны төлеу саласында функционалды стратегия аясында кадр қызметінің басты мақсаты Компанияны сапалы оқыту және қызметкерлерді дамыту, ең жаңа деген тиімді құралдарды және басқару әдістерін іздеу және енгізу, атқарушылық тәртіп үшін бақылауды күшейту және қызметкерлерге әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету есебінен стратегиялық мақсаттарға жету үшін ынталандырған, білікті персоналдың жеткілікті санын қамтамасыз ету болып табылады.

Персоналды басқару саласындағы жұмыс келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

- Персоналды іріктеп алу процедураларын дамыту;
- Персоналды оқыту жүйесін жетілдіру;
- Жастармен жұмыс жүргізу;
- Кадрлық резервпен жұмыс істеу жүйесін дамыту;
- Еңбекақы төлеу және еңбекті нормалау жүйесін жетілдіру;
- Персоналдың санын және оларға жұмсалатын шығындарды тиімді басқару;
- Кадрлық әкімшілендіру және жұмыс уақытының есебін жүргізу.

2020 жылдың 1 қаңтарында Компания қызметкерлерінің штаттық саны 4 928 адамды құрады 2019 жылы персоналдың тұрақтамауы 2,9%-ды құрады.

Шығындарды оңтайландыру мақсатымен Компанияда профильді емес төмен білікті еңбектің штаттық жұмыс орындарын аутсорсингке шығару және қысқарту бойынша жұмыстар жүргізіледі, бұл соңғы жылдары штаттың оңтайландырылуының себебін түсіндіріп отыр.

2020 жылдың 1 қаңтарында **штаттық саны**

**4 928**

адам

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Кадрлық саясат

### 2020 жылдың 1 қаңтарында персоналдың құрылымы

| Санаты | Нақты саны | соның ішінде | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер | ИТҚ | Жұмысшылар |
| **БАРЛЫҒЫ** | 4 928 | 4 063 | 865 | 1 489 | 3 439 |
| **Әкімшілік-басқару персоналы** | 310 | 193 | 117 | 310 | 0 |
| Жетекшілер | 65 | 56 | 9 | 65 | |
| Мамандар | 245 | 137 | 108 | 245 | |
| **Өндірістік персонал** | 4 618 | 3 870 | 748 | 1 179 | 3 439 |
| Жетекшілер | 236 | 203 | 33 | 236 | |
| Мамандар | 943 | 668 | 275 | 943 | |
| Жұмысшылар | 3 439 | 2 999 | 440 | | 3 439 |

«Ембімұнайгаз» АҚ-да еңбек өтілінің көп бөлігін мұнай саласының ауыр жағдайларында жұмыс істеген немесе денсаулығы сыр берген қызметкерлер үшін 58 жастан бастап зейнетке мерзімнен бұрын шығу бағдарламасы іске асырылады.

Ондаған жылдар бойы атқарған жұмысының ішінде Компанияда берік дәстүрлер және ұрпақтар сабақтастығымен қалыптасқан. Еңбек әулеттері «Ембімұнайгаз» АҚ тұрақты ұзақ мерзімді дамуының негізі болып табылады. Бүгінгі таңда Компанияда 20-дан астам отбасы әулетінің өкілдері еңбек етуде, онда үш және одан көп буыны өз өмірлерін мұнайшы деген қиын кәсіппен байланыстырды. Солардың кейбіреулерінің жалпы жұмыс өтілі 200 жылды асырады. Солардың ішінде Жылкышиевтар, Курманкуловтар, Торехановтар, Салиевтер, Кулбалиевтер, Бекмурзиевтар, Ондашевтар, Бешимовтар, Корпебаевтар, Уалиевтер, Бисенбаевтар, Жакашевтер, Айдабековтар, Раимбергеновтар, Бажбеновтар, Канатбаевтар, Жанаисовтар, Мангистауовтар–Ержангалиевтер, Балғымбаевтар және Балжановтар әулеті.

**Персонал саны,** ад.




**Персоналдың тұрақтамауы,** %



# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Кадрлық саясат

**2019 жылдың 31 желтоқсанындағы Компания қызметкерлерінің өтілі,** ад.




**2019 жылдың 31 желтоқсанындағы мұнай-газ саласы қызметкерлерінің өтілі,** ад.




**2019 жылдың 31 желтоқсанындағы персоналдың санаттар бойынша құрылымы,** ад.




**2019 жылдың 31 желтоқсанындағы қызметкерлердің жастық құрылымы,** ад.




### Персоналды оқыту және дамыту

«Ембімұнайгаз» персоналын оқыту және дамыту қызметкерлер әлеуетін үздіксіз дамыту, жоғары білікті қызметкерлерді ұстап қалу, жинау жүйесін құру және қызметкерлер білімі мен дағдыларының деңгейін көтеру және оларды тұрақты қызметте тиімді қолдану арқылы жоғары білікті басқару, әкімшілік ету және өндірістік персоналды Компания қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен жүзеге асырылады.

Компанияда оқытудың келесі түрлері өткізіледі:

1. техникалық тәртіпті оқыту;
2. қаржылық-экономикалық тәртіпті оқыту;
3. тілді оқыту;
4. жалпы сипаттағы пәндерді оқыту;
5. магистрлік, мамандандырылған, модульдік бағдарламалар бойынша оқыту;
6. жұмыс орнында қолданылатын техникалық амалдар мен дағдыларды оқыту;
7. қауіпсіздік техникасын, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды оқыту.

Жұмыс орнында қысқа мерзімді курстар мен оқыту, Компанияның басқа құрылымдық бөлімшелерінде немесе басқа компанияларда тағылымдама жүргізіледі, Интернет және/немесе басқа байланыс түрлерін қолданып қашықтан оқыту қолданылады. Сонымен бірге конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, форумдарға, симпозиумдарға, конгрестерге, көрмелерге қатысу ұйымдастырылады – бұл тәжірибе жинақтауға және ой-өрістің кеңеюіне, соңғы жетістіктер мен технологиялармен, жаңа тәсілдермен және идеялармен, басқа компаниялардың нәтижелі тәжірибесімен және әзірлемелерімен танысуға жағдай жасайды, сондай-ақ

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Кадрлық саясат | Персоналды оқыту және дамыту

Компания үшін тиімді серіктестік қатынастарды орнатуға көмектеседі.

2019 жылы 4 622 қызметкер қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті оқудан өтті, 504 қызметкер – фонтанға қарсы қауіпсіздік бойынша оқудан өтті, 798 қызметкер – жұмысшы мамандықтар бойынша оқудан өтті, 1 663 қызметкер – техникалық семинарларда, бизнес-тренингтерде, қаржыгерлерге арналған семинарларда және т. б., соның ішінде 10 қызметкер EMBA/MBA бағдарламалары бойынша оқудан өтті.

### Модульді оқытуды ұйымдастыру

Орта буынның жетекшілерін оқыту және дамыту мақсатында өндірістік процестерді жоспарлау және жақсарту бойынша оқудан, басқару дағдыларын оқудан тұратын модульдік бағдарламалар әзірленді. Бағдарламаны аяқтағаннан кейін қатысушылар өндірістік процестерді жақсарту бойынша өз жобаларын ұсынды.

2015–2019 жылдардағы кезең ішінде модульдік оқу бағдарламаларына негізгі цех басшылары, учаске шеберлері, геологтар, қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженерлер санынан 350-ден астам қызметкер қатысты. 2019 жылы 70 қызметкер коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша модульдік оқудан өтті.

Қызметкерлердің біліктілігі мен жеке басының қасиеттерін дамытудың тиімді жүйесі шегінде басқарушы директорларға, департамент директорларына, орынбасарларға, қызметтер басшыларына тест-сценарий және жеке-дара сауалнама бойынша бағалау жүргізілді, оған барлығы 60 басшы қатысты. Бағалау нәтижелері бойынша ұсынымдар және тест-сценарий мен жеке-дара сауалнама бойынша есептеме дайындалды, негізгі лауазымдар үшін оқыту жоспары әзірленді.

2019 жылы департамент директорлары, олардың орынбасарлары және қызметтер басшылары үшін «Тиімді басшы» бағдарламасы бойынша модульдік оқыту ұйымдастырылды.



# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

Кадрлық саясат | **Кадр резервін құру және дамыту**

## Кадр резервін құру және дамыту

«Ембімұнайгаз» АҚ-да құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің орнын басуға арналған кадр резерві құрылады. Кадр резервін құру мақсаты Компанияда лауазымдардың орнын ауыстыру үшін кадрларды іріктеуге, орналастыруға байланысты қатерлерді азайту, қызметкерлердің сапалық құрамын жақсарту, мақсатты іріктеу негізінде басқару тиімділігін арттыру және аса перспективті жетекшілерді, мамандарды оқыту болып табылады.

Кадр резервісінің және мансаптық өсудің құрылған жүйесі төменде аталғандарға мүмкіндік береді:

- басқарудың барлық жүйесіне сенімділікті қамтамасыз етуге, басқарудың жоғары және орта буын лауазымына кадрларды іріктеу және орналастыру барысында кездейсоқтық және субъективтілік элементтерін барынша азайтуға;
- стратегияға сәйкес Компанияны дамытуға дайын әлеуетті қызметкерлерді анықтауға, қызметкерлер ынтасын көтеруге, мансаптық өсу мүмкіндігін ұсыну арқылы қызметкерлерді ұстап қалуға, өзін-өзі таныту перспективаларын күшейтуге;
- жетекшілер мен мамандарды оңтайлы орналастыруға немесе алмастыруға қол жеткізуге, жетекшілік ететін қызметкерлерді тағайындау барысында кадрлық тәуекелдерді азайтуға (қызметіне бейімделген кезі).

Жоспарлы кадрлық резервке 35 үміткер және перспективалы кадрлық резервке 25 үміткер қатысқан кешенді бағалау қорытындылары бойынша кадрлық резервтің жаңа құрамы құрылды:

- басқарушы директорлардың, ӨҚБ бастықтарының, бас инженерлердің негізгі лауазымдарына жоспарлы резерв (жаңа іріктеме) – 6 резервші;
- орта буын басшыларының позицияларына жоспарлы резерв (қайта бағалау) – 8 резервші;
- перспективалық резерв (жаңа іріктеме) – жас мамандар ішінен 13 резервші.

ӘБА және ӨҚБ 97 қызметкері, соның ішінде 27 кадрлық резервші үшін «Ораторское искусство 2.0» («Шешендік өнер 2.0») (тренері Радислав Гандапас) тренингі ұйымдастырылды. Кадрлық резервшілер сондай-ақ «Управление изменениями. Лидерство» («Өзгерістерді басқару. Көшбасшылық»), «Жесткие переговоры» («Қатаң келіссөздер») тренингтерінен өтті.

2019 жылы жоғары лауазымдарға жоспарлы резервтен 1 қызметкер және перспективалық резервтен 3 қызметкер тағайындалды.

## Персоналды ынталандыру

«Ембімұнайгаз» АҚ біліктілігі мен нәтижелілігі Компанияның өз миссиясын табысты орындауын және бизнес-мақсаттарға жетуін қамтамасыз ететін қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру мақсатымен қызметкерлерді атқарушылық тәртібін ынталандырудың және арттырудың тиімді жүйесін құру және үздіксіз дамыту бағытында көп жұмыс атқарады.

Ынталандыру және атқарушылық тәртіп саласында негізгі міндеттер болып келесілер табылады:

- Компанияның барлық қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуге бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету және еңбекпен қол жеткізілген нәтижелердің және әділ сыйақының сәйкес келуі;

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Кадрлық саясат | Персоналды ынталандыру

- марапат пен сыйлық жүйелерін дамыту, соның ішінде, жаңа технологияларды құру және енгізу, дамыту жобаларын іске асыру, негізгі қаржылық-экономикалық, әлеуметтік-еңбек және басқа мәселелерді шешу;
- қызметкерлер алдына қойылған міндеттерді орындау сапасын бақылауды күшейту;
- Компанияда әзірленген және енгізілген басқарушы құжаттар жөнінде қызметкерлердің хабардар болуын арттыру;
- басымдылықтарды және орындау мерзімдерін көрсете отырып, қызметкерлер алдына қойылған міндеттер процесін автоматтандыру, оларды орындауды қатаң түрде бақылау.

### «Лучший по профессии – 2019» (кәсібіндегі ең үздік – 2019) конкурсын ұйымдастыру және өткізу

Қызметкерлердің, соның ішінде жас мамандардың ынтасын арттыру мақсатында жыл сайын «Лучший по профессии» кәсіби шеберлік конкурсы өткізіледі. Жеңімпаздар ақшалай сыйақысы бар дипломдармен марапатталады.

2019 жылы конкурстың 3-ші турына қатысуға дайындық аясында 15 жұмысшы үшін жұмыс кәсіптері бойынша «КДО-Татнефть» ҚКБ ЖБМ-де оқыту ұйымдастырылды.

3-ші тур КДО-Татнефть (Альметьевск) базасында ҚМГ ЕТҚ қызметкерлерінің арасында өтті. Оған




«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 18 қызметкері 13 жұмыс кәсіптері бойынша қатысты.

3-ші турдың қорытындылары бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері бес жұмыс кәсіптері бойынша алты жүлделі орынға ие болды:

- Технологиялық қондырғылар операторы
- Электрмонтер
- Мұнай және газ өндіру жөніндегі оператор
- Қаттық қысымды сақтау жөніндегі оператор
- Тауарлық оператор.

### Қызметкерлерді марапаттау және көтермелеу

2019 жылы еңбектегі жетістіктері үшін 2 229 еңбек ардагері және 1 036 қызметкер мемлекеттік және ведомстволық сыйақылармен марапатталды және мадақталды.

Соның ішінде қазақстандық мұнайдың 120-жылдығына орай «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен ардагерлері де марапатталды:

- «Құрмет» орденімен – Жумагалиева Куляш Утеуовна, «Ембімұнайгаз» АҚ еңбек ардагері;
- «Ерен еңбегі үшін» медалімен – Адилов Сатыбалды, «Ембімұнайгаз» АҚ еңбек ардагері, Сулейменов Амангельди Таскинбаевич, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бастығы;
- Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен – Естлеуов Болат Умбеткалиевич, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Ақінген мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы.

ҚР Энергетика министрлігінің «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерейтойлық медалімен 2 229 еңбек ардагері және 665 қызметкер марапатталды.

ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Ерен еңбегі үшін» медалімен «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай МГӨЦ электргаздәнекерлеушісі Курманкулов Мурат Койшекенович, және «Жылыоймұнай-

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]
Әлеуметтік жобалар | **Жастармен жұмыс**

газ» МГӨБ Прорва кен орындары тобын игеру жөніндегі өндірістік басқармасының жетекші геологы Аязбаева Гулнар Наурызгалиевна марапатталды.

## Әлеуметтік жобалар

### Жастармен жұмыс

2019 жыл ҚР Тұңғыш Президентінің бастамасы бойынша Қазақстанда Жастар жылы болып жарияланды. «Ембімұнайгаз» АҚ жастарды қолдау мәселелеріне әрдайым ерекше көңіл бөледі. Ембі мұнайшыларының ұрпақтар сабақтастығы және әлеуметтік жауапкершілік аясында Компанияда жас мамандардың кәсіби және жеке әлеуетін дамыту бойынша жобалар іске асырылады.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да 33 жасқа дейінгі 694 жас маман, соның ішінде 66 – әкімшілік-басқару персоналына және 628 – өндірістік персоналға жататын жас маман жұмыс істейді.

2013 жылы Компанияда Жастар кеңесі құрылды және қазіргі сәтте оның құрамына басқару аппаратынан және өндірістік құрылымдық бөлімшелерден 700 жас маман кірген. Бүгінгі күні Ембі жастары Жас мамандар кеңесінің үйлестіруімен кәсіпорынның қоғамдық өміріне де, әлеуметтік және қайырымдылық жобаларға да белсенді қатысуда.

Былтырғы жылы Компания басшысының жан-жақты қолдауының арқасында Жастар кеңесі кәсіби және жеке өсу, зияткерлі даму және спортты қолдау бойынша жас мамандарға арналған 15 іс-шара, сондай-ақ бірқатар қайырымдылық жобалар іске асырылды. Атап айтқанда, жас мамандар өткен жылы мұнай-газ саласының 120-жылдық мерейтойының аясында өткізілген мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға айтарлықтай үлес қосты.

#### Оқыту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу

2019 жылы Жас мамандар кеңесінің құрамындағы 9 қызметкер «НЕконференция для молодых специалистов КМГ» жастар слетына қатысты.



01 Компания профилі
02 Даму стратегиясы
03 Менеджмент есебі
04 Корпоративтік басқару
05 Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп
06 Қосымша. Қаржылық есептілік

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Әлеуметтік жобалар | Жастармен жұмыс

Жұмыста ерекше нәтиже көрсеткен 19 жас маман «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұйымдастырған рекреациялық бағдарламаға қатысты. Бағдарлама «Bonas Macfarlane Education Kazakhstan» білім беру орталығымен бірлесіп әзірленген және қызметкерлерге сауығуға және ағылшын тілін практика жүзінде білуін жақсартуға мүмкіндік береді.

### «Ембімұнайгаз» АҚ жас мамандары күні

Қазақстандық мұнайдың 120-жылдығына орай және ҚР-ғы Жастар жылының аясында 2019 жылдың 8-10 карашасында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 120 жас маманы қатысқан «Жас мамандар күні» форумы ұйымдастырылды.

Іс-шара Компания құндылықтарын жас мамандарға жеке тәжірибе арқылы дарыту; құрметтеу, сену және тиімді тұлғааралық коммуникацияларды қалыптастыру; жас мамандарды ұқыпты өндіріс негіздерімен таныстыру мақсатымен өткізілді.

Сонымен қатар жас мамандар үшін «Ембімұнайгаз» АҚ корпоративтік мәдениетінің бесінші элементін іздестіру жолында «Личная эффективность», «Командообразование», «Основы бережливого производства Kaizen», «Jas Mamandar Kuni (JMK)» тренингтері өткізілді.

### Президенттік жастар кадрлық резерві

Жас мамандар персоналды және еңбекақы төлеуді басқару департаменті директорының орынбасары Ауганов Гибрат Кайратович, қазынашылық департаментінің аға талдаушысы Кабдрашитов Азат Рашитович Президенттік жастар кадрлық резервіне енгізілген.

### 2019 жылдың ең үздік мұнайшысы

Тағы бір жас маман, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ масштабында «Лучший по профессии – 2019» конкурсында 2-ші орынға ие болған «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай МГӨЦ қаттық қысымды сақтау бойынша учаскенің қаттық қысымды сақтау жөніндегі операторы Елеулиев Берекет



**Бейнебаян**

ЕМГ жас мамандары күні

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Әлеуметтік жобалар | Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

Мадиевич «2019 жылдың ең үздік мұнайшысы» номинациясында «Жыл көшбасшысы» мұнайлы астана сыйлығының иегері атанды.

### Қазақстандық мамандарды дайындау

Компания келісім шарттық міндеттемелер аясында қазақстандық мамандарды дайындау бөлігінде әлеуметтік жобаларға айтарлықтай қаражатты бөледі. 2015 жылдан бастап Компанияда негізінен қосарлы оқыту бойынша жоба іске асырылып келеді.

Бағдарламаға қатысушылар:

- С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті (АМГУ)
- APEC Petrotechnic (APEC) жоғарғы колледжі
- Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университеті (УММТУ)
- С. Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғарғы колледжі (АПЖК)
- Мақат технологиялық мұнай және газ колледжі (МТМГК).

2015 жыл мен 2019 жылды қоса алғандағы кезеңде 117 студент қосарлы оқудан өтті, соның ішінде 41 студент 2019 жылы оқыды.

Қосарлы оқыту бойынша жобаны іске асыру кезеңінің ішінде тестілеу нәтижелері бойынша 52 адам «Ембімұнайгаз» АҚ-на жұмысқа тұрғызылды. Басқа компанияларға жұмысқа орналасқандар саны – 44 адамды құрады. Жалпы қосарлы оқыту түлектерінің 82% жұмыспен қамтылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ сондай-ақ Қазақстан мен таяу шетелдің жоғары және орта кәсіби оқу орындарымен қазақстандық мұнай-газ саласының мамандарын даярлау мәселелері жөнінде тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Жер қойнауын пайдалануға келісімшарттық міндеттемелер шегінде «Ембімұнайгаз» АҚ өз қаражаттары есебінен 101 студенттің оқу ақысын төледі. Қазақстандық және шетелдік жоғары және орта оқу орындарының 80 астам студенті мен білім алушылары «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында өндірістік тағылымдамадан өтті.

Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің (АМГУ) бастамасы бойынша және «Ембімұнайгаз» АҚ қолдауымен 2019 жылдың 30 қазанында АМГУ бір топ оқытушыларының «Ембімұнайгаз» АҚ объектілеріне баруы ұйымдастырылды. Бұл сапар барысында оқытушылар Визуалдау орталығына, интерактивті мұражайға барып қайтты, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнайкәсіпшілік объектілерімен және өндірістік үдеріс барысында қолданылатын жаңа технологиялармен және техникамен танысты.

2019 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ мен Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғарғы колледжінің (АПЖК) арасында оқытушылардың өндірістік практикасы жөнінде меморандум жасалды.

## Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

Компания өз қызметкерлеріне әлеуметтік қорғаныстың жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді. Ұжымдық шарт кепілдіктер мен жеңілдіктерді, өтемақыларды және материалдық көмекті төлеуді қарастырады. Көп көңіл әрбір қызметкердің елеулі проблемаларын шешуге бөлінеді, бұл: еңбек демалысында сауығып кетуге материалдық көмек, жүктілікке және босануға байланысты төлемдер, баланың 1,5 жасқа толғанша балаға күтім жасау бойынша демалыста болған қызметкерлерге ай сайынғы төленетін төлемдер, жерлеу рәсімін ұйымдастыруға қызметкердің қайтыс болуына байланысты бір жолғы төлем, өндірісте жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болған қызметкер отбасына бір жолғы төлем, қызметкерлер балаларының де-

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Әлеуметтік саясат

малысын төлеу, қызметкердің шипажайлық-курорттық емдеуге шығындарды өтейді, еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы, мәдени-көпшілік және спорт шараларын ұйымдастыру, қызметкерлердің тамақтануын ұйымдастыру және т. б.

Компания сонымен қатар ауырып қалған жағдайда ерікті медициналық сақтандыруға әлеуметтік кепілдік береді. Емдеуге және медициналық операциялар төлеміне, егер емдеуге шығатын шығындар сақтандыру бағдарламасымен белгіленген лимитті асыратын болса, қызметкерлерге ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес материалдық көмек қарастырылған.

2019 жылы Ұжымдық шарт талаптары бойынша материалдық көмек 1,04 млрд теңгені құрады. Атап айтқанда, шипажайлық-курорттық емдеуден 391 млн теңге жалпы сомаға 1 542 адам өтті, қызметкерлердің 1 454 балаларының демалысына 426 млн теңге бөлінді.

## Әлеуметтік саясат

«Ембімұнайгаз» АҚ 2019 жылы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау бойынша ерікті және өтеусіз негізде әлеуметтік-маңызды жобаларды іске асырғаны үшін «Туған өлке» номинациясында «Жомарт жүрек» сыйлығына ие болды. Компания жергілікті қоғамдастықтар мен қызметкерлерді қолдауға әрдайым ерекше көңіл бөледі.

Қазақстандық мұнайдың 120-жылдығы қарсаңында Қарашұңғыл мекенінде, 1899 жылы қазақ жерінде алғашқы мұнай фонтанын берген №7 тарихи ұңғыма орнында «Ембімұнайгаз» АҚ

**Бейнебаян**
Қарашұңғыл



# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Әлеуметтік саясат

басшылары мен қызметкерлері алғашқы Ембі кәсіптерінің еңбеккерлерін еске алды. Салтанатты шараға Жылыой ауданының басшылығы, серіктес-компаниялардың өкілдері және мұнай-газ саласының ардагерлері қатысты.

Сонымен қатар, қазақстандық мұнайдың 120-жылдығына орай «Ембімұнайгаз» АҚ қазақша күрестен «Мұнайшы Барысы» турнирін ұйымдастырды. Ең мықты Ембі мұнайшысы атағы үшін 90 кг астам абсолюттік салмақтық категорияда өндірістік құрылымдық бөлімшелердің 20 қызметкері күресті.

2019 жылғы 1 қыркүйекте Атырау мұнай және газ университетінің студенттік кампус аумағында әйгілі қазақстандық мұнайшы, Батыс Қазақстан кен орындарын тұңғыш ашушы Сафи Өтебаевтың «Ембімұнайгаз» АҚ қолдауымен тұрғызылған ескерткішін ашу салтанаты өтті.

Сол күні С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде «Ембімұнайгаз» АҚ ұйымдастырушылық және қаржылық қолдауымен қазақстандық мұнайдың 120-жылдығына ұштастырылған «Казахстанская нефть: прошлое, настоящее и будущее» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Қыркүйек-қазан айларында Компанияның барлық бөлімшелерінде қазақ ақын қызы, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлық лауреаты Фариза Оңғарсынованың 80-жылдығына орай шығармашылық конкурстар өткізілді. Жеңімпаздар Мәскеу қ. өткен «Современник» театрындағы «Фариза» спектакліне сапарға қол жеткізді.

Былтыр «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы Атырау облысының Құрманғазы, Исатай, Қызылқоға, Жылыой және Мақат аудандарының көпбалалы және аз қамтылған сегіз отбасына қызметкерлердің бір күндік жалақысына сатып алынған баспаналарды сыйға берді.

Ембішілер «Арыс. Біз біргеміз» республикалық акциясына қатысты. Компания қызметкерлері бөлген ерікті жәрдемге жарылыстардың нәтижесінде зардап шеккен Арыс қ. 16 мектебінің аз қамтылған отбасылардан шыққан 400 астам оқушысына мектеп киімі жиынтықтарын сатып алып, тапсырды.

«Ембімұнайгаз» АҚ «Мектепке апарар жол» республикалық акциясын алғашқылардың бірі болып бастады. Ұжым жинаған қаражатқа Атырау облысының көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 70-ке жуық оқушысы мектеп киімімен және мектеп керек-жарақтарымен қамтамасыз етілді.

Жаңа жылдың қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде қолдан жасалған заттар мен пісірмелер сатуға шығарылған қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеден түскен қаражаттарға Атырау облысының халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарынан шыққан 200 астам балаларына жаңа жылдық сыйлықтар сатып алынды және тапсырылды.

Компания Атырау облысында инфрақұрылымды дамытуға 2019 жылға арналған Әлеуметтік бағдарламаға сәйкес 126,481 млн теңге бөлді және 2020 жылға 131,318 млн теңге бөлуді жоспарлап қойды.

**Бейнебаян**
Ембі мұнайшылары Арыстағы 400-ден астам оқушыны киіммен қамтамасыз етті

**Бейнебаян**
Ембінің дәстүрлі қайырымдылық жәрмеңкесі

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Әлеуметтік саясат

### «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының 2019 жылғы атқарған жұмысы туралы қысқаша мәлімет.



2018 жылдың 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнінің қарсаңында «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының «Мұнайшы  қыз» әйелдер клубы құрылды.

«Мұнайшы қыз» әйелдер клубын құрудағы мақсатымыз - ембілік мұнайшы қыздардың жан-жақты дамуына жол ашу, оларға қажеттілігіне орай  психологиялық, медициналық және заң тұрғысында кеңестер беру. Бұл орайда клуб мүшелері компанияға қарасты барлық басқармаларда тренингтер, семинарлар мен тәрбиелік мәні зор көпшілік шараларды тұрақты өткізіп тұрады. 2019 жылы аталмыш клуб мүшелерінің ұйымдастыруымен оң нәтижиелерін тапқан кейбір шараларға қысқаша тоқталып өтсем.

2019 жылы наурыз айында «Мұнайшы қыз» әйелдер клубынын құрылғанына 1 жыл толуына орай «Мұнай-газ саласындағы әйелдердің ролі» тақырыбында KAZENERGY әйелдер энергетикалық клубының көшпелі жиыны Ембі алаңында өтті. Мұнайгаз компанияларындаға гендерлік саясаттың дамуы бойынша тәжірибе алмасу мақсатында өткен көшпелі жиынға еліміздегі энергетика саласында-мұнайгаз секторында еңбек етіп жатқан белсенді қыз-келіншектер бас қосты . Бірлескен жұмысты жандандыру мәселесі күн тәртібіндегі негізгі мәселе болды. Форумға  еліміздегі іргелі кәсіпорындар, атап айтсам KAZENERGY Ассоциациясы, Халық Банкі, Тенгизшевройл, NCOC, Атырау мұнай өңдеу заводы, «Қаражанбасмұнай», «Маңғыстаумұнайгаз», «ҚазГерМұнай», Атырау облыстық іскер әйелдер қауымдастығы, Атырау облыстық әкімшілігі және тағы басқа кәсіпорындардың делегациясы қатысты. Форумның жұмысында отбасылық құндылық, ұрпақ тәрбиесін жандандыру мәселелері де кеңінен айтылды.  Форум шын мәнісінде шынайы  пікірталас орын алған ашық диалог алаңы бола алды деп қорытуымызға әбден болады. Бүгінде ұжымның 20 пайызға жуығын құрап отырған ембілік мұнайшы қыздардың жан-жақты дамуына, олардың отбасылық татулықты сақтау жолында еңбек пен жанұя бірлігін ұштастыра білулеріне керекті кеңестер де берілді.

**Бейнебаян**
«Мұнайшы қыз» 2019

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Әлеуметтік саясат

«Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен кең масштабта өткен тағы бір шара – Қазақ елінің айбынды ұлы Бауыржан Момышұлының өмір жолын жұртшылық арасында кеңінен насихаттап жүрген жазушы, қазақи салт-дәстүрлерді насихаттаушы Зейнеп Ахметовамен болған кездесу. Компанияның алты басқармасының ұжымы ортасында кездесу шарасында ұлттық иделогия, ұрпақ тәрбиесі.ерлі-зайыптылардың арасындағы сыйластық т.б. мәселелер кеңінен әңгіме өзегіне айналды. Жазушы мұнайшы қыздардың тарапынан болған сауалдарға да барынша ашық, тұщымды жауап беруге тырысты. Мұнайшы қыздардың мына қоғамда белсенділігін арттыру, талантты, білімді қыздардың табысты еңбектерінің арқасында карьера сатысымен көтерілуі, тұрмыста да қоғамдық өмірде де әйелдердің белсенділігін арттыру арқылы табысты әйелден саналы ұрпақтың қанаттануы тағысын тағылар тақырыпқа қарай өрбіп отырды.

2019 жылдағы айта кету керек тағы бір мәселе, ақын, көзінің тірісінде «Қазақ поэзиясының падишасы» атанған Фариза Оңғарсынованың 80 жылдық мерейтойы Ембі өндірісінде үлкен дайындықпен өтті. Ақынды еске алу мақсатындағы шарада ембілік мамандар өздерін әр қырынан көрсете білді десек те болады. Ембі өндірісінде жүрген мұнайшылар, қызметкерлер осы шарада өздерін мүлдем басқа болмыста көрсете білгенін көріп, Ембі өндірісі талантты жандарға толы екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Осы



шарада тамаша өнерлерін көрсеткен жеңімпаздар Москва қаласында ҚР елшілігінің ықпалымен өткен «Фариза» атты қойылымға қатысып қайтты. Бұл үнемі дала төсінде еңбек етіп жүрген біздің мамандарға ерекше серпін берері даусыз.

Компанияға қарасты «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының жұмысына алдағы уақытта да тиісті деңгейде қолдау болатынын атап өткім келеді. Біз мұнайшы қыздарға қолдау жасау арқылы, ұрпақ тәрбиесі мен отбасылық құндылықты сақтауға аздап та болса үлес қосамыз деп ойлаймыз. Себебі, табысты әйелден ғана саналы ұрпақ өрбиді. Ал, саналы ұрпақ еліміздің ертеңі. Отбасында татулық жарасымын тапқанда ғана адамның еңбегі табысты болмақ. Осыны ұмытпау керек.



# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы саясат

## Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

«Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарының басым бөлігі игерудің соңғы кезеңіне жетіп қалған. Компания мұнай өндіруді сонау 1899 жылдан бастап жүргізіп келеді. Мұндай жағдайларда қоршаған ортаны қорғау, өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері ерекше мәнге ие болады – және Компания басшылығы осы мәселелерге айрықша көңіл бөледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша стратегиясына келесі негізгі бағыттар жатады:

### Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

**Мақсаттары:**

- Жұмыс уақытын жоғалтумен байланысты оқиғалар санын азайту (LTI).
- Өндірісте оқыс оқиғалар мен жазатайым оқиғаларды болдырмау.
- Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту.

### Қоршаған ортаны қорғау

**Мақсаттары:**

- Атмосфераға бөлінетін шығарындыларды азайту.
- Ағынсулар шығарындыларының сапасын арттыру.
- Өндіріс қалдықтарын басқару.
- Төгілген мұнайды жою және мұнаймен ластанған жерлерді тазалау.

### Денсаулықты сақтау

**Мақсаттары:**

- Өндірістік факторлардың персоналдың денсаулығына әсерін азайту.
- Дәрігерге дейінгі сапалы және шұғыл медициналық көмекті көрсету.

«Ембімұнайгаз» АҚ ұлттық мұнай-газ Компаниясы болып табылады және де көмірсутектерді барлау мен шығарудан, оларды тасымалдау мен қайта өңдеуден бастап мамандандырылған сервистік қызметтерді көрсетуге дейін толық өндірістік циклды жүзеге асырады. Компания өндірістік қызметтің барлық кезеңдерінде қауіпсіз жұмыс ортасын құру және сақтау, экологияға кері әсерді барынша азайту үшін қызметкерлердің және қоғамның алдындағы өз жауапкершілігін толық көлемде түсінеді.

Өндірістік циклдың барлық кезеңдерінде Компания өндірістік қауіпсіздіктің ең жоғарғы стандарттарын сақтауға ұмтылады және еңбекті қорғауды басқару, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жүйесін өндірісті басқарудың негізгі элементі ретінде үздіксіз жетілдіруге бағытталған. Компания өндірісте жазатайым жағдайларды, апаттарды және мұнайдың төгілуін толықтай болдырмауға, қоршаған ортаға кері әсерді барынша азайтуға тырысады.

## Өндірістік қауіпсіздік

Өндірістік қауіпсіздік Компания басшылығы үшін басымдылықтарының бірі болып табылады. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік қызметі жоғары қауіпке байланысты, және «Ембімұнайгаз» АҚ персонал үшін оқиғалар мен басқа қатерлер өміріне қауіпті қатерлерді азайтуда белсенді жұмыс жүргізеді.

2019 жылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау аясында шаралар бойынша

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]
## Қоршаған ортаны қорғау

шығындардың жалпы сомасы 1,3 млрд теңгені құрады.

Жыл сайын еңбекті қорғау саласында жұмыстарды ынталандыру мақсатында жұмыстарды жақсы дәрежеде ұйымдастыруға, цехтар және негізгі және қосалқы өндіріс учаскелері арасында өндіріс эстетикасын арттыруға байқау-конкурс өткізіледі.

Тоқсан сайын өндірістік – құрылымдық бөлімшелерде еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда шеберлерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Шеберлер күні» өткізіледі, онда қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдардың, бөлімдердің мамандарын дәріс оқушысы ретінде шақырта отырып, лекциялар және семинарлар ұйымдастырылады. Бұл күндерде шеберлер мен өндірістік цехтардың және учаскелердің механиктері арасында қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды жақсы дәрежеде ұйымдастыруға конкурстар өткізіледі, жеңімпаздар ақшалай түрде марапатталады.

Айрықша қауіпті жұмыстарды сату және қызметкерлер өмірі мен денсаулықтарын сақтау барысында ауа райы жағдайынан апаттарды алдын алу және ескерту мақсатында аудан бойынша тәулік бойы метеошарттар туралы ақпаратты беру бойынша қызметтер сатып алынады.

Еңбекті қорғау саласындағы жұмыстың маңызды бағыты қызметкерлерді еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттармен қамтамасыз ету, ЕҚжӨҚ жөніндегі журналдарды жасап шығару, өндірістік объектілерді ескерту плакаттарымен және қауіпсіздік белгілерімен қамтамасыз ету болып табылады.

Міндетті медициналық тексеру және қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезіндегі жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру жүргізіледі.

Мұнай-газ-су біліністерінің, ашық газ және мұнай фонтандарының пайда болуының алдын алу және олардың жою бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу қызметтері сатып алынады. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шегінде жұмыстар жүргізіледі.

2019 жылдың ішінде АҚ өндірістің құрылымдық бөлімшелерінде бес жазатайым жағдай орын алды. Барлық жағдайлар бойынша жан-жақты талдау жүргізілді, қорытынды жасалды және олардың қайталануына жол бермеу мақсатымен шаралар қабылданды. Адамның қайтыс болуына алып келген жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ.

## Қоршаған ортаны қорғау

Компания экологиялық құрамдас бөліктеріне (ауа, су, топырақ және т. б.) мониторинг жүргізу бойынша тұрақты жұмыстар жүргізеді. Қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қызмет процесінде оның ластануын алдын алу қоршаған табиғат ортасының құрамдас бөліктеріне болжамды әсерді анықтауға, ықтималды әсерді азайтуға әкелетін табиғатты қорғау шараларын әзірлеуге әкеледі.

Өндірістік циклдың әр кезеңінде (көмірсутектерді барлау мен шығарудан, оларды тасымалдау мен қайта өңдеуден бастап мамандандырылған сервистік қызметтерді көрсетуге дейін)

01 Компания профилі
02 Даму стратегиясы
03 Менеджмент есебі
04 Корпоративтік басқару
05 Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп
06 Қосымша. Қаржылық есептілік

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Қоршаған ортаны қорғау | Атмосфералық ауаға тигізетін әсері

«Ембімұнайгаз» АҚ қоршаған ортаға кері әсерді барынша азайтуға, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалануға ұмтылады.

### Атмосфералық ауаға тигізетін әсері

Компания тоқсан сайын сынамаларды іріктеп алу арқылы атмосфераға бөлінетін ластайтын заттарға жүйелі түрде мониторинг және бақылау жүргізіп тұрады.

Ілеспе мұнай газын дамыту және қайта өңдеу бағдарламасының аясында 2013 жылы «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кен орнында және 2014 жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ С. Балғымбаев кен орнында газ дайындайтын қондырғылар қолданысқа енгізілді. Осы өндірістік объектілерді қолданысқа енгізудің нәтижесінде пештердегі ілеспе газды жандыру көлемі, стационарлық ластану көздерінен атмосфераға бөлінетін шығарындылардың пайда болуы азайтылады.

Осы жобаны іске асыру аясында «Ембімұнайгаз» АҚ мен Атырау облысы әкімдігінің арасында тауарлық газды Атырау облысының қорғалмаған халық топтарына арзан бағамен беру туралы Меморандумға қол қойылды.

2017 жылы қуаттылығы жылына 150 млн $м^3$ құрайтын Прорва кен орындары тобының ілеспе мұнай газын күкірттен тазарту қондырғысы (ГКДҚ) іске қосылды. Жоба ілеспе мұнай газды күкіртсутектен тазартуды көздейді. Қондырғыда: тауарлық газ, тауарлық түйіршіктелген күкірт, тұрақты газ конденсаты шығарылатын болады.

2019 жылдың ішінде ластағыш заттардың үлестік жалпы шығарындылары шығарылатын бір тонна КСШ-ға шаққанда 0,0011 тонна ЗВ/жыл құрады.

#### Парниктің газдардың ($CO_2$) атмосфераға шығарылуы

«Ембімұнайгаз» АҚ негізгі өндірістік қызметі мұнай өндіру, кен орындарында көмірсутек шикізатын жинау және тауарлы өнімге дейін дайындау болып табылады. «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік қызметі міндетті түрде атмосфераға тікелей парниктік әсері бар шығарындылармен: көміртек диоксидімен ($CO_2$), метанмен ($CH_4$) және азот шала тотығымен ($N_2O$) байланысты.

Өндірістік үдеріс шегінде ластағыш заттар шығарындыларының негізгі көздері мұнайды қыздыру пештері, қазандықтар, факелдік қондырғылар, дизель электр станциялары, жылжымалы пісіру агрегаттары болып табылады.

Парниктің газдар шығарындыларына (шығарындыларды есептеуге арналған параметрлерге) мониторинг жүргізу мақсатымен кәсіпорында қызмет қарқындылығының өзгерістері туралы ақпарат, қондыру (үдеріс) параметрлері жинақталады және шығарындылар көлемінің көбеюіне жол бермеу бойынша қажетті шараларды уақтылы қабылдау және оларды азайту шараларын орындау үшін парниктік газдар шығарындыларының тиісті деңгейіне бақылау жүргізіледі.

### Ілеспе газды кәдеге жарату

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның мақсаты кен орындары факелдерінде ілеспе мұнай газдың жануын азайту және кейіннен 100% болдырмау болып табылатын ілеспе мұнай газды кәдеге жарату бойынша бірқатар бағдарламалар іске асырылды.

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Қоршаған ортаны қорғау | **Жердің ластануын алдын алу**

Бағдарламаларды іске асыру көптеген экологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді: атмосфераға шығарындыларды азайту, газ тәрізді шығарындылардың парниктік әсерге үлесін азайту, ілеспе газды нормадан тыс жандыру үшін айыппұлдарды салдырмаудың арқасында экологиялық тәуекелдерді азайту.

2017 жылдың маусымында Компания ірі жобаны – қуаттылығы жылына 150 млн $м^3$ құрайтын Прорва кен орындары тобының газын кешенді қайта өңдеу қондырғысын іске қосты. Ілеспе мұнай газды дайындаудың технологиялық сызбасы газды күкіртсутектен аминдік тазарту, төмен температуралы конденсация және түйіршіктелген күкірт алуды орнату сияқты технологиялық үдерістерге негізделеді. Бұл жобаның бірегейлігі, Қазақстанда алғаш рет зиянсыз элементар күкірт шығару үшін LO-CAT патенттелген технологиясының қолданылатынтығында. Бұл технология экологиялық зиянсыз, құрамында уытты химикаттары жоқ, зиянды жанама қалдықтарды шығармайды және күкіртсутекті алып тастаудың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді.

Одан бұрын ілеспе мұнай газды дайындау қондырғылары Компанияның – Атырау облысының Исатай және Мақат аудандарындағы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ (С. Балғымбаев кен орны) және «Доссормұнайгаз» МГӨБ (Шығыс Мақат кен орны) өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде іске қосылған болатын. Экологияға кері әсерін барынша азайтумен қатар аталған қондырғылар облыстың үш ауданының тұрғындарын жеңілдігі бар бағамен табиғи газбен қамтамасыз етіп отыр.

**Ілеспе мұнай газды кәдеге жаратудың пайыздық арақатынастағы деңгейі,** %




### Жердің ластануын алдын алу

Өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту және «Ембімұнайгаз» АҚ келісімшарттық аумағында топырақ бетінің заманауи күйін кешенді бағалауды жасау мақсатында 2019 жылы шөлейттенумен күресу әдістерін әзірлей отырып, шөлейттенуді алдын алу, антропогендік қызмет нәтижесінде шөлейттенуге ұшыраған жерлерді сақтау және қалпына келтіру бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу басталды. Зерттеу мақсаты – бұзылған жерлерді, көшпелі құм учаскелерін анықтау және бұзылған жерлерді қалпына келтіру және жердің шөлейттенуін алдын алу бойынша нақты шараларды әзірлеу.

«Ембімұнайгаз» АҚ тарихи ластанған аумақтарды рекультивациялауға бағытталған жобаларға қомақты қаражаттарды инвестициялауды жалғастырып келеді. 2019 жылы тарихи ластануларды тазарту жұмысының шеңберінде 38 га мұнаймен ластанған жерлер тазартылды (116 005 тонна мазутталған топырақ). 2022 жылға қарай тау-кен телімі шегінде мұнай өнімдерімен тарихи мазутталған жерді тазартуды толық аяқтау жоспарланып отыр.

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Қоршаған ортаны қорғау | Су ресурстарын қорғау

**«Ембімұнайгаз» АҚ мазутталған жерлерді тазарту бойынша жоспары**

| 2018 (нақты) | | 2019 (нақты) | | 2020 (жосп) | | 2021 (жосп) | | 2022 (жосп) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| тонна | га | **тонна** | **га** | тонна | га | тонн | га | тонна | га |
| 99 477 | 24 | **124 742** | **35** | 143 310 | 24 | 137 277 | 38 | 90 532 | 16 |

Мұнай операцияларын жүргізу кезінде Компания апатты төгілуді алдын алу, ауыздықтау және жою бойынша іс-шараларды орындайды.

Өндірістік объектілер учаскелерінде апаттарды жою жоспарлары орналастырылады.

### Қалдықтарды кәдеге жарату

Қоршаған ортаға әсерді барынша азайту шеңберінде «Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс қалдықтарын азайту мәселелеріне көп көңіл бөледі.

Компания тарихи ластанған аумақтарды тазалауға және мазутталған топырақты, мұнай шламын қайта өңдеуге бағытталған жобаларды іске асыруға қаражат бөледі.

Қосалқы өндіріс қалдықтарын (пайдаланылған шамдар, майлар, шүберектер және т. б.) және қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату мамандандырылған кәсіпорындарға тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

Компанияда өндіріс және тұтыну қалдықтарының пайда болу көздерін түгендеу жүргізіледі, әрбір қалдық түрі үшін төлқұжаттар жасалады, қалдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар әзірленеді.

2018 жылы ЕМБ Басқарма төрағасының тапсырмасы бойынша Компанияның басқару аппаратында «Жасыл кеңсе» жобасы іске қосылды. Бұл жобаның мәні кеңсе ресурстарына, атап айтқанда, қолданылған қағазды ұқыпты қарау және оларды үнемдеу, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің макулатураны бөлек жинау мәдениетін дамыту болып табылады. Кейіннен бұл жоба «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде іске қосылатын болады.

Пластик қоршаған ортаға, оның өндірген сәттен бастап, кәдеге жаратқанға дейін айтарлықтай зиян келтіреді. Осыған байланысты «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында пластикалық бөтелкелерден жартылай (кейіннен – толығымен) бас тарту жобасын іске қосуды жоспарлап отыр.

### Су ресурстарын қорғау

«Ембімұнайгаз» АҚ су ресурстарын ұқыпты және ұтымды пайдалануға ұмтылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы А. Айдарбаевтың көрсеткен үлгісін алсақ, 2019 жылдың 1 шілдесінде ОТОС бойынша Бас директорлар Форумының аясында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы су ресурстарын оңтайлы пайдалануға шынайы берілгендік туралы мәлімдемеге қол қойды.

Тұщы суды орынды қолдану аясында Компанияда альба-сеноман түзілімдердің жер асты суларының қорларын бағалай отырып, Оңтүстік-Ембі бассейні және Қайнар массиві аумақтарында «Ембімұнайгаз» АҚ нысандарының өндірістік қажеттіліктеріне арналған жер асты суларын зерттеу және әрмен қарай қолдану бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бағдарламаларды іске асыру өндірістік және әлеуметтік-тұрмы-

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Қоршаған ортаны қорғау | Биоалуандық

стық қажеттіліктерге арналған Волжск суларын тұтынудан кәсіпорын тәуелділігін азайтады.

Кәріз жүйесінің сыртқы тегеуірінсіз жүйесі бойынша шаруашылық-тұрмыстық ағын суларды түзейтін Компания нысандарында ағын сулардың меншік қабылдағыштарында – фильтрациялау өрісінде немесе булану өрісінде тазартылған ағын суларды кейін төге отырып, меншік тазарту құрылыстарына жіберіледі.

Жер асты суларының күйін бақылау мақсатында булану өрістері айналасында бақылау ұңғымаларының желісі бар.

Компания ластанған суды табиғи беткі су қоймаларына төгуді жүзеге асырмайды. 2019 жылы Компанияның өз қажеттіліктеріне су тұтыну көлемі 432,652 мың м$^3$ құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 437 мың м$^3$ төмен болып отыр. Жағалаудағы және су экожүйелеріне тигізетін әсерден қорғау мақсатында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен орны аумағында қорғаныс тас бөгетін нығайту, сондай-ақ Тәжіғали кен орнының консервациясындағы суға батпайтын және батып кеткен ұңғымаларға мониторинг жүргізіледі.

2018 жылы «Су ресурстарын оңтайлы пайдалану» стратегиялық жобасы әзірленді. Бұл жобаны әзірлеудің мақсаты «Ембімұнайгаз» АҚ-да су ресурстарын кешенді жоспарлауға басқаруға, оңтайлы пайдалануға, сондай-ақ қоршаған ортаға кері әсерді азайтуға мүмкіндік беретін су ресурстарын тиімді пайдалану жүйесін құру болып табылады.

## Биоалуандық

«Ембімұнайгаз» АҚ келісімшарттық аумағы шөл аймақта орналасқан және бұрғылау топырақтарының ішкі аймағының Каспий маңы провинциясы шекарасына кіреді. Шөл аймақтың топырақ түзу жағдайлары күрт континенталдық климатпен, аптап құрғақ жаз мезгілімен және суық қыс мезгілімен, жаз мезгілінде күндіз жоғары және түнде төмен температуралармен, құрғақшылықпен, атмосфералық жауын-шашындардың аз болуымен, қарқынды буланумен және жаз мезгілінде күн жарығының мол болуымен сипатталады.

### Флора

Компанияның өндірістік қызметті жүзеге асыратын аумағындағы өсімдіктердің құрамында шөл және дала элементтері басым. Жер-жерлерде сортаң бұйырғын, кедір-бұдырлы сарсазан, кеуекдәнді ақсора және басқалар араласқан өзіндік галофитті (тұзсүйгіш) қоғамдастықтап өседі.

Құмды аймақтарда құмды-бұтақты өсімдіктер (жапырақсыз жүзген, тікенді түйесіңір, борық жыңғыл), эфемерлер мен эфемероидтер (бақданалы мекеншөп, бұдыр қызғалдақ, тесікжапырақ шытырмақ, софия сармала, левкой ақбасқұрай, шығыс мортығы және т. б.) араласқан қоғамдастықтар жиі кездеседі. Құм жусан араласқан қоғамдастықтар кеңінен таралған, Лерх жусаны, тамыр жусан араласқан жусан қоғамдастықтары сирек кездеседі.

Сортаң өсімдіктер де таралған – ушаталықты соранғша, татар көкпегі, құм ебелек, натронды соран, түйеқарын және найзақара, Паульсен сораңы және т. б. Сорандардың арасында эфемерлер де кездеседі, мысалға, шығыс мортығы, жапырақ шытырмағы, софия сармала. Тал-шіліктерді сирек байқауға болады.

Осы өсімдік элементтерінің сақталуы өте осал, антропогендік асыра жүктемелер жағдайларында деградацияға шалдыққыш шала экожүйесінің болу тұрақтылығын, сондай-ақ өңірдің биологиялық алуан-түрлілігінің үйлестіріліп сақталуын қамтамасыз етеді.



01 Компания профилі
02 Даму стратегиясы
03 Менеджмент есебі
04 Корпоративтік басқару
05 Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп
06 Қосымша. Қаржылық есептілік

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

Қоршаған ортаны қорғау | **Энергиялық тиімділік**

### Фауна

Кәсіпорын қызметін жүзеге асыру аймағының жануарлар әлемі өте бай. Сүтқоректілердің өздерінің 39 түрі бар. Көптеп тараған кеміргіштерден (қоян, сарышұнақ, құмтышқан, қосаяқ және т. б.) басқа жыртқыш аңдарды (қасқыр, қарсақ, түлкі, жабайы мысықтар, аққалақ), тұяқтыларды (қарақұйрық, ақбөкен, қабан), бауырымен жорғалаушыларды (сұржылан, абжылан, сужылан, кесірткенің бірнеше түрлері, сондай-ақ бақалар мен құрбақалар) да кездестіруге болады.

«Ембімұнайгаз» АҚ құстар әлемінде алуан түрлі – көктем және күз мезгілдерінде Каспий жағалауының бойымен көшіп қонатын кемінде 154 ұшып өтетін қанаттылар түрлері бар. Жалпы бұл аймақтың құстар әлемін Қазақстанның қанаттылар түрлерінің жартысына жуығын құрайтын ұя салатын 223 түрі, ұшып өтетін немесе қыстайтын құстар құрайды. Жағалау маңы станцияларды су-батпақ кешенінің 40-қа дейін түрі, шөлді станцияларды – 20 түрі ұя салады.

### Жануарлар әлеміне ықтимал кері әсерді азайту бойынша іс-шаралар

Өндірістік қызмет барысында қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілікке әсерді азайту үнемі «Ембімұнайгаз» АҚ назарында тұрады. Қоршаған табиғи орта компоненттеріне әсерді бағалау жүргізіледі және соған сәйкес болуы мүмкін әсерді мейлінше азайтатын табиғатты қорғау шаралары жоспары әзірленеді.

Жануарлар әлеміне кері антропогендік әсерді мейлінше азайту бойынша негізгі іс-шараларға мыналар жатады:

- персоналға жануарларға аңшылыққа шығуға, бауырымен жорғалаушыларды мақсатсыз жоюға жол берілмейтіндігі туралы нұсқау беру;
- технологияны қатаң сақтау;
- жабайы аңдарды тамақтандыруға және шақыруға тыйым салу;
- браконьерлікке және кез келген аңшылық түрлеріне тыйым салу;
- деградацияланған жерлерді қалпына келтіру бойынша жұмыстар.

Компания сондай-ақ өндірістік объектілер орналасқан аймақта қоршаған ортаның күйіне атмосфералық ауаның, жерасты (топырақ) және ағын сулардың күйін бақылаудан, топырақтарды, өсімдіктер және жануарлар әлемін мониторингтеуден құралатын жүйелі негізде экологиялық мониторинг жүргізеді. Бұл жұмысты қаржыландыру сомасы 2019 жылы 58,18 млн теңгені құрады.

## Энергиялық тиімділік

«Ембімұнайгаз» АҚ ISO 50001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген энергоменеджмент жүйесі қолданылады. ISO 50001 стандарты 2013 жылы Қазақстан Республикасының «Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңына сәйкес енгізілді.

Компания басшылығы энергиялық менеджмент саласында саясатты анықтады және бекітті, тиісті мақсаттарды белгіледі, энергетикалық нәтижелілікті арттыру бойынша іс-шараларды әзірледі. 2019 жылы ISO 50 001:2011 халықаралық стандарты бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ қайта сертификатталды және 2019–2021 жылдарға энергоменеджмент бойынша сертификат алынды.

2019 жылы отын-энергетикалық ресурстарды пайдаланудың нақты жай-күйін бағалау, шығындардың пайда болуының негізгі себептерін анықтау, сондай-ақ энергия үнемдеудің анықталған шығыстарын азайтуға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу үшін Компанияның қол-

# Тұрақты даму саласындағы қызмет жөніндегі есеп [жалғасы]

## Қоршаған ортаны қорғау | **Инновациялар**

даныстағы объектілерін кешенді энергетикалық тексеруден құралған «Ембімұнайгаз» АҚ кезенді энергоаудит жүргізілді. «Электр энергетикасын және энергия үнемдеуді дамыту институты» АҚ жүргізілген энергоаудиттің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі туралы оң қорытынды берді. Алынған ақпаратты ескере отырып, «Ембімұнайгаз» АҚ Компаниядағы энергиялық тиімділікті әрі қарай арттыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу үстінде.

2019 жылы энергетикалық тиімділікті негізгі көрсеткіші 0,050 ш.о.т./тн. (2018 жылы – 0,053 ш.о.т/тн) құрады.

| Көрсеткіштер | Өлш.бірл. | 2019 |
|---|---|---|
| Тұтынылған энергияның жиынтық көлемі | ш.о.т. | 144 564 |
| Мұнайды тапсыру | тонна | 2 874 606 |
| Энергия тиімділігінің негізгі көрсеткіші (базалық деңгей) | ш.о.т./т | 0,07 |
| Энергия тиімділігінің негізгі көрсеткіші (нақты көрсеткіш) | ш.о.т./т | 0,050 |

* ш.о.т. – шартты отын тоннасы

### Инновациялар

Компания ғылыми-зерттеу, зерттеу және қоршаған ортаны қорғау саласында басқа әзірлемелерді жүргізеді. Зиянды өнеркәсіптік заттарды және автокөлік тасталымдарын кәдеге жарату және залалсыздандыру әдістерін зерттеу өткізіледі, ластаушы заттарға мониторинг жүргізу және бақылау жүйелерін автоматтандырылған өндірісті әзірлеу жүргізіледі, бұл Компанияның өндірістік нысандарының үлкен ұзақтығы күшінде айрықша өзекті, өндіріс қалдықтарын орналастыруды реттеу және нормаландыру және басқа шаралар өткізіледі.

Компания сонымен қатар кәсіпорын қызметкерлері мен өңір халқы арасында экологиялық ағарту бойынша жұмыстарды жүргізеді және ҚОҚ саласында мамандар біліктілігін арттыруда жұмыс істейді.

# Қосымша. Қаржылық есептілік

06



ЕмбіМұнайГаз акционерлік қоғамы

# «Эмбімұнайгаз» акционерлік қоғамы

## Қаржылық есептілік

### 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен

**МАЗМҰНЫ**


Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

**Қаржылық есептілік**

| | |
|---|---|
| Қаржылық жағдай туралы есеп | 111 |
| Жиынтық кіріс туралы есеп | 113 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп | 114 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы есеп | 116 |
| Қаржылық есептілікке ескертпелер | 117-160 |

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Ембімұнайгаз» ЖШС-тің Акционерлері, Басшылығына

### *Пікір*

Біз «Ембімұнайгаз» ЖШС-тің (бұдан әрі - «Ұйым») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұйымның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

### *Пікірді білдіру негізі*

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің *«Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСК Кодексі)* (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Ұйымға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### *Басшылықтың және Қадағалау кеңесінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі*

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Ұйымды таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Қадағалау кеңесі Ұйымның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

EY
Building a better working world

**_Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі_**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

EY
Building a better working world

Біз Қадағалау кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг" ЖШС

| | |
|---|---|
| Адиль Сыздыков<br>Аудитор | Гульмира Турмагамбетова<br>«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің<br>Бас директоры |
| Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № МФ-0000172 біліктілік куәлігі | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия |

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2020 жылғы 28 ақпан

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

| | Ескерт. | 31 желтоқсанда 2019 жылғы | 2018 жылғы |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Айналымнан тыс активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 4 | **204.238.506** | 187.656.191 |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | 5 | **16.387.613** | 19.302.335 |
| Материалдық емес активтер | | **2.348.126** | 1.383.859 |
| Басқа да қаржы активтері | 6 | **38.554.106** | 38.005.431 |
| Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив | 16 | **16.866.489** | 10.380.026 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | | **11.033.076** | – |
| Айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстар | | **2.895.249** | 2.154.102 |
| **Айналымнан тыс активтер жиыны** | | **292.323.165** | 258.881.944 |
| | | | |
| **Айналымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | 7 | **9.374.880** | 10.944.113 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **1.646.447** | 3.968.337 |
| Салықтар бойынша алдын ала төлем және өтелуге ҚҚС | | **22.856.112** | 15.899.345 |
| Төленген аванстар және болашақ кезеңдердің шығыстары | | **2.383.693** | 3.507.440 |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | 6 | **42.413.883** | 30.838.853 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 6 | **39.188.958** | 111.445.891 |
| **Айналымдағы активтер жиыны** | | **117.863.973** | 176.603.979 |
| **Активтердің жиыны** | | **410.187.138** | 435.485.923 |
| | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 8 | **162.399.820** | 162.399.820 |
| Бөлінбеген пайда | | **134.777.405** | 153.032.636 |
| **Капитал жиыны** | | **297.177.225** | 315.432.456 |
| | | | |
| **Міндеттемелер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Тарихи міндеттемелер | 9 | **6.127.850** | 5.806.806 |
| Резервтер | 10 | **31.702.151** | 24.151.252 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны** | | **37.830.001** | 29.958.058 |
| | | | |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Тарихи міндеттемелер | 9 | **887.581** | 1.573.568 |
| Резервтер | 10 | **13.788.193** | 36.329.095 |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленуге жататын ренталық салық | | **26.053.400** | 23.287.080 |

*117 – 160 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен

| | | 31 желтоқсанда | |
|---|---|---|---|
| | Ескерт. | 2019 жылғы | 2018 жылғы |
| Үстеме пайдаға салынатын табыс салығы бойынша міндеттемелер | | **7.499.604** | – |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | | **26.951.134** | 28.905.666 |
| **Ағымдағы міндеттемелер жиыны** | | **75.179.912** | 90.095.409 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **113.009.913** | 120.053.467 |
| **Міндеттемелер мен капитал жиыны** | | **410.187.138** | 435.485.923 |

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Р.Н. Тасмагамбетова

Бас бухгалтер

Н.Ж. Махамбетов

*117 – 160 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

| | | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | |
|---|---|---|---|
| | Ескерт. | 2019 жылғы | 2018 жыл (қайта есептелгені)* |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім | 11 | **450.944.713** | 432.249.743 |
| Сатудың өзіндік құны | 12 | **(150.630.785)** | (136.477.846) |
| **Жалпы пайда** | | **300.313.928** | 295.771.897 |
| Өткізу шығыстары | 13 | **(154.561.625)** | (155.497.031) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 14 | **14.412.821** | (45.098.205) |
| Геологиялық барлау шығыстары және құрғақ ұңғымаларды есептен шығару | 15 | **(23.245.088)** | (2.742.279) |
| Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы | | **(2.943.871)** | – |
| **Операциялық пайда** | | **133.976.165** | 92.434.382 |
| Қаржылық кіріс | | **1.453.496** | 1.406.614 |
| Қаржылық шығындар | | **(3.471.137)** | (3.288.726) |
| Бағамдық айырма, нетто | | **(1.101.952)** | 21.868.468 |
| Басқа да кіріс | | **1.624.024** | 1.186.481 |
| Басқа да зиян | | **(734.859)** | (651.970) |
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | | **131.745.737** | 112.955.249 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 16 | **(30.344.706)** | (29.566.260) |
| **Бір жылғы пайда** | | **101.401.031** | 83.388.989 |
| **Басқа да жиынтық зиян** | | | |
| *Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын басқа да жиынтық зиян сомалары (салықтарды шегере отырып)* | | | |
| Белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары бойынша қайта бағалаудан болған зиян | 10 | **(2.254.491)** | (1.758.050) |
| **Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жататын басқа да жиынтық зиян** | | **(2.254.491)** | (1.758.050) |
| **Салықтарды шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны** | | **99.146.540** | 81.630.939 |

* *Осы бағандарда келтірілген кейбір сомалар 2018 жылғы қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2 қосымшада келтірілген.*

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Р.Н. Тасмагамбетова

Бас бухгалтер

Н.Ж. Махамбетов

*117 – 160 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

| | | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін | |
|---|---|---|---|
| | Ескерт. | 2019 жылғы | 2018 жылғы |
| **Операциялық қызмет** | | | |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | | **131.745.737** | 112.955.249 |
| **Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер** | | | |
| Амортизация және құнсыздану | | **27.245.663** | 21.734.163 |
| Негізгі құралдардың және барлау активтерінің шығуынан болатын залал | 4,5 | **984.628** | 651.970 |
| Таза бағамдық айырмалар | | **(1.335.948)** | (14.836.862) |
| Басқа да кірістер мен шығыстар | | **(2.211.221)** | 1.798.561 |
| Резервтердегі өзгеріс | | **(20.094.965)** | 25.773.853 |
| Қаржылық шығындар | | **3.471.137** | 2.582.521 |
| Қаржылық кіріс | | **(1.453.496)** | (1.406.613) |
| **Айналым капиталына түзетулер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлардың өсуі | | **1.569.233** | (3.771.519) |
| Салықтар бойынша алдын ала төлемді және өтелуге ҚҚС ұлғайту | | **(17.989.843)** | (3.654.502) |
| Төленген авансатарды және келешек кезеңдердің шығыстарын азайту | | **382.600** | (688.189) |
| Сауда дебиторлық берешектің өсуі | | **(11.575.030)** | 5.109.898 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешектің азаюы | | **(1.954.531)** | 3.591.308 |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың және төленуге жататын ренталық салықтың өсуі | | **2.766.320** | 5.129.738 |
| Төленген табыс салығы | | **(26.855.034)** | (33.267.857) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағымдары** | | **84.695.250** | 121.701.719 |
| **Инвестициялық қызмет** | | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | **(39.784.005)** | (30.692.389) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | **(468.548)** | (7.139.258) |
| Мерзімді депозиттерді алу/(орналастыру) | | **(953.191)** | 30.117.107 |
| Алынған сыйақы | | **1.453.308** | 1.406.301 |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(39.752.436)** | (6.308.239) |

*117 – 160 бет аралығындағы есеп саясаты мен  ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

Мың теңгемен

| | Ескерт. | 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 2019 жылғы | 2018 жылғы |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық қызмет** | | | |
| Акционерлерге төленген дивидендтер | 8 | **(117.401.771)** | (85.844.545) |
| Тарихи міндеттемелерді төлеу | | **(1.279.059)** | (2.564.224) |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(118.680.830)** | (88.408.769) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі** | | **(73.738.016)** | 26.984.711 |
| | | | |
| 1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары | | **111.445.891** | 73.423.065 |
| Таза бағамдық айырма | | **1.481.083** | 11.038.115 |
| **31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары** | 6 | **39.188.958** | 111.445.891 |

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Р.Н. Тасмагамбетова

Бас бухгалтер

Н.Ж. Махамбетов

*117 – 160 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

Қаржылық есептілікке ескертпелер
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

| | Ескерт. | Акционерлік капитал | Бөлінбеген пайда | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **2018 жылғы 1 қаңтарға** | | 162.399.820 | 157.246.242 | 319.646.062 |
| Бір жылғы пайда | | – | 83.388.989 | 83.388.989 |
| Басқа да жиынтық залал | 10 | – | (1.758.050) | (1.758.050) |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | – | 81.630.939 | 81.630.939 |
| Дивидендтер | 8 | – | (85.844.545) | (85.844.545) |
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | | 162.399.820 | 153.032.636 | 315.432.456 |
| Бір жылғы пайда | | – | **101.401.031** | **101.401.031** |
| Басқа да жиынтық залал | 10 | – | **(2.254.491)** | **(2.254.491)** |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | – | **99.146.540** | **99.146.540** |
| Дивидендтер | 8 | – | **(117.401.771)** | **(117.401.771)** |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | | **162.399.820** | **134.777.405** | **297.177.225** |

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Р.Н. Тасмагамбетова

Бас бухгалтер

Н.Ж. Махамбетов

*117 – 160 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

## 1. Компания туралы ақпарат және қызметтің негізгі бағыттары

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында 2012 жылғы 27 ақпанда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ» немесе «Бас компания») Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен құрылды.

Компания көмірсутекті шикізатты барлаумен, әзірлеумен, өндірумен, қайта өңдеумен және экспортымен айналысады. Компанияның мұнай-газ қызметі Батыс Қазақстанның Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады. Компания мұнай кен-орындарын әзірлеуді жер қойнауын пайдалану жөніндегі келесі келісімшарттар бойынша жүзеге асырады: №37 келісімшарты (Кенбай кен орны), №61 келісімшарты (Новобогатинск Оңтүстік Шығыс кен орны), №211 келісімшарты (23 кен орны), №413 келісімшарты (15 кен орны); №327 келісімшарты (Тайсоған блогы бойынша кен орны); №992 келісімшарты (Новобогатинск Батыс кен орны); №406 келісімшарты (Лиман кен орны); №3577 келісімшарты (Қаратон-Сарықамыс кен орны). 2015 жылғы 25 ақпанда «Ембімұнайгаз» АҚ мен Энергетика министрлігі арасында келесі келісімшарттарды ұзарту үшін қосымша келісімдерге қол қойылды: 2041 жылға дейін №37 келісімшарт, 2048 жылға дейін №61 келісімшарт, 2037 жылға дейін №211 келісімшарт, 2043 жылға дейін №413 келісімшарт.

ҚМГ БӨ Компанияның жалғыз акционері болып табылады. ҚМГ БӨ-нің негізгі акционері Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінде мемлекеттік мүдделерді білдіретін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша «ҚМГ ҰК») болып табылады. ҚМГ ҰК 90%-ға «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (бұдан әрі мәтін бойынша «Самұрық-Қазына») тиесілі, әрі ол өз кезегінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі мәтін бойынша – «Үкімет») толығымен тиесілі.

Компанияның 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігін шығаруға Басқарма төрағасы, Экономика және қаржы жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары және Бас бухгалтер 2020 жылғы 28 ақпанда бекітті.

## 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Бұл есеп саясаты, егер өзгесі көрсетілмесе, көрсетілген кезеңдердің барлығы үшін бірізді етіп қолданылды.

### 2.1 Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді. Қаржылық есептілік бастапқы құны бойынша есепке алу қағидатына сүйене отырып дайындалды. Осы қаржылық есептілік теңгемен берілген және егер өзгесі көрсетілмесе, барлық мәндері мыңға дейін дөңгелектенген.

# 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

## 2.1 Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау елеулі есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікір қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар *3-ескертпеде* ашылған.

### Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Компания *«Жалдау»* 16 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолданды. Қаржылық есептіліктің бұл стандартын қолданумен негізделген өзгерістердің сипаты мен әсері төменде сипатталған.

2019 жылы стандарттарға кейбір басқа түзетулер және Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеген түсіндірулер алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

**16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»**

16 ХҚЕС (IFRS) 17 ХҚЕС-ті (IAS) *«Жалдау»* ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) *«Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау»* түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) *«Операциялық жалдау – стимулдар»* түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) *«Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау»* түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста жалдау шарттарының көпшілігінің көрсетуін талап етеді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық. Осылайша, 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Компания жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Компания 16 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет толық ретроспективті қолдану әдісін пайдалана отырып 2019 жылғы 1 қаңтарда қолданды. Стандартқа өту кезінде Топ шарт бүтіндей немесе оның жеке құрамдастары 2019 жылғы 1 қаңтарға жалдау шарты болып табылатындығын қайталап талдауға мүмкіндік бермейтін іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Осының орнына Компания бастапқы мойындау күніне 17 ХҚЕС-ті (IAS) және 4 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қолдана отырып стандартты жалдау шарттары ретінде бұрын сәйкестендірілген шарттарға ғана қолданды. Сондай-ақ Компания солар бойынша жалдау мерзімі жалдаудың басталу күніне 12 айдан артық емес мерзімді құрайтын және сатып алу опционын (қысқа мерзімді жалдау) қамтитын жалдау шарттары үшін, сондай-ақ солар бойынша базалық активтің төмен құны бар (төмен құны бар активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті.

Жиынтық кіріс туралы есепке айтарлықтай әсер жоқ.

**«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру**

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болған талаптарда пайдаға салынатын салықтарды есепке алу тәртібін қарастырады, бұл «Пайда салықтары» 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді түсіндіреді:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастыра ма;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Компания әрбір анықталмаған салық түсіндірмесін бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа анықталмаған салық түсіндірмелерімен бірге талқылау қажеттілігін айқындайды және белгісіздікті шешу нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдаланады.

Компания пайда салығын есептеу қағидаларына қатысты белгісіздікті анықтау кезінде елеулі пайымдауды қолданады. Компания өз қызметін күрделі халықаралық ортада жүзеге асырмайтындықтан, бұл түсіндіруді қолдану оның қаржылық есептілігіне әсер ете алатындығын саралады.

Түсіндіруді қолдану кезінде Компания трансферттік баға белгілеумен байланысты қандай да бір белгісіз салық түсіндірмесінің бар екендігін саралады. Компанияның салық декларацияларына трансферттік баға белгілеумен байланысты есептен шығарулар жатады және салық органдары бұл салық түсіндірмелерімен келіспеуі де мүмкін. Компания салық заңнамасының талаптарын орындайтындығын ескере отырып және өзі қолданатын трансферттік баға белгілеу практикасын талдауға сүйене отырып, Компания салық органдары қолданатын салық түсіндірмелерінің қабылдануы ықтимал болып табылады деген тұжырымға келді. Бұл түсіндірме Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

**«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер**

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай борыштық құрал шартта көзделген ақша ағындары «борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебінен төлемдер» болып табылатындығы («ақша ағындары» критерийлері) және құрал мұндай жіктеуге жол беретін тиісті бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал екендігі талабымен басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалана алады. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер қаржы активі шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына әкеп соқтыратын оқиғаға немесе жағдайға қарамастан және қай тараптың шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы үшін негізделген өтемақыны төлейтіндігіне немесе алатындығына қарамастан «ақша ағындарының» критерийлерін қанағаттандыратындығын түсіндіреді. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

**«Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу» 19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер**

19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бағдарламаның өзгеруі, бағдарламаның қысқаруы немесе бағдарлама бойынша міндеттемелердің өтелуі есепті кезең ішінде болған жағдайларда есепке алу тәртібін қарастырады. Түзетулер, егер бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу жылдық есепті кезеңнің ішінде болса, ұйым белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақы мен мұндай оқиғадан кейін бағдарламаның активтерін көрсететін актуарлық жорамалдарға сүйене отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты

# 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

## 2.1 Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

### Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

**«Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу» 19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер** (жалғасы)

ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құнын айқындауы тиіс. Сондай-ақ ұйым бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыларды көрсететін белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бұл оқиғадан кейін бағдарлама активтерін; және белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты пайыздардың таза көлемін айқындау.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені есепті кезеңде бағдарлама өзгерген жоқ, сол бойынша міндеттемелер қысқарған немесе өтелген жоқ.

**28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»**
Түзетулер, ұйым 9 ХҚЕС-ті (IFRS) соларға үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ мәнінде қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға таза инвестицияның бір бөлігін құрайтын (ұзақ мерзімді салымдар) қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдарды қолдануы тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түсіндіру маңызды болып табылады, өйткені ол мұндай ұзақ мерзімді салымдарға 9 ХҚЕС-те (IFRS) күтілетін несие зияндарының моделі қолданылады.

Сондай-ақ түзетулерде, 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ұйым қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын шеккен залалдарды, не болмаса *«Қауымдасқан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар»* 28 ХҚЕС (IAS) қолдану салдарынан туындайтын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияның түзетулері ретінде танылған таза инвестицияның құнсыздануынан болған залалдарды назарға алмайтындығы түсіндіріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Компанияның оларда қарастырылатын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдары жоқ.

### ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015–2017 жылдар

**3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнестерді біріктіру»**
Түзетулерде, егер ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылау алса, бірлескен операцияның активтері мен міндеттемелеріндегі қатысу үлестерін әділ құны бойынша қайта бағалауды қоса алғанда, ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бизнестерді біріктіруге қатысты талаптарды қолданылуы тиіс екендігі түсіндірілген. Бұл ретте иемденуші бірлескен операциялардағы бұрын болған барлық қатысу үлесін қайта бағалауы тиіс. Бұл түзетулер Компанияның көрсетілген кезеңдерде ұқсас операциялардың жоқтығына орай оның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

**11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен кәсіпкерлік»**
Бірлескен операциялардың қатысушысы болып табылатын, бірақ бірлескен бақылауы жоқ тарап бірлескен операцияларға бірлескен бақылауды ала алады, солардың шеңберіндегі қызмет бұл термин 3 ХҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай бизнесті білдіреді. Түзетулерде мұндай жағдайларда осындай бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестерінің қайта бағаланбайтындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер Компанияның соның шеңберінде бірлескен бақылауды алатын операциялардың жоқтығына орай оның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

**12 ХҚЕС (IAS) «Пайда салықтары»**
Түзетулер, дивидендтерге қатысты салық салдары көпшілік жағдайда меншік иелерінің арасында бөлумен қарағанда, бөлінетін пайданы әкелген бұрынғы операциялармен немесе оқиғалармен байланысты екендігін түсіндіреді. Тиісінше, ұйым ұйымның бастапқыда бұл операцияларды немесе оқиғаларды қай жерде мойындағандығына қарай дивидендтерге қатысты салық салдарын пайда немесе зиян, басқа да жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында мойындауы тиіс.

Бұл түзетулерді алғаш рет қолдану кезінде ұйым оларды ең ерте салыстырмалы кезеңнің басталу күніне немесе осы күннен кейін мойындалған дивидендтерге қатысты салық салдарына қолданылуы тиіс.

Компанияның қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, олардың қолданылуы Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

**23 ХҚЕС (IAS) «Қарыздар бойынша шығындар»**
Түзетулер, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қарыздарды ортақ мақсаттарға арналған қарыздардың құрамында, бұл активті мақсатына лайық пайдалануға немесе сатуға дайындауға қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталғанда ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді.

Ұйым бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын қарыз алулар бойынша шығындарға қатысты қолдануы тиіс. Компанияның қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, олардың қолданылуы Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

## Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

**17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»**
2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттары»* шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттарын»* ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың

# 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

## 2.1 Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

**«17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»** (жалғасы)
барлық ақылға қонымды аспектілерін қамтиды. 17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- Тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі).
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну қажет. Ұйым 17 ХҚЕС-тің (IFRS) алғаш рет қолданылу күніне немесе соған дейін 9 ХҚЕС (IFRS) пен 15 ХҚЕС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Компанияға қатысты қолданылмайды.

**«Бизнесті айқындау» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер**
2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес *«Бизнестерді біріктіру»* 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды, олар «бизнес» терминінің анықтамасын өзгертті және ұйымдарға иемденген қызмет және актив түрлерінің жиынтығы бизнес болып табылатындығын не табылмайтындығын анықтауларына көмектесуі тиіс. Бұл түзетулер бизнеске қойылатын ең аз талаптарды нақтылайды, нарыққа қатысушылар қандай да бір жетпейтін элементті ауыстыруға қабілетті екендігін бағалауды жоққа шығарады, ұйымдарға иемденген процесс маңызды болып табылатындығын бағалауларына көмектесу үшін басшылықты қосады, бизнестің және қайтарымдылығының анықтамасын тарылтады, сондай-ақ әділ құн шоғырлануының болуына міндетті емес тестті енгізеді. Түзетулермен бірге жаңа бейнелі мысалдар көрсетілді.

Бұл түзетулер олардың бастапқы қолданылу күніне немесе содан кейін болатын операцияларға немесе өзге де оқиғаларға қатысты перспективті негізде қолданылатындықтан, бұл түзетулер өту күніне Компанияға әсерін тигізбейді.

**«Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер**
2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес түрлі стандарттардағы маңыздылықтың анықтамасын келісу және бұл анықтаманың кейбір аспектілерін түсіндіру үшін *«Қаржылық есептілікті ұсыну»* 1 ХҚЕС-ке (IAS) және *«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер»* 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды. Жаңа анықтамаға сай «егер ақпаратты жіберіп алу, оны бұрмалау немесе бүркеу нақты есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын бұл қаржылық есептіліктің негізінде олар қабылдайтын жалпы мақсаттағы қаржылық есептілікті негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге болатын болса, ақпарат маңызды болып табылады».

Маңыздылықты айқындауға түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

### Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы айыппұлдар және қызметкерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы бойынша кірістерді қайта жіктеді, өйткені Компания мұндай қайта жіктеу қаржылық есептіліктің пайдаланушылары үшін барынша орынды болып табылады деп есептейді.

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жиынтық кіріс туралы есептегі салыстырмалы ақпарат түзетулерді қамтиды, олар туралы ақпарат төменде келтірілген. Бұл түзетулер қаржылық жағдай туралы есепке және капиталдағы өзгерістер туралы есепке ықпал етпеді. Компания салыстырмалы деректерді былайша қайта есептеді:

| | 2018 жылғы қаржылық есептілікте көрсету | Қайта есептеу | 2019 жылғы қаржылық есептілікте көрсету |
|---|---|---|---|
| **Жиынтық кіріс туралы есеп** | | | |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім | 433.436.224 | **(1.186.481)** | **432.249.743** |
| Басқа да кіріс | – | **1.186.481** | **1.186.481** |
| Сатудың өзіндік құны | (137.184.051) | **706.205** | **(136.477.846)** |
| Қаржылық шығындар | (2.582.521) | **(706.205)** | **(3.288.726)** |
| **Бір жылғы пайда** | 83.388.989 | **–** | **83.388.989** |
| **Салықтарды шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны** | 81.630.939 | **–** | **81.630.939** |

## 2.2 Шетел валютасын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілген. Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар пайда мен зияндарға қосылады.

### Валюта айырбастау бағамдары

2019 жылғы 31 желтоқсанға және 2018 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстандық теңгенің АҚШ долларына ресми бағамы тиісінше 381,18 және 384,20 теңгені құрады. Сомалардың теңгеге, АҚШ долларына немесе өзге де тұрақты валютаға кез келген қайта есептеулері теңгемен мұндай сомалар айырбасталды, келешекте көрсетілген айырбастау бағамдары бойынша немесе өзге де айырбастау бағамдары бойынша тұрақты валютаға айырбасталуы мүмкін немесе айырбасталады деген пайымдау ретінде талқыланбауы тиіс.

# 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

## 2.3 Мұнай-газ кен орындарын барлау және әзірлеу шығыстары

### Барлауға арналған лицензияны сатып алу шығындары

Барлауға арналған лицензияларды сатып алу шығындары материалдық емес активтерге капиталданады және барлаудың болжамды мерзімінің ішінде тікжелілік әдіс бойынша амортизацияланады. Әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын растау мәніне қарастырылады. Егер объекті бойынша болашақта жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, лицензияларды сатып алу шығындарының қалған сальдосы есептен шығарылады. Экономикалық негізделген пайдалы қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде амортизация тоқтатылады және қалған шығындар барлау шығындарымен бірігеді және қорлар басқа да материалдық емес активтердің құрамында расталғанға дейін кен орындар бөлігінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Әзірлеу ішкі бекітілген және тиісті бақылаушы органдардан барлық лицензиялар мен рұқсаттар алынған сәтке дейін тиісті шығыстар негізгі құралдарға (мұнай-газ активтеріне) ауыстырылады.

### Барлау шығындары

Геологиялық және геофизикалық шығыстар мұндай шығындар болған сәтте есептен шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылаудың нәтижелері бағаланбайынша барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталданады. Мұндай шығындар жалақыны, материалдарды, жанармай мен электр энергиясын, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер көмірсутектер табылмаса, барлау шығыстары кеуіп кеткен ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер коммерциялық әзірленуі жеткілікті болатын басқа да ұңғымаларды (барлау немесе құрылымдық-іздестіру ұңғымалары) қосуы мүмкін бағалауға жататын көмірсутектер табылған жағдайда, мұндай шығыстар актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар кемінде жылына бір рет әзірлеуді жалғастыру немесе табылғаннан пайда алудың қандай да бір тәсілі туралы ниетті растау үшін техникалық, коммерциялық және басқару тексеруіне жатады. Егер бұл бұдан былай орын алмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай мен газдың қорлары дәлелденгенде және әзірлеуді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар негізгі құралдардың (мұнай-газ активтері) құрамына аударылады.

### Әзірлеу шығындары

Платформалар, мұнай құбырлары сияқты инфрақұрылым объектілерін салуға, орнату мен аяқтауға және әзірлеу ұңғымаларын бұрғылауға арналған шығындар, құрғақ ұңғымалар ретінде кезең шығыстарына есепке жатқызылатын көмірсутектердің жеткілікті коммерциялық көлемі табылмаған әзірлеу немесе контурлау ұңғымаларына жататын шығыстарды қоспағанда, негізгі құралдардың құрамында капиталданады.

## 2.4 Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозуды және құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу бағасынан немесе құрылыс бағасынан, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей қатысты кез келген шығындардан және қажет болғанда активті жою бойынша шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төленген құн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

Мұнай-газ активтері дәлелденген әзірленген қорлар бойынша өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ активтері 4 жылдан 15 жылға дейінгі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Басқа да негізгі құралдар негізінен ғимараттарды, машиналар мен құрал-жабдықты білдіреді, олар 5 жылдан 25 жылға дейінгі орташа алынған пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде желілік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады.

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде түзетіліп отырады.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Көмірсутектердің коммерциялық көлемдерін өндірмейтін және жойылуға жоспарланып отырған негізгі құралдар объектілері, пайдалану ұңғымаларын қоса алғанда, есептен шығарылу кезінде немесе активті пайдаланудан келешек экономикалық пайданы алу күтілмейтін актив ретінде есепке алынуын тоқтатады. Активті мойындауды тоқтатудан туындайтын (объектіні өткізуден болған таза түсімдер мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелетін) кез келген кіріс немесе зиян мұндай оқиға болған кезеңде жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

## 2.5 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания активтерді немесе активтер тобын оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздану мәніне бағалайды.

Жекелеген активтер негізінен басқа активтер топтары өндіретін ақша ағындарынан тәуелсіз сәйкестендірілетін ақша ағындары бар ең төменгі деңгейде құнсыздануға бағалау мақсаттары үшін топтастырылады. Егер құнсызданудың мұндай көрсеткіштері болған жағдайда немесе активтердің тобын жыл сайын құнсыздану мәніне тестілеу қажет болатын жағдайда Компания активтің өтелетін құнының бағалауын жүзеге асырады. Активтер тобының өтелетін құны оларды өткізуге шығатын шығыстарды және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан ең көбі болып табылады. Активтер тобының ағымдағы құны өтелетін құнынан асқан жағдайларда активтер тобы құнсыздануға жатады және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағындары активтер тобы үшін тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, оның ағымдағы құнына дейін дисконтталады.

Әрбір есепті күнге бұрын мойындалған құнсыздану бойынша шығындардың жойылғанын немесе олардың азайғанын көрсететін қандай да бір индикаторлардың бар екендігіне қатысты бағалау жүргізілді. Егер мұндай индикаторлар бар болса, онда өтелетін құн бағаланады. Бұрын мойындалған құнсыздану шығыны, тек егер құнсызданудан болған соңғы шығын танылған сәттен бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс болса ғана, түзетіледі. Мұндай жағдайда, активтің

# 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

## 2.5 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

ағымдағы құны оның өтелетін құнына дейін ұлғаяды. Ұлғайтылған құн, егер алдыңғы кезеңдерде құнсыздану бойынша шығын мойындалмаса, тозуды немесе амортизацияны шегере отырып, айқындалған ағымдағы құнынан аспауы мүмкін емес. Мұндай түзетпе жасау амалы жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады. Түзетілген жазба жасалғаннан кейін кейінгі кезеңдерде, қалдық құнын шегере отырып, қалған пайдалы қызмет мерзімінің ішінде жүйелі негізде активтің қайта қаралған ағымдағы құнын бөлу үшін амортизация бойынша шығыстар түзетіледі.

## 2.6 Барлау және бағалау бойынша активтер және материалдық емес активтер

Барлау және бағалау бойынша активтер, құнсызданудан жинақталған зияндарды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі. Барлау және бағалау бойынша активтерге барлауға және бағалауға капиталданған шығындар және барлауға арналған лицензияларды сатып алу шығындары (барлау және бағалау сатысында Жер қойнауын пайдалану құқығы) жатады. Барлауға арналған құқықты сатып алу шығындары болжамды барлау мерзімінің ішінде тікжелілік әдіс бойынша амортизацияланады.

Қоғам барлаумен және бағалаумен байланысты активтерді құнсыздану мәніне тексеріп отырады, бұл ретте айғақтар мен жағдаяттар барлаумен және бағалаумен байланысты активтің баланстық құны өтелетін құннан асуы мүмкін екендігін куәландырды.

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге негізінен компьютерлің бағдарламалық жасақтама жатады.

Бизнестен бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны – бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген сыйақының әділ құны. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды және осы кезең ішінде желілік негізде амортизацияланады. Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады.

## 2.7 Қаржы активтері

### Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Компания бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына

тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Компания қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Компания іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Компания қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Компания өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Ұйым активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

### Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

**Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)**
Бұл санат Компания үшін барынша орынды болып табылады. Компания қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зияндар активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында мойындалады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Компания сауда дебиторлық берешекті жатқызады.

**Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері**
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына саудаға арналған қаржы активтері, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп бастапқыда танылған кезде Компанияның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері немесе міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса,

# 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

## 2.7 Қаржы активтері (жалғасы)

### Кейінгі бағалау (жалғасы)

**Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері** (жалғасы)

қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар Компанияның қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Амортизацияланған құны бойынша немесе жоғарыда сипатталғандай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарды жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан бастапқыда танылған кезде Компания борыштық құралдарды өз қарауына қарай, егер мұндай жіктеу амалы есептегі сәйкессіздікті жоятын болса немесе айтарлықтай азайтатын болса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян туралы есепте танылады.

### Мойындауды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын ақша ағындарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша еш кешіктірмей алатын үшінші тарапқа төлеу бойынша өзіне міндеттеме алғанда; немесе (а) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бергенде, не болмаса (б) Компания барлық тәуекелдер мен активтен түсетін пайдаларды бермегенде және сақтамаған, бірақ осы активтерді бақылау функциясын берген жағдайда.

Егер Компания өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, ол берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

### Қаржы активтерінің құнсыздануы

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Компания талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

Компания пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несие залалдарына (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Компания бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несие залалдары) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несие тәуекелі айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады.

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Компания КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Компания несие тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең сомада залалдарға бағалау резервін мойындайды. Компания қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды. Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Компания қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Компания, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Компания ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Компанияның шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Компанияның шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

## 2.8 Қаржылық міндеттемелер

### Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе залал; несиелер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде Компанияның қарауына қарай жіктелген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Барлы қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (несиелер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады. Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді.

### Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер келесі екі санатқа жіктеледі:

- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар).

# 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

## 2.8 Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

### Кейінгі бағалау (жалғасы)

**Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер**
«Пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына Компанияның қарауына қарай жіктелген саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржылық міндеттемелер жатады.

Егер олар таяу арада кері сатып алу мақсатында болса, қаржылық міндеттемелер саудаға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа сондай-ақ Компания шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС (IFRS) айқындалғандай хеджирлеу қатынастарының шеңберінде хеджирлеу құралдары ретінде Компанияның қарауына қарай айқындалмаған туынды қаржы құралдар жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар олар Компанияның қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде жіктелген жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда немесе зияндар пайда немесе зиян туралы есепте мойындалады.

Бастапқы тану кезінде Компанияның қарауына қарай пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күніне осы санатқа және тек 9 ХҚЕС-тің (IFRS) критерийлерін сақтай отырып жатқызылады. Компанияның пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын оның қарауы бойынша жіктелген қаржылық міндеттемелері жоқ.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер, қарыздар және кредиторлық берешек)

Бұл санат Компания үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқы мойындалғаннан кейін сауда және басқа да кредиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зиян оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып амортизация есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы пайда немесе зиян туралы есепте қаржыландыру шығындарының құрамына жатқызылады.

Бұл санатқа, ең алдымен, сауда және басқа да кредиторлық берешек жатады.

### Мойындауды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол несие берушінің алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолда-

ныстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда немесе зиян туралы есепте мойындалады.

## 2.9 Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық емес қорлар қос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі: әрбір қойма бойынша бөлек ФИФО әдісі бойынша өзіндік құны және өткізудің таза құны. Оның құнына әрбір затты тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнайдың құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, өндірудің өзіндік құны болып табылады.

Мұнайды өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді. Материалдар мен қорлар әдеттегі қызметтің барысында өтелетін күтілетін сомадан аспайтын құн бойынша ескеріледі.

## 2.10 Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС есепке алуға мүмкіндік береді. Өтелуге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатылымдар нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады. Дегенмен, ҚҚС-тың есепке алынуына тек салық органдары өтелуге жататын ҚҚС растау үшін жасаған салықтық тексеру нәтижелерінің негізінде ғана жол беріледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеусіз болса, өтелуге жататын ұзақ мерзімді ҚҚС тиісті жағдайларда бұл активке тән болатын тәуекелдерді көрсететін тәуекелсіз мөлшерлеменің көмегімен дисконтталады.

## 2.11 Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, банк салымдарында орналасқан қаражат, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан артық болмайтын басқа да қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестициялар жатады.

## 2.12 Жарғылық капитал

### Жарғылық капитал

Солар бойынша дивидендтер эмитенттің қарауына қарай төленетін жай акциялар мен өтелмейтін артықшылықты акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тараптардың қызметіне ақы төлеу шығасылары осы эмиссияның нәтижесінде алынған капиталдың кемітілуі ретінде көрсетіледі.

# 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

## 2.12 Жарғылық капитал (жалғасы)

### Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілік шығарылуға бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

## 2.13 Сауда кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

## 2.14 Резервтер

Егер Компанияның өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады.

Егер Компания резервтердің бір бөлігінің немесе барлықтарының өтемақысын алуды болжап отырса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтемақы тек өтемақыны алуда күмән болмаған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы елеулі болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, әрі ол қолданылатын жағдайда нақты міндеттемеге тән болатын тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылатын болса, резервтің ұлғаюы уақыт өткен сайын қаржыландыруға жұмсалған шығыстар ретінде мойындалады.

## 2.15 Қызметкерлерге сыйақы

Компания қызметкерлердің есептелген жалақысынан зейнетақы аударымдары ретінде тиісті зейнетақы қорларына 10% ұстап қалады. Зейнетақы аударымдарының мөлшері 2019 жылы айына 212.500 теңге сомасымен шектелген (2018 жыл: айына 212.500 теңге). Қолданыстағы қазақстандық заңнамаға сәйкес қызметкерлер өздерінің зейнетақымен қамсыздандыруы үшін өздері жауапкершілік көтереді. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Компания сондай-ақ өзінің көпшілік қызметкерлерінің кірістерінен олардың зейнетақы қорларына 5% мөлшерінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға міндетті.

### Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар

Компания өз қызметкерлеріне Компания мен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға және басқа да құжаттарға сәйкес зейнеткерлікке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы

төлейді. Ұжымдық шарт пен басқа да құжаттар, атап айтқанда, зейнетке шығу, зейнетке мерзімінен бұрын шығу бойынша біржолғы жәрдемақыларды төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттігімен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды және зейнетке мерзімінен бұрын шығу бойынша жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталғаннан кейін белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарларын есептеу кезінде қолданылатын әдістеме бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зияндар басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Шегерім мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландыру шығыстары ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады.

Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

## 2.16 Кірістерді мойындау

Компания шикі мұнайды қысқа мерзімді шарттар бойынша, фрахт, сақтандыру және сапаға жеңілдіктердің құнына түзетілген Platt's баға белгілеулері бойынша айқындалатын бағалар бойынша өткізеді. Шикі мұнай іс жүзінде кеменің бортына жүктелген немесе кемеден түсірілген, келісімшарт бойынша келісілген талаптарға қарай мұнай құбырына немесе жеткізудің басқа да тетігіне түскен сәттен бастап меншік құқығының өтуі жүзеге асырылады және кірістер әдетте танылады.

Компанияның шикі мұнайды сатуға арналған келісімшарттарында белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде жеткізілуі тиіс шикі мұнайдың барынша көп көлемі көрсетіледі. Тиелген, бірақ сатып алушыға әлі жеткізілмеген шикі мұнай қаржылық жағдай туралы есепте тауар-материалдық қорлар ретінде ескеріледі.

## 2.17 Табыс салықтары

Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындарға ағымдағы табыс салығы, үстеме пайдаға салынатын салық және мерзімі ұзартылған табыс салығы жатады.

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төленуге болжанатын сома бойынша бағалана-

# 2. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

## 2.17 Табыс салықтары (жалғасы)

ды. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Компания өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Үстеме пайда салығы (ҮПС) табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Компания жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ҮПС-ты қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮСП мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салық салынатын кірістің (Корпоративтік Табыс Салығы мен рұқсат етілген баға белгілеулер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Мерзімі ұзартылған салықтар, компанияларды біріктіру болып табылмайтын және оның жасалу сәтіне бухгалтерлік кіріске немесе салықтық кіріс пен залалға ықпалын тигізбейтін мәміле бойынша гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы мойындаудың нәтижесінде мерзімі ұзартылған табыс салығының пайда болуын қоспағанда, активтер мен міндеттемелердің салық базасының және олардың қаржылық есептіліктегі баланстық сомасының арасындағы барлық уақыт айырмалары бойынша айқындалады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив тек соған қатысты есептен шығарылатын уақыт айырмалары азайтылуы мүмкін салық салынатын пайданы алудың айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер қолданысқа енгізілген немесе есепті күнге нақты заңдастырылған салық мөлшерлемелерінің негізінде активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі.

# 3. Маңызды есепті бағалаулар мен пайымдаулар

ХҚЕС-ға сәйкес қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерінің және қаржылық есептілікті дайындау күнгі шартты түрдегі активтер мен міндеттемелерге ықпал ететін бағалар мен жол берулерді, сондай-ақ есептілікте көрсетілген активтерді, міндеттемелерді, кірістерді, шығыстарды және есепті кезеңдегі шартты түрдегі активтер мен міндеттемелерді пайдалануды талап етеді. Барынша маңызды бағалаулар төменде келтірілген:

## Мұнай мен газдың қорлары

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Компанияның есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Компания Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Компания сарапшылардың болжанатын бағаларын пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды.

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады.

Компания бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Компанияның лицензиялық кезеңдерінде ұзарту және қорлардың көрсетілген мөлшерін тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығыстарға, тозу мен амортизацияға әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін және құнсыздануды қалпына келтіру индикаторы болуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің баланстық құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

## Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Компанияның негізгі құралдарды демонтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Компанияның міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Компанияның қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады.

Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын экономикалық жағынан негіздемелі түрде пайдалануды аяқтау өткенде өтелуі қажет болса, онда көрсетілген міндеттеме ұңғымаларды жою бойынша барлық шығыстарды және жабу бойынша соңғы шығыстарды қосу салдарынан едәуір өсуі

# 3. Маңызды есепті бағалаулар мен пайымдаулар (жалғасы)

## Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер (жалғасы)

еді. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Компанияның міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі.

Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін. Компания активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептейді.

Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Компания келісімшарттық аумақты қалпына келтіру бойынша міндеттемені әрбір есепті күнге қайта қарайды және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* 1 Түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Жабуға арналған келешек шығындарды бағалау кезінде елеулі бағалаулар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Компанияның бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына резервтің шамамен 37,44% және 34,23%, тиісінше, түпкілікті жабу шығындарына жатады. Компания ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларын болашақта жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына міндеттеменің баланстық құнын айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері төменде көрсетілген:

| | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|---|---|
| Кен орындарын жою резерві бойынша дисконттау мөлшерлемесі | **7,90%** | 10,00% |
| Инфляция деңгейі | **5,40%** | 5,00% |

Активтерді істен шығару бойынша міндеттемелердегі өзгерістер *10-ескертпеде* ашылған.

## Экологиялық оңалту

Компания бағалау жасайды және экологиялық оңалтуға арналған резервтерді қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпараттың және қалпына келтіру жөніндегі күтілетін жоспарлардың негізінде анықталады және басшылықтың қажетті рәсімдердің мерзімдеріне қатысты үміттеріне сүйене отырып, дисконтталған негізде ескеріледі. Компанияның экологиялық оңалту резерві Компания қолданыстағы қазақстандық нормативтік базаның талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Қоршаған ортаға эмиссия бойынша резерв жоспардан тыс екі тексерудің нәтижелері бойынша экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін айыппұлдар мен шығындарға қатысты танылды *(20-ескертпе).* Экологикалық оңалту бойынша міндеттемелердегі өзгерістер *10-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

Экологиялық оңалтуға жататын қосымша белгісіздіктер *20-ескертпеде* ашылып көрсетілген. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 10-ескертпеде ашылып көрсетілген.

## Экологиялық міндеттеме

Экологиялық міндеттеме бойынша резерв сомасы 7,90% дисконттау мөлшерлемесімен және 2023 жылға дейінгі мерзіммен 4.939.446 мың теңге мөлшерінде болжамды келешек шығыстардың келтірілген құны көрсетілген. Экологиялық міндеттемедегі өзгерістер *10-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

## Салық салу

Мерзімі ұзартылған салық корпоративтік табыс салығына («КТС») қатысты, сол сияқты үстеме пайда салығына («ҮПС») қатысты есептеледі. Мерзімі ұзартылған КТС пен ҮПС күтілетін мөлшерлемелер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға байланған активтер мен міндеттемелердегі уақыт айырмаларына есептеледі.

Мерзімі ұзартылған КТС пен ҮПС базалары 16-ескертпеде ашылып көрсетілген, салық кодексінде қабылданған, салық заңнамасының талаптары бойынша есептеледі. Салық салумен байланысты кейінгі белгісіздіктер *20-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

## Сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін несие залалдарына бағалау резерві

Компания сауда дебиторлық берешек бойынша КНЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері шығындардың пайда болуының ұқсас сипаттамаларымен (яғни, географиялық өңір, өнімнің типі, сатып алушылардың типі мен рейтингісі, аккредитивтер арқылы қамтамасыз ету және несиелік тәуекелдерді сақтандырудың басқа нысандары бойынша) түрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлем мерзімін өткізіп алу күндеріне қарай белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтері матрицасының негізінде бұрынғы кезеңдердегі дефолттардың пайда болуының байқалатын деректері жатыр. Компания болжамды ақпаратты ескере отырып несие залалда-

# 3. Маңызды есепті бағалаулар мен пайымдаулар (жалғасы)

## Сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін несие залалдарына бағалау резерві (жалғасы)

рының пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзетіп алу үшін матрицаны жаңартып отырады. Мысалға, егер келесі жылдың ішінде болжамды экономикалық талаптардың (мысалы. ЖІӨ) нашарлауы күтілетін болса, әрі ол өндірістік секторда дефолт жағдайларының ұлғаюына әкеп соқтыра алса, дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы байқалатын деректер жаңартылып отырады және болжамды бағалаудың өзгеруі сараланады.

Дефолттың тарихи байқалатын деңгейлері, болжамды экономикалық талаптар мен КНЗ арасындағы өзара байланысты бағалау едәуір есепті бағалау болып табылады. КНЗ көлемі жағдайлардағы және болжамды экономикалық талаптардағы өзгерістерге сезімтал келеді. Компанияның несие залалдарының пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптардың болжамы сатып алушының келешектегі іс жүзіндегі дефолты үшін көрнекі болып табылмауы мүмкін. Компанияның сауда дебиторлық берешегі бойынша КНЗ жөніндегі ақпарат *6-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

## Алдын ала бағалар бойынша сату

Шикі мұнайды экспортқа сату шарттарында шартта көрсетілген тиісті баға белгілеу кезеңінің (БК) соңындағы нарықтық бағаның негізінде бағаларды түзетуге мүмкіндік беретін талаптарды қамтиды. Сату бағасының түзетулері БК соңына дейін бағасы белгіленетін нарықтық бағалардың өзгеруі негізінде болады. Бұл шарттар бойынша мұндай жағдайларда өткізуден түскен түсім бастапқыда бақылау сатып алушыға өткенде танылады және форвардтық бағаның негізінде күтілетін сома бойынша бағаланады.

«KazMunayGaz Trading AG»-мен шикі мұнайды экспортқа сатуға арналған шартта шикі мұнайды өткізудің алдын ала бағалары көзделген, ал түпкі бағалар коносамент күнінен кейін 5 күн бұрын шикі мұнайдың орташа нарықтық бағалардың негізінде айқындалады.

## Қызметкерлерге сыйақы

Компания қызметкерлерге әлеуметтік төлемдерге арналған ұжымдық шартты жасады. Қызметкерлерге төлемдер басқа да ұзақ мерзімді төлемдер ретінде қарастырылады. Осы төлемдерді алу құқығы әдетте ең аз жұмыс өтілінің аяқталуына тәуелді. Осы төлемдердің күтілетін құны белгіленген төлемдері бар жоспар үшін пайдаланылатынға ұқсас есепке алу әдістемесін пайдалана отырып жұмыс өтілінің ішінде есептеледі. Мұндай сыйақылар қамтамасыз етілмеген.

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер

Мың теңгемен

осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қолжетімді өлім-жітім кестесіне негізделеді. Жалақы мөлшерінің келешек ұлғаюы инфляцияның күтілетін келешек үрдістеріне негізделеді.

2019 және 2018 жылдың 31 желтоқсанына қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелерді бағалау үшін пайдаланылған негізгі актуарлық долбарлар мынадай түрде берілген:

| Пайыздық мәнде | 2019 жыл | 2018 жыл |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | **7,90%** | 10,00% |
| Инфляция мөлшерлемесі | **5,40%** | 5,00% |
| Ұзақ мерзімді жыл сайынғы төлемдердің келешек ұлғаюы | **5,00%** | 6,00% |
| Жалақының келешек өсуі | **5,00%** | 6,00% |

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелердің орташа ұзақтығы тиісінше 6,78 және 7,44 жыл болды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердің сезімталдығын елеулі жорамалдардың өзгеруіне талдау былайша көрсетілген:

| | Азаю | Ұлғаю |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | (0,5%) | +0,5% |
| | 379.344 | (357.113) |
| Сыйақыны ұлғайту мөлшерлемесі | (0,5%) | +0,5% |
| | (356.705) | 379.684 |

## 4. Негізгі құралдар

Мың теңгемен

| | Мұнай-газ активтері | Жер | Ғимарат және құрылыс-тар | Машина-лар мен құрал-жаб-дықтар | Көлік | Өзге де активтер | Аяқтал-маған күрделі құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2018 жылғы 1 қаңтардағы қалдық құны** | 114.702.484 | 310.203 | 4.989.762 | 1.245.153 | 4.409.912 | 2.057.530 | 45.313.901 | 173.028.945 |
| Түсімдер | 31.665 | – | 16 | 33.508 | 28.923 | 13.356 | 31.996.274 | 32.103.743 |
| Активтің шығуы бойынша міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер | (22.004) | – | – | – | – | – | – | (22.004) |
| Есептен шығару | (1.438.778) | – | (27.033) | (37.672) | (116.694) | (253.438) | (559.278) | (2.432.893) |
| Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауысулар | 24.696.346 | – | 343.509 | 374.636 | 1.933.957 | 759.917 | (28.108.364) | – |
| Барлау және бағалау бойынша активтерге аударымдар | 3.084.491 | – | – | – | – | – | (10.045) | 3.074.446 |
| Аударымдар және қайта жіктеулер | (34.568) | – | 4.827 | (52.645) | 46.375 | 38.451 | (2.440) | – |
| Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану | 1.105.100 | – | 13.996 | 30.224 | 113.525 | 278.241 | 526.179 | 2.067.265 |
| (Құнсыздану) / құнсыздануды қалпына келтіру | (1.906) | – | – | – | – | – | (331.244) | (333.150) |
| Тозу бойынша шығыстар | (17.826388) | – | (295.425) | (175.917) | (880.921) | (651.510) | – | (19.830.161) |
| **2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны** | 124.296.442 | 310.203 | 5.029.652 | 1.417.287 | 5.535.077 | 2.242.547 | 48.824.983 | 187.656.191 |
| | | | | | | | | |
| Түсімдер | **513.749** | **–** | **1.502** | **5.180** | **15.395** | **207.805** | **34.139.330** | **34.882.961** |
| Активтің шығуы бойынша міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер | **6.027.852** | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **6.027.852** |
| Есептен шығару | **(2.124.640)** | **(2.990)** | **(40.804)** | **(52.262)** | **(441.633)** | **(172.505)** | **(344.660)** | **(3.179.494)** |
| Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауысулар | **63.792.271** | **–** | **69.109** | **545.767** | **1.659.782** | **829.988** | **(66.896.917)** | **–** |
| Барлау және бағалау бойынша активтерге аударымдар | **1.743.043** | **–** | **–** | **–** | **–** | **–** | **1.024.284** | **2.767.327** |
| Аударымдар және қайта жіктеулер | **(129.375)** | **–** | **50.242** | **54.916** | **21.352** | **2.865** | **–** | **–** |
| Жинақталған тозу және шығулар бойынша құнсыздану | **1.683.837** | **–** | **16.067** | **47.333** | **391.999** | **159.435** | **315.575** | **2.614.246** |
| (Құнсыздану) / құнсыздануды қалпына келтіру | **(16.287)** | **–** | **–** | **(148)** | **–** | **(4.240)** | **(148.363)** | **(169.038)** |
| Тозу бойынша шығыстар | **(24.315.456)** | **–** | **(281.251)** | **(207.121)** | **(1.085.300)** | **(472.411)** | **–** | **(26.361.539)** |
| **2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны** | **171.471.436** | **307.213** | **4.844.517** | **1.810.952** | **6.096.672** | **2.793.484** | **16.914.232** | **204.238.506** |

Мың теңгемен

| | Мұнай-газ активтері | Жер | Ғимараттар мен құрылыстар | Машиналар мен құрал-жабдықтар | Көлік | Өзге де активтер | Аяқталмаған күрделі құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2018 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | | | |
| Бастапқы құн | 240.110.278 | 310.203 | 6.625.018 | 2.314.100 | 9.501.673 | 4.178.971 | 49.496.828 | 312.537.071 |
| Жинақталған тозу | (115.699.798) | – | (1.553.387) | (896.813) | (3.966.596) | (1.936.424) | – | (124.053.018) |
| Жинақталған құнсыздану | (114.038) | – | (41.979) | – | – | – | (671.845) | (827.862) |
| **2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық құны** | 124.296.442 | 310.203 | 5.029.652 | 1.417.287 | 5.535.077 | 2.242.547 | 48.824.983 | 187.656.191 |
| **2019 жылғы 31 желтоқсанға** | | | | | | | | |
| Бастапқы құн | **309.836.997** | **307.213** | **6.734.914** | **2.940.264** | **10.757.342** | **5.040.587** | **17.418.866** | **353.036.183** |
